

821.512.122


РУХЫҢА, ДОСЫМ, БАС ИЕМІН



Қарағанды
Болашақ-Баспа
2013

РУХЫҢА, ДОСЫМ, БАС ИЕМІН

(естелік-эссе)




**Қарағанды
Болашақ-Баспа
2013**

«Рухыңа, досым, бас иемін». Жауапты редакторы

Марат Шайкин (естелік-эссе) Қарағанды: Болашақ-Баспа» РББ., 2013. - 165 бет

Жинаққа адал жар, асқар әке, қамқор аға, асыл іні, қимас дос, ең бастысы, атаның ғана емес, адамның ұлы бола білген Ахметов Марат Кеңшілікұлының отбасы мүшелері мен тіршілігінде қоян-қолтық араласқан, ағайын-туыс, дос-жарандарының естеліктері енгізілді. Әр жылдарда атқарған еңбектері мен өмір жолы шешендігі, алғырлығы сияқты жарқын қасиеттерімен ұштастырыла баяндалады.

Кітаптың тілі жатық әрі жеңіл. Ағайын-туғанға, жас ұрпаққа және азамат өмірін өнеге тұтамын деген көпшілік оқырманға арналады.



© М.Шайкин

"Болашақ-Баспа" РББ., 2013

ЕЛ ТҮТҚАСЫ

Әр елдің рухын көтеретін данасы мен дарасы, қол бастаған батыры, сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі болады. Өсер ел, өркендер жұрт ондай арыстардың өмір жолын құрмет тұтып, өнеге өрісінің ұйытқысы болып, оны ұрпақ санасына жадылауға тырысады. Ел мен жсрдің мәртебесін көтерген, мерейін өсірген сондай тұғыры биік тұлғалардан Арқа өңірі кенде де емес, кенже де емес. Тарихтың бетін парақтасаң, ғасырлар қойнауының қатпарына қадала көз жүгіртсең, елдің еңсесін биіктеткен, ауыл-аймақтың абыройын асқақтатқан жақсы-жайсандар мұнда да шоқ жұлдыздай шоғыр-шоғыр. Солардың халқымыздың алтын қайнары, бұлақ бастауы алыс ауылдардан шығып жататыны да - өзінше бір заңдылық. Осындай бір өнегелі өмірбаян иесі үлкен ауылшаруашылық ұйымдастырушысы, қажырлы қайраткер, ел мен жердің тамыршысы Марат Ахметов аға еді.

Жасөспірім шағынан-ақ ерекше зейін-зердесімен танылған балғын азамат алдындағы асқар ағаларының ақылдарын тыңдап, қамқор сезімі, ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігінен нәр алып, әрі қарай білім алуды алдына мақсат етіп қояды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығына мамандандыратын оқу орындарының бірін ойдағыдай бітіріп шығады. Содан соң бірден үлкен еңбекке араласады. Жас маман бірден жақсы қырынан танылып, алымдылығымен ел назарына ілікті. Ауыл басшыларымен тізе коса жұмыс жүргізе жүріп үлкенге іні, кішіге аға бола білді. Іскерлігінің, ерекше қарым-қабілетінің арқасында қызмет сатысында жылдам өсті. Аздаған жылдар ішінде қатардағы маманнан бір шаруашылықтың басшысы дәрежесіне дейін көтеріліп үлгерді. Содан ұзақ жылдар осы жауапты жұмысты абыроймен атқарды. Ел дәулетінің еселеп артуына есепсіз еңбек сіңірді. Халық шаруашылығының білгірі, майталмандарының біріне айналды. Ат-атағы, абырой-беделі аймақ-атырапқа кеңінен жайылды. Шаруашылық дәулетінің артуымен қатар, өзі-де сый-құрметке бөленді. Көптеген мемлекеттік марапатқа ие болды.. Ең бастысы, елінің, халқының сенімінен шығып, үлкен-үлкей биіктерге көтерілді.

Бүкіл саналы ғұмырын ат үстінде, елдің бетінде, желдің өтінде өткізгеніне қарамастан, Марат аға өнегелі отбасы иесі, ағайын-туыстың ұйытқысы да бола білді. Балалары жоғары оқу орнын бітіріп, түрлі мамандық иелері атанды. Олардың алды - бүгінде ел білетін елеуді азаматтар. Қазірде немерелерінің өзі үлкен азамат болып қалды.

Амал не, осындай өркенді өнеге иесі, аптал азаматтың ғұмыры 60 атты асқардан аспай кемел кезеңінде кілт үзілді. Ақыл-парасатымен аймаққа кеңінен белгілі болған, қапысыз қажыр-қабілетімен қалың қауымды берекелі іске ұйыта білген үлкен жүрек мезгілсіз тоқтады.

Мына жазбалар - сол аяулы тұлғаның адамшылық абзалдығын, кісілік келбетін ашып көрсетуге құрылған мүбәрәк дүниелер. Жақсы оқылады, жүрекке жылы тиеді.

Сонғы 30 шақты жыл ішінде мен де Марат ағамен жақын танысып, араласып, арамызда үлкен-кішілік, аға-інілік бір ізгі қарым-қатынас орнаған еді. Қашан да көпшіл, кішіпейіл ағаның жан тартқан ерекше бір қасиеті алғаусыз аққөңілділігі, алды кең, мені кем болмыс-бітімі еді. Әркез жылы шырай танытып, ыстық ықыласымен жаныңа шуақшапағатын төгіп тұратын. Ол кісімен дидарласу, әр түрлі тақырыпқа еркін әңгіме өрбіту бір ғанибет еді.

Жақында ағаның отбасына арнайы барып, Дәмеш апайдың амандығын сұрастырып, бүгінгі хал-күйін біліп қайттым. «Орнында бар оңалар» деген, - абзал ағаның орнын жоқтатпай, қасиетті орнына жиі дұға бағыштатып, жоғын білдірмегендей болып отыр асыл жеңгеміз. Балалары Азамат, Саламат ат үстінде, әруақты ата-балаларының, ардақты әкелерінің атына кір келтірмеуге тырысып, жар құлақтары жастық көрмей жүр.

Иә, сөз жоқ, ел еңсесі Марат аға сияқты аптал азаматтардың абырой-беделі мен биік мәртебелі. Ал асқартаулардың алыстаған сайын асқақтай беретіні сияқты, Марат Ахметұлының, өзі өмірден өтседе, ел үшін сіңірген еңбегі тарих бетінде мәңгіге таңбаланып қалғаны анық. Азамат өрісі - туған халқының тынысы. Ер тағдыры-ел тағдыры. Туған жерінің тыныс-тіршілігімен бірге жасасып өткен жайсаң жаратылыс иесі, дегдар тұлға, соңынан сонарлы із қалдырған бекзат болмыстың есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Туған халқымен бірге мәңгі жасай береді!

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
ҚРҰҒА корреспондент мүшесі

І Бөлім

БҰЛА КҮНДЕРГЕ САҒЫНЫШ

1

Патша уақыттың басқа салғанына не шара...

Бұл күндері біз де алпыс деген алпауыт жастың асқарына шығып қалыппыз. Белгілі бір шамада іңгәлап дүние есігін ашып жатқан сәби едік, енді келіп өзіміз де немере сүйген, солардың уілін тындаған, соған алданған егделікпен етенелесіп, соңымыздан ергендерге ақыл қосар қатарға ілінгендігімізді мойындай алды-артымызды екшеуге салмақ тастаппыз. Уақыттың әмірінен бәрі. Желмая жылдар шудасын желкілдете алға екпіндеп, сол екпін бізді ұршықша иіре бүгінге жеткізгенін, тіпті, ертеңге ала қашқанын сәл дамыл үстінде ғана айырғанымызға, тәубе, әйтеуір.

Иә, уақыттың салмағы ешкімді мүсіркемеген, мүсіркемейді де. Оның шырмауына бір іліксең, шымырлай ағар толқын шыр айналдыра отырып бірде шамырқантып, енді бірде шашалтып сені жағалауға лақтырып тастағанша қинаумен әлек. Шыдасаң шыдайсың, шыдамасаң-қомнан ауған жүктей орта жолда домаланып қаласың. Өйткені мына жарық дүние, шынтуайтында, сынақтар мекені. Ал сынақ барда сылтауға орын қалмайтыны-өз-өзінен анық нәрсе. Мұның өзі тіршілік дегеннің мың батпан жүк екенін айқындап тұрады. Оны көтере алар қауқар тапсаң ғана сен пенделіктің құзырынан аттап шығып, адамдықтың албарында ғұмыр кешуге мұрсат табасың. Ал басқаша жағдайда... Оның беттін аулақ қылсын, мүсәпірлік пен міскіндік белдеуінде дүниеден баз кешетінің күмәнсіз. Ендеше уақыт көшінде ездік танытпағаннан үміт күт, әлсіздікке бас ұрмағаннан айналып кет.

«Өмір - ағып жатқан өзен» дегенде, бұрынғылар өтпеліліктің өкпе қағар жүрдектігін мойындаған. Ал, «мына жалған дүние» дегенде, сол жүрдектік астарында өң мен түстің қосарланған қағидасы үзеңгі қағысатынын келер ұрпақтың санасына сіңіруге тырысқан. Бірақ соны дәл кезінде түсіне алдық па? Түсінсек, өкініш соңы өксікке, қырсық соңы қиянатқа айналатынын неге бағамдамағанбыз? Түсініксіз бір дүние, әйтеуір. Тек білетініміз-

тарп-тарп жүріс соңы тыныштыққа жүгіндіріп, мәңгілік мекен қос құлаш жерді құшақтай жығылатынымыз ғана. Оны да тым кештеу мойындайтынымыз тіршілік барысында адамдықтан гөрі пенделікті көп күйтегенімізден. Тамақ тоқ, көйлек көк болса дүние түгелдей көрініп, тыраш тірліктің соңында салпақтағанымыз біздің сана биіктігін жете бағаламағандығымыздан. Бәлкім, түйсік түп тамыры шындық шырайын ашуға сан талпынған да шығар. Әйткенмен ынсап қомағайлығы бүкіл болмысты тұмшалап, тіршілік иесін көрсоқырға айналдыратынын мойындағанымыз абзал. Сондықтан күйкілік тұрған жерде күлімсілік қоса жүретінін ерте бастан ұғынуға жақ тұрайық, ағайын. Сонда аталарымыз айтқан «мына жалған дүние» жақсылығын жайып, бұлыңғыр уақыт бұлтын ыдырата, жап-жарық ертең деген ұғым ұрпақ еншісіне бұйыраы даусыз.

Даусыздықтың және бір ақиқаты тіршілік барысында жаныңда жүрген жан досыңды бағалай білуіңнің дәрежесіне сыйымды. Сын шақта тірек болып құлатпаған, сыйлы шақта қуанышыңды бірге бөлісуге асығып, апырақтай жететін дос қадірі барлық қадірден ерекше болатынын сезінудің өзі бір ғажап дүние екенін түсінген сәтте сен алмағайыптықтың албарын кері ысырып, алтын күнге құшақ ашасың. Міне, мұның нағыз бақыт теңізін кешер ерекше кезең екені - шындық.

Алқам-салқамдықты артта қалдырып, алпыстың асқарына көтерілген шақта өз басым осындай керемет күндердің шуағына көп жылынғаныма тәубе деймін. Керегарлықтың кердеңіне тосқауыл қойып, керімсал мезгілдің шарапатын сезінуіме достарымның игі ықпал еткені мәртебемді асырғанына дән разымын. Олар болмаса, жоғарыда айтқан пенделік пешене ырзығын малданып қалуым мүмкін еді. Алайда бардың барлығы, жақсының жақсылығы ұшпаққа шығарғанына күмәнсізбін. Ләйім, бұла күндердің шарапаты жоғалмасын, ағайын! Бір алпыс емес, одан жоғарыда да сіздерге достықтың алтын көпірі үзілмесін деген тілек қосамын.

Өкініш соңы өксікке ұласатынын сөз басында тектен-тек кірістірмегенім аян. Бүгінде біздердің, қимас достардың арасында өкініш жүргені даусыз. Ол - Марат есімді досымыздың мына жалған дүниеден ертерек озуынан туындаған өкініш. Соның салдарынан өксік жайлаған көңіліміздің басылмағанына жыл толып отыр.

«Қайран, Марат!»-деп күрсінемін оңашада өзіммен- өзім қалғанда. Қимастықтың салдары. Екі езуі екі құлағының түбіне жетіп жүретін қайран құрдас дәл елу тоғыз жасында пәниден бакиға оза беріпті. «Артымда аңырап жарым, бала-шағам, сыйлас жолдастарым қалады-ау», - деп ойламаса керек. Бәлкім, ойлаған да шығар. Дегенмен Жаратқан ие бұйрығына амал жоқтығына тоқтам жасады ма екен, әйтеуір, аңдыздай шапқан уақып-екпініне енді ілеспейтінін түсінгендей соңғы демін алқына алып, артынша жарық дүниені мәңгілік каранғылыққа айырбастап кете барыгтты. Жалған-ай десеңші!

Жалған емей немене, құс келер мен құс қайтар аралықтай ғана болған қайран тірліктің кенеттен үзілгені жан қинайды. Басқаша жағдайда жүрмес пе еді арамызда әлі де болса жайраң қағып. Отырмас па еді алпыс деген асудың асқарынан айналасына жадырай қарап. Жоқ, жүрмеді де, отыра да алмады. Өйткені жазу соған жазды, бұйрық осылай түсті. Қамшының сабындай келте ғұмыр сол бұйрыққа бағыныштылығын жариялай оны арамыздан ала жөнелді. Сондықтан аңсай береміз жарқын жүзін, сондықтан сағынамыз оның әрбір қылығын. Бірақ бәрі бекершілік екенін түсінгенімізбен, оны мойындауға тағы асықпаймыз. Өйткені «жоқ» дегенге сенгіміз келмейді. «Оу, шөткебастар! Оу, жер иелері, бармысыңдар!» деп өзінің қатарластарына ат қойғыштығын қайталап, ойда-жоқта есікті ашып, үйге кіріп келердей сезінеміз.

Дегенмен сезіну бір басқада, түйсіну екінші басқа екенін ұғынатын кезіміз келген сияқты. Сезіну барысында қиялилық басымдау болса, түйсіну астарында шынайылық негізі қараңдап жататынын көңіл жарықгық әлдеқашан мойындағанымен, соның өзін жоққа шығаруға талпыныс санамызға сіңісіп алған. Әрине, бұл да - қимастықтан шоғырланған сезім. Оның енді жоғалмасы және белгілі. Олай болатыны - тәтті күндердің сарқыншағы, Мараттың қатарластары, біз үзілгенше, сақалатынына күман келтірудің өзі - ағаттық.

Қасиетті хадисте де былай айтылады ғой:

«Қайсы бір кісі көрші ауылдағы құрдасын көру үшін жолға шықса, Тәңірі оның жолына бір періштені жібереді. Ол жолаушыдан:

- Қайда бара жатырсың? - деп сұрайды.

Сонда жолаушы:

- Мына ауылдағы жолдасымды көруге барамын,-деп жауап қатады.

- Саған оның бересісі бар ма еді?-деп сұрайды періште.

-Жоқ - деп жауап қатады жолаушы, -Бірақ мен оны Тәңірі алдында досым деп білемін.

Мына сөзге қанағаттанған періште сонда:

-Мен саған Тәңірінің өзі жіберген елшімін. «Сен құрдасыңды қанша жақсы көрсең, Тәңірі сені соншалықты жақсы көреді деген сөзді айтқалы келдім», - дейді».

Иә, ақзер әлем шуағын сезінген адамзат баласы үшін тіршілік барысында сыйласаң - сыйласа алар, сырласаң - сырласа білер, сыртын ғана емес, ішін де ақтарып тастар достан қадірлі ешкім жоқ болса, міне, осындай керемет сезімді біз, аралас-құраластар, Мараттың көзі тірісінде молынан сезінген едік. Осы үшін де оның рухы алдында бас иетінімізді мойындап отырғанымыздың өзі адал досты ұмытпағандығымыздың белгісі деп түсінген жөн.

Әлі есімде, ол туған жер топырағына көшуді ұйғарғанда, мына бір жыр жолдарын түнде асығыс жазып, ертеңгісін алдына тастаған едім:

Жігітсің жұртқа сыйлы, кең етегің,

Парызды көп алдында сен өтедің.

Қатайтқан қанатыңды ұмытпассың

Сеңкібай, Жидебайлар жері екенін.

Кеттің бе үлкендерің кел дегесін,

Жоқ, әлде сағынышқа шөлдегесін?

Барасың жонышқаға айырбастап,

Арқаның жусаны мен шалкөдесін.

Құлжа ғып сені ортаға қойған едік,

Сен едің жанға серік, ойға көрік.

Елуде жиғандайсың есінді анық,

Туған жер топырағы ойға келіп.

Іліккен тәуірлердің санатына,
Достарың ырза еді Маратына.
Ауырса сауықтардан бас кішкене,
Соғатын бір үй едің ара-тұра.

Не керек, амал нешік, өкінгеннен?
Қылыққа жоқ едің-ау кекір-кердең.
Сенсіз мен жұрт көзіне көрінермін,
Бір бидай арпа ішінде секілденген.

Егізге екеуімізді ұқсатар мың,
Пұшпағын енді маған ұстатар мұң...
Не кетіп, ебіл-дебіл жүре тұғын,
Қызығын ұмытпашы қысқа таңның.

Ал енді бұрылайын Дәмешіме,
Түседі оны көрсем бәрі есіме.
Үйіне бара қалсаң күндіз түгіл,
Бар асын алға тартар сәресіде.

Келін бұл судай сіңген қайын елге.
Маратты сүйретуге дайын өрге.
Дәмештің бұл құрдасқа қожа екенін,
Әп-сәтте жіберсем бе жайып елге...

Бүгін күн айтылмаған қалмасын ой,
Ақында жүрер ылғый жалғасып ой.
Қисық жол, мұз қиядан құламауың,
Бәрі де жан жарыңның арқасы ғой.

Міне, осыны үнсіз оқып шығып, мені құшақтай алды.

- Әй, ит-ай, - деді сонсын құлағыма сыбырлай тұрып, - Дәл осылай айтарыңды біліп едім. Е, сен айтпағанда, назды маған кім айтар?! Бірақ, есінде болсын, мен әлі орталарыңа оралатын боламын. Таяққа сүйеніп қалтақ-қалтақ етер жаста шығар, бәлкім. Бәлкім, одан ертерек болар. Әйтеуір, сендерден алыста ғұмыр

кеше алмайтынымды өзім де білемін. Сонда сазайыңды тарттыратыныма илан, қу аяқ!

Достың адал көңілмен айтқан сөзіне имандай сендім. Қызықты шақтың бүткіл қуанышы мына далада өткендіктен, ол оңтүстік топырағында ұзаққа тұрақтамайтын, талайына бұйырғанды көргеннен кейін ортамызға ыржыңдай оралуға дайын тұрған. Осыған сенген көңілді жыққым келмесе де ойнай барымталап:

- Е, мені әлгінде «қу аяқ» дедің. Сонда таяққа сүйенген үш аяқтың бізге не керегі бар, ә? Одан да ит ыржыңым таусылғанда құйт ырбыңға жығыла масыл боламын десеңші? Қабылдай қойсақ... - деген едім, құрдасым көзін ажырайтты.

- Әй, сен мені, кеудеммен жер сүзсем де, қабылдауға тиіссің. Әйтпесе, құрдастық құның көк тиын екенін өзің де сезесің. Солай емес пе?

Орынды сөзге уәж таппай сәл кідіргенімде, ол қайта суырылды.

- Әп, бәрекелді! Өзім де солай ойлап едім. Қытымырлықты қайтеміз, одан да қызықты күндердің бал шырынын жоғалтпай, сағыныш жүгін арқалай жетейікте сол күнге. Қысыр сауғанмен сүтке кенелмейтінімізді екеуіміздің де біліп тұрғанымыз жеткілікті маған...

Біз құшақ айқастырдық. Сол сәтте оның жанарынан тамшы жастың үзіліп кеткенін байқап қалдым.

- Қой, жігіт адамға жылаған жараспайды,-дедім өзімше қайрат беріп. - Мынаны жұрт көрсе ұят та.

Дегенмен өзім де жетісіп тұрмаған едім. Менің сөзім Мараттың башпайынан келмеді:

- Осындайда қатын болмағаныма өкінемін, - деді ол тереңдей дыбыс қайыра.-Қатын болсам ішкі алай-түлейді жасырмай даланы басыма көтере бір жылап алар едім. Алайда, амал нешік, өйтуге қазір хақым жоқ.

Сөйтсем... Сөйтсем ол ортамызға оралар шақтың жақындығын сезіпті. Жай ғана оралмай, қадірін арттыра, бізді сағынышқа бөлей, қара жер құшағына жасырыну үшін кері қайтқан екен...

Беу, жалған-ай! Беу-беу, ұмтылсаң ұстатпас, қусаң жеткізбес, қайран дүние-ай! Сені біреулер аппақ әлем деп әспеттеуге құмар. Бірақ сен, шынында,ақзерге жатпайсың-ау деймін, өйткені ақтықтан гөрі қаралықты көбірек айшықтап, соның айналасына адамзатты үйірсектетуге құмарсың. Адам баласының қап-қара жерден шығып,

мына дүниеде аздап айналсоқтағаннан соң, қайтадан мәңгілікке ұмтылып кете баратыны сондықтан болса керек. Міне, Марат дос та бүгінде мәңгіліктің құшағында дамылдауда.

Топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, қайран, құрдас!

2

Біз 1953 жылдың, яғни, қазақтың жыл санауымен, жылан жылының тумаларымыз. Сондықтан алғаш кездескенде бір-бірімізге ысылдай қалатынымыз табиғи болмысымыздан. Дегенмен шағысқа жоқпыз, шабыстан және қашқақтай береміз, тек басқалар да жылы қабақ танытса, кердең мен кекірікті араға қоспаса. Ал, жеңемін деп желіккенді аямайтынымыз тағы бар. Ондайларға уымызды шашып тастайтынымыз - анық жағдай.

Кейде бөсіп кететініміз даусыз: «Ел басына төнген қап-қара бұлтты ыдырата туғанбыз», -деп. Бұл-халықты қанды қырғынға ұшыратқан, әсіресе қазақты қынадай қырған, тарыдай шашқан Сталинді «жұта» дүние есігін ашқандығымызды жария еткен мақтанышымыздан.

Әрине, оны біз «жұтқан» жоқпыз, ондайға қауқарымыз да жетпес еді. Алайда тарихи шындықтан ұпай жинақтап қалғымыз келеді, 1953 жылы туылғандардың басқалардан ерекшелігін осындай деректермен тұздықтау арқылы өзімізді-өзіміз әспеттеуге құмарлығымыз бізді мақтанға итермелейді.

Сөйткенмен шындықтың аты - шындық. Біз елге жаңа леп ала келген буынбыз. Тоталитарлық жүйе шідері бырт-бырт үзілмегенімен, тым қатыгездіктің айылын жияр тұста іңгәмізді жая лүние есігін ашқанбыз. Олай болса, мақтануымызға негіз мол.

Осыны Марат құрдас өзінше пайдаланып қалуға тырысатын. Тіпті, бәрін өзіне телуге ишарат таныта:

- Біз жасауын жасап алғаннан кейін, сендер туғансындар, яғни біз шығарған шындықты иеленуге атой салған ұрпақсындар, ендеше жалған атақ қуғандарсындар, - деп май айында туылған мені қағытып қалуға құмартып тұратын.

Мұндайда беріспеуге бекініп:

- Ойдойт деген, сонда дүниені құрсақта жатып-ақ жаңғыртуға амал жасаған екенсің-ау сен сабаз. Солай ма? - десем, ол және тартынбайды.

- Сондағы ойлағаным сендердің қамдарың ғой. Өз басымның жағдайын ғана күйттесем, тып-тыныш туыла салар едім ғой. Сонсын жөргегімді ептеп сулап қойып, жата берер едім шешемнің уызына жарып. Жоқ, мен аласапыранға ұмтылдым. Сендер тыныш болсын дегенімнен, - дейді бүлк етпестен.

Құрдастың сөзден ұтылмай, жөн тауып кеткеніне сүйінемін де қоямын. Бұдан әрі қарай онымен таласқым да келмейді. Өйткені үш ай үлкендігін мойындаймын.

Шынында біздің қатарларымыз үлкенді сыйлап, құрдасты қадірлеп өскен буын. Сонымен қатар әзілдің астарын түсініп, мүмкіндігінше атар әрбір таңды думанға бөлей өткізуді жақтаған ұрпақпыз. Сондықтан болса керек, біріміз екіншімізге әзіл-қалжың тастасақ, екіншіміз оны қолдай кетуге жақ тұратын едік.

Ұстанымымыз да берік. Өмір адам баласына бір-ақ рет беріледі, сондықтан оны мәнді өткізу әркімге міндет деп түсіндік. Сенің бұдан былайғы тағдырың әуелі Алланың қолында, содан кейін өз маңдайыңа жазылғанын көтере білуінде дегенді санаға түйдік. Іңгәлап жарық дүниеге шыққан күннен бастап әуелі талпынуды, кейін алашапқын жүгіруді үйренетінің бұдан былайғы жерде алашапқынға бейімделуіңнің салдары еді. Өйткені сен енді үнемі қозғалыс үстінде болуға еріктісің. Басқаша жағдайда мақсатыңа жету мүмкіндігі қайта айналып соқпайды. Соқпақ тұрмақ, қарасын көрсетпеуі әбден мүмкін деген пәлсапа жанымызды жаулады.

Тіршіліктегі алашапқын барысында пәни мен бақи арасын шиырлаған пенде баласы ақтық пен қаралықтың өткелінен де өтуге тиісті деген түйсік біздің қалғуымызға мұрсат бермеді. Күн мен түннің алмасуы қандай заңдылыққа сыйса, ақ пен қараның өлшемі де сондай заңдылық аясына сыятыны жасырын емес-ті. Сондықтан олардың қатарласа қалыптасуын қисынсыздыққа балау ақымақтық дегенді естен әсте шығармауға тырыстық. Сөйте тұра қиынға тап болғанда, бірімізді-біріміз іш тартып қалатынымыз күмәнсіз болатын. Мұндайда кәдімгідей

мұңаятынымыз, сонымен қатар жаситынымыз кәміл еді. Осынымызбен қоймай өзімізді-өзіміз жіберген қателіктерімізден ақтап алуға тырысатынымыз ешқандай қисынға келмей жататын. Мұның бәрі, әрине, әлсіздігімізден. Әлсіздік жайлаған жерде қайсарлықтың ұшығы жоғалады. Яғни пендешілік бой көтереді. Ойланар болсаң, пенделік дегенің адамдықтың қашықтан түсірілген фотосуреті сияқты. Аздап бұлыңғырлығы бар жасықтау қыры. Сондықтан оның тұтас ажары байқалмай, жарым-жартылай келбеті ғана сұлбасын жаяды. Осының салдарынан да шығар, өмірде түрлі-түсті жабуды көп жамылып, тек өлгенде ғана ақтыққа оранамыз. Мұның өзі біздің мына жалғанның жарығына азамзат болып келіп, адамзат қалпымызда пәни жалғаннан аттанып бара жатқанымызды айғақтайды.

Қазақтың біртуар ұлы, классик ақыны Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшіншісі - залымдық деп білесің», - дегенде тіршілікке пенделігіміздің басым болатынын меңзеп, содан қашық жүруді нұсқаса, қатарластарымыз осы нұсқауды өз әлінше бұлжытпағанына куәгермін.

Марат досым да тұрлаусыздықты желкен еткен тірліктен ада жүруді аңсады. Сондықтан кемістік көрсе, бетің бар, жүзің бар демей айтып тастауға әуес еді. Мұны кейде туралай түзсе, кейде әзілге сыйдыра түртініп қалатын. Міне, оның осындай мінезінен жасқанатын кейбіреулер одан қашпақ жүруге тырысатын еді.

Кеңшілікұлынан достары ғана қашпады. Еркелігін көтеріп, қалжыңын мойындап, шырын күннің шырайына шырай қосуды ғана ойлады. Бұл жағынан бізге ешкім кінә таға алмайды.

Ол ақпанда туғанын мақтаныш көретін. Жыл мезгілінің осы бір тұсымен мінезінің ұқсастығын ақын тілімен жеткізуге асығып жүретін. Бас қоса қалған жерде Ізтай ақынның тілімен сөйлеп кететіні құрдасымның ақын жандылығын танытатын.

«Мен туыппын ақпандатқан боранда,
Кім біледі, бәлкім, әлде содан ба?
Ала құйын мінезім бар ашулы,
Қапелімде басылам ба, болам ба?

Сол күйіммен өміріңе еніп ем,
Тыныштығың бұзылды бір менімен.
Күшті еді ғой мендегі зор махаббат,
Қуат алдың өзің соның лебінен.
Сүйе алмадың,
кей ашуды кешіре,
Қоштас күліп, қамығасың несіне.
Бұрқ-сарқ еткен ақ боранды күн болса,
Алғайсың тек сонда мені есіңе», - деп айхой күндердің азан-қазан шағында жұрт алдында өлең оқып кететін сәті көп еді.

Мұндайда мен күлетінмін:

- Сенде Дәмештен өзге біреу болып па еді? Мынауыңды естісе, жарың ерін бауырына алып тулап берер, - дегенді алға тарта тұқыртып алуға құлшынғанымда:

- Е-е,- дейді кәдімгідей ширатыла,-жігіт емеспіз бе! Жігіт болған соң оны-мұнылар болған шығар...

Сөйтеді де тым асып бара жатқанын мойындай өз-өзінен тығыла мырс-мырс күледі.

- Шынында, мен кішкене көтеріліңкіреп кеттім-ау деймін. Табаным жер иіскемегенін енді сезінгендеймін. Қой, жерге түсейін. Шынында түседі.

- Жан дегенде жалғыз жарға шаң жуытайын деген ойым жоқ еді, сендер ғой адамды алжастыратын. Жоқ жерден бір суыртпақ шығарып, соны ширатуға құмарсыңдар-ау бәрің де...

Бұл - орынсыз қиянаттан ақталғаны және мойындағаны, жар алдындағы адалдығы, келіншегін шексіз сүйетіні.

Екеуінің махаббаты да қызық басталған.

Алматылық Серік атты жігітпен көңіл жарастырған Торғайлық қыз Сәбила Дәмештің сыныптасы болатын. Екі құрбы жұп жазбаушы еді. Алыстағы ауылдағы құрбылық жарастық Алматының төрінде де сән-салтанатын бұзбай, жоғарғы оқу орнының қос гүліне айналған шамада - Сәбила зоотехникалық-малдәрігерлік институтының бір бозбаласымен сөз байласып, екеуара махаббат масатында құлпырып жүрген шамада - Серіктің туған күн салтанаты өтіп, соған Дәмеш те шақырылған еді. Сөйтсе, Марат та осында екен. Әуелгіде Дәмештің ештеңеге

мән бермегені анық. Студенттік өмірде талай мәрте қайталанатын бас қосулар санатында қабылдап, мына кешті өз мәнінде өткізуді ғана ойлаған қыз өлең айтқандарға қосыла ән де салды, жұрт қатарлы биледі де. Сөйтіп жүргенде өзін айналсоқтаған жігіттің иегізгі ойын түсінбестен, оған өзімсіне қарағанын әлі күнге ұмытпайды.

Танысты да.

- Марат, - деді анау күлімсірей қолын ұсынып тұрып.

- Дәмеш.

- Сіз Сәбиланың бірге өскен құрбысы екенсіз ғой?

Танысқаным өте қуаныштымын!

- Ал сіз?..

- Мен Серіктің курстасымын. Біз келешек өмірде ауылшаруашылығын көркейтеміз деп жүрген ұландармыз.

- Өте тамаша! Бәріміз ауылдан шыққанбыз. Ендеше, ауылдың көркеюіне жанымыз ашып тұрады. Халықта сөз бар ғой: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» деген. Бәлкім, озарсыздар.

- Ал сіз тарихшы болмақсыз, ә?

-Әлбетте.

- Онда тарихтың тереңін қазбалай шаршағандарыңызда, бір қойды жығып салып, ауыздарыңызды қызылға жарытсақ, озғанымыз, әрине.

- Бәрекелді! Алғанды кім жек көреді дейсің? Бір емес он қой жықсаңыз, жетер демеспіз.

- Осы айтқаныңыздан танбаңыз.

Марат әзіл-қалжыңымен жиналғандарды баурап алды. Не сөйлесе де, орынымен сөйлейді екен. Айтқандарына жастар тәнті.

Аз-кем тіл қатысқан екеуі әріде өз ауандарымен кетіскендей еді. Бірақ бұл алдамшы құбылыс болып шықты. Біршамада қайтадан бастары тоқайласа берді.

- Қыздар институтында қонақ көп болады деп естігенмін. Көңілсіз емес шығар? -деп күлді Марат сондай бір тоқайласуда.

- Шүкір. Қонақтан арылмаймыз. Жатақхана терезесінен сыртқа үңілсең, кешкісін аулада небір драмалар жүріп жатады. Тек солардың трагедияға айналмауын тілейсің.

- Әлбетте ғой. Трагедия ауылының алшақ қонғаны - жастарға нұр, әрине.

- Ал сіздерде ше?

- Бізде ме?.. Біздің аулада - тыныштық. Маңайды қызыл арайға бөлей батқан күнмен жан-жаққа тарағандардың қарасын табу мүлдем мүмкін емес.

- Араларында сіз де барсыз, әрине. Солай емес пе?

Марат мұндай сұрақты күтпеді ме, тығыла түсті. Аузына сөз түспей абдырағаны сәл салбырай қалған ерінінен байқалады. Ақсары өңіне қызыл жүгіріп өткені осы шамада. Ду етіп барып басылған өңінен аңғалдығы байқалғаны сөзсіз.

Мынаны көргенде қыздың ішкі түйсігі қылп етті. «Ұяты бар жігіт екен» деген түйін мыйын шиырлай қалды. Сонсын әуестік жеңе:

- Өзіңіз қай аймақтансыз? - деп сұраған еді, Марат тура жауаптан тайсақтағандай:

- Қыпшақ боламыз. Бейбарыс баба ұрпағымыз, - деп арқаны кеңге салып жіберді.

Сөйтсе... Сәбила мұны сыртынан сатып жіберіпті. Сатқаны ғой, сырын жігіттерге мәлім етіп қойыпты. Оңтүстік жақтың тумаларына көңіл бұрмауға уәде еткенін баса айтып, ондай жауаптан қашқақ жүрулерін нықтап сұрапты. Мараттың, егер қыз анықтайтын болса, Жамбыл өңірінде туғанын мүлдем ұмытуын қалапты. Кейіннен, Алла сәтін салып, көңіл жарастығы мәуесін жайса, шындықты айта жататынын шегелеп өтініпті. Жігіттің жорта тіл қатуы осыдан екен.

Жігіттің қыпшақ руынан шыққанын білгенде, Дәмеш шаттанып қалды.

- Ендеше, сіз маған аға боласыз. Бұдан былай панам деп ұғынамын, - деді марқайып.

- Сіз де Қыпшақ па едіңіз?

- Әлбетте. Менің Торғай өңірінен екенімді ұмытып кеттіңіз бе?

- Жоқ, ұмытпағаным аян.

- Олай болса, Қыпшақтардың сол жаққа ұйыса қоныстанғанынан да хабардар шығарсыз?

-Ептеп.

- Онда жөн басқа.

Жөннің басқалығын жігіттер кейін анықтатты. Марат Дәмешке аға бола жүріп өмірлік пана болғанын екеуара түсіністік орнап, бір-бірге сезім шуағы себелегенде дәлелдеп берді. Өмірлік серігіне айналды.

Ол да бір ұмытылмас шақ екен-ау!


Ұмытылмағаны ғой, Марат мәңгілік сапарға аттанғанда, Дамеш: «Қимаймын, қимаймын деп жүріп қиып кете бардың-ау, қайран арысым!» - деп дауыс қойғанда, қазаға жиналғандардың бәрінің көңілі босап, адал жармен бірге еңкілдеп жылағаны көз алдымда.

Иә, өтпелі ғұмырда өкініш көп болатынын көріп келеміз. Басымыздан өткеріп жүргеніміз тағы аян. Шамырқанар шақта шаншу сезініп, шарықтар тұста бұқпантайға ырық беретініміз сондықтан. Бірақ бұл-тіршілік. Тіршілік болған соң, оның ырыңдырыңы жетерлік, әрине. Тек сол алакөбеде алмағайыптықтың аңғарына түсіп кетпесек жанымызға сол - олжа.

«Бір құдірет бізді өмірге жолдайды,
Біз өмірді түсінбейміз,
Сол - қайғы.
Туа сала таудай бақыт күтеміз,
Ал, шынында, бақыт үлкен болмайды.

Лүпілдеген тамырындай шекенің,
Жеке сағат,
Жеке тәулік,
Жеке күн.
Үлгермейміз түсініп те,
Байқап та
Кейбір сәттің нағыз бақыт екенін!

Құс сияқты сезінбейтін қанатын,
Бақыт – сәби білмейтұғын әлі атын.
Бақыт!
Бақыт – ғажайып бір дәм ғана,
Сүйгеннен соң ерінінде қалатын!



Ақындардың көмейінен жыр ақса,
Кейбіреулер сөз бәйгеде жүр ақсап.
Бақыт, шіркін, асыл болса бір мысқал,
Бақыт, шіркін, уақыт болса бір-ақ сәт!

Мүмкін емес бұл өмірден иісіну.
Болу керек ән әдемі,
Күй сұлу.
Бақыт деген- бұлтты күні жадырау
Бақыт деген жұмыс болса сүйсіну!

Өмір мына - лыпып тұрған ұстара,
Өлім келсе,
Қай туысың түсті ара?!
Бар ғұмыры басқа қонған бақыттың,
Көбелектің ғұмырынан қысқарақ!

Бір құдірет бізді өмірге жолдайды,
Біз өмірді түсінбейміз,
Сол - қайғы.
Бақыт үлкен болған емес, шынында,
Ал қайғының кішкентайы болмайды!

Қазақтың біртуар ақыны Қадыр мырза-Әлінің осы өлеңін оқыған сайын мына жалғанға басқаша көзбен қарауға ден қоямын. Иә, бақыттың тұтастығын ешқандай жағдайда біз сезінбейміз. Ал қайғыға келсек... Оның мысқалдайы әсте болмаған, болмайды да. Батпан зілін төбеге төндіріп жатып алатын қайғыдан салмақты, қайғыдан ауыр ештеңе жоқ шығар.

Осының бәрін көтеретін адам, яғни біздер екеніміз даусыз. Олай болса, адам баласы жазмыш нысанасы екеніне иланыңыз, ағайын.

Иә, тіршілік дегенің - нағыз сынақ алаңы. Мұнда иі күштілер ғана, сонымен қатар жігері шарыққа жаныла-жаныла шыңдалғандар ғана арман биігіне жетуге жол таба алады. Олай болса, ұзын жолға әбден қайралып шыққан абзал.

Бұл - ертерек уақыт шамасынан жеткен әңгіме.

«Баяғыда бір мұндақ әрі іздеп бері іздеп жоғын таба алмаған соң, жаны күйзеле тұрып:

- Уа, бақ, қайдасың? Сені табанымнан таусыла іздеп таба алмадым ғой, - деп бар дауысымен айқай салыпты.

Дәл сол кезде алыстан:

- Мұндамын ғой, - деген талмаусыраған дауыс жетіпті құлағына.

Жер-дүниені шарлай табан тоздырған байғұс мынаны естігенде: «Ақылымнан адасайын деген екенмін. Мынау не жаңғырық, Құдайым-ау», - деп өз-өзінен уайымдай, ана жер, мына жерлерін шымшып байқай бастапты. Жоқ, ауысудан аман сияқты, шымшыған тұсы ауырып, кәдімгідей жандылықтың нышанын байқатып тұр. Табиғатта күнде көріп жүрген қалпынан еш өзгермеген: аспан ап-ашық, жел соғып, маңайдан шөп суылы естіледі. Сондай-ақ, ұшқан құс қона біледі, қонған құс ұша алады. Сонда ғана дыбыстың жалған еместігін ұғынып, қайта дауыстапты:

- Бар болсаң, көрінбеймісің? Қонбаймысың маған да.

Жаңғырық қайталаныпты:

- Сен мені іздеп пе едің, байғұсым?

- Қаншама жыл табанымнан таусылғаным сен үшін еді ғой.

- Кезбелікке салынғаның соның салдары болды ғой, ә...

- Басқа кімді іздеп, кімнің соңынан салпақтағандаймын.

- Ал мен осы уақыт аралығында сенің маңдайыңда отырдым ғой.

- Онда неге дыбыс салмадың?

- Сен менсінбедің. Менсінбеген соң мен өз бетіммен қалдым.

- Менсінбегенің қалай? Мен... мен...

- Сабыл, пақырым, сабыла түс. Бәлкім, сонда түсінерсің бақтың қандай болатынын.

- Сабылуын сабыламын ғой, бірақ қай тұсқа аттануым керек, соны нұсқап жіберсеңші?

Осы арада сап тынған кері дауыс қайтадан естілмей қалады. Тек, үміт үзілді-ау деген шамада жаңғырық шығады:

- Мен әр кезде жаныңда жүремін. Тек оны көрер көз, түйсінер түйсік берсін.

Осыдан кейін бәріне өзінше жорамал жасаған байғұс кезбелікті доғарып, үй-жай тұрғызып, үйлі-баранды атаныпты. Жерге кетпен салған сайын, бақшасы өніп, көңіл бөлген сайын, қойы егіздеп туып, шаруасы дөңгеленіп жүре беріпті. Шаңырақтан сәби даусы естілген сайын, жаны жадырап, әйелінің ыстық ықыласы жүрегін еліктірсе, көрші-қолаңмен жарасымды қарым-қатынас сыйға бөлеп, кәдімгідей мәртебелі тұлғаға айналыпты. Дәл сол кезде өзінің бұрынғы қылығына күйінген жан:

- Бақты басқа жақтан іздеген мен нағыз ақымақ екенмін, - деп өзінің ағат қылығын мойындаған екен».

Иә, бақ пен бақытты алыстан іздеу алаңғасардың еншісіндегі далбасалық екенін біздің де мойындағанымыз дұрыс. Ол үнемі қасында болады. Тек оны түсінер сана, ұстап тұрар қажыр берсін деп тілеген абзал.

Марат пен Дәмеш те қолға қонар бақыт пен бақты ұшырып алудан жасқанып, 1976 жылы үйленді. Сөйтіп, оңтүстік жігітін көңілі қаламайтын қыз сол оңтүстікке келін болып түсті. Онда Марат Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын ойдағыдай бітіріп, алыс шаруашылыққа, яғни Сарыарқа жаққа жолдама алған еді де, Дәмеш жоғарғы оқу орнының соңғы курсында оқып жүрген-ді.

Бірақ бұл жағдай шаңырақ көтеруге ешқандай кері әсерін тигізген жоқ. Бұдан былайғы жерде бірі жұмысын жасап, екіншісі оқуын жалғастырып, жас отбасы тіршілік күйбеңін одан әрмен нықтауға ынта қойған. Сабақ аралық демалыста Дәмеш ата-ене шаңырағына асықса, Марат та қолы қалт еткенде Жамбыл жаққа аттанып кете баратын. Сөйтіп, сағынысқан жүректердің мауқын басқан екеу келер жылдың тезірек келуін тағатсыздана күткен қалыптарында екі жаққа аттанып бара жататын.

Ақыры келер жыл да қарасын көрсетті. Дәмеш оқуын ойдағыдай тәмамдап шықты. Күректей дипломмен бірге алтын асықтай тұңғыштарын дүниеге әкелді. Бұдан асқан қуаныш болмас мына жалғанда!

Қызығының өзі сонда, енді Дәмеш Сарыарқа жаққа жетуге асықпады. Жөргектегі сәби иісіне елігіп, оның үстіне ата мен енеге бас-көз болған қалпында жылы орнын суытпауды ойлап, Шу маңында қала берді. Ерінің бірлі-екілі қыңқылына құлақ аспағаны былай тұрып, оның кері оралуын күткені айдан анық.

Енесі Зылия да келіні мен немересіне бауыр басып қалған ба, ол да ұлдың қайтуына құлықты. Ойын үйдегілер бас қосқанда, дастархан басында, шым-шымдап шығарып қояды.

- Ана Марат сыртта жүре бере ме? Әкесі болып айтпайсың ба мұнда да маман керек екенін, - деп шалына шүйлігіп қалады.

Кеңкең мынаны естігенде мырс етеді.

- Сен шешесі емеспісің, өзің неге айтпайсың?

-Е, ұл әкеден аспаған. Еңдеше, сенің құлақ қағыс еткенің жөн шығар.

Кеңшілік ақсақал бәйбішесімен сөз таластырмайды, шайын ішкен соң кесесін былай ысырып, өз ойымен әлектенгендей кері шегініп отырады.

Бұл - әрине, Зылия шешейге жақпайтын әрекет. Сондықтан әлгі ойды қазбалай түсуге жақ.

- Аумалы-төкпелі жасқа үлкеннің ақыл қосуының айыбы жоқ, - дейді ол басталған сөзді жалғастыра, - Қисындыға қиқар ғана теріс қарар. Ал Марат ақылды бала ғой, түсінер жағдайды.

Енді Кеңкең кеуде көтереді.

- Баланды ақылды деп отырсың. Ақылдыға алты жерден айқайласаң, дегенінен қайтар... Одан да тыныш отырғанымыз абзал, бәйбіше. Шүкір, өзіміз де соқа бас емеспіз. Қалған балаларымыздың қызығын қызықтай берейік. Ал Марат еркіндігін жоғалтпасын. Күндердің күнінде, есті бала ғой, бір жерден шығар, айналайын.

Мынаны естігенде Зылия шешей «сенген қойым сен болсаң...» дегенді меңзей қайтадан кеседегі шайын сораптауға көшеді.

Екеуі - тоғыз бала тәрбиелеп өсірген ата-ана. Төрт ұл, бес қыз мына құт қонған шаңырақтан түлегендер. Марат - соның ішінде төртінші бала. Кеңшілік әкенің арқаны кеңге салатыны сондықтан. Ол әр баланың өз орны болады, сол орындарына лайықты іс-әрекет жасап, өз несібелерінен қағылмасын дегенді ұстана, әрқайсының жеке тіршілігіне араласпауға тырысады. Әрине, біреуі болмаса

біреуі қиыстай салса, амал басқа. Онда ақылын айтып, тіпті жөн сілтеуге кет әрі емес. Дегенмен, туғандардың ішінде әзірге «әй» дегізері болмай тұрғанда шүкіршілікке жүгініп, олардың тілеуін тілеуді жөн тапқан соң тыныштықта отырғанды құт санағаны белгілі. Ең бастысы - балалары ұятқа жүгінген. Ал ұяты бардың бұраң тірлікке аттап қадам баспайтыны - өз-өзінен анық жай.

Өзі күнде көз жүгіртетін, көңілге түйетін Құран Кәрімде де, хадисте де осылай айтылады.

«Хазрет пайғамбар ғалайһиссаламмен бірге едік, - делінеді хадиске жүгінсе, Құрре Ибн Бяс разиаллаһу ғанһұдан айтылымында. - Пайғамбардың жанында ұяттан сөз болды. Сонда сахабалар:

- Я, расулалла! Ұят діннен бе? - деп сұрады.

Хазрет пайғамбар:

- Әрине, - деп жауап қатты, - тіпті ол діннің тамамы. Ұят деген нәрсе - харамнан сақтану, жүрекке ие бола алмаса да тілге ие болу (ауыз бағу), абырой қорғау (зинадан сақтану) - иманнан. Бұлар ахыретте сауапты арттырады, дүниелікті азайтады. Бірақ, ахыреттен арттырғандары дүниеден азайтқандарынан көп. Расында, сарандық, нашарлық нифақтан (екі беткейліктен) болып, бұлар дүниелікті арттырып, ахыреттік нәрселерді кемітеді. Сондай-ақ, ахыреттен азайтқан нәрселері дүниеден арттырған нәрселерінен көп. Қорытып айтқанда, ұятсыздық, арсыздық, сарандық сияқтылар дүниелік тұрғыда іске жараса да, ахыреттік тұрғысынан іске жарамайды».

Міне, осыған сенген отағасының әзірге жаны жай, көңілі орнықты.

Солай бола тұра күндердің күнінде оның Дәмеш келінін әңгімеге тартқаны аян.

Бірде Дәмеш сәбиінің түнде суланған жаялықтарын жуып, оны далаға жайып, ішке өткенінде, төргі бөлмеде жападан-жалғыз отырған атасы дыбыс салды:

- Дәмешжан, бұл сенбісің, бері келіп кетші?

Барғанында «отыр» дегенді ишарамен жеткізе сәл бөгеліс тапты. Сонсын келіні креслоға жайғасқанда, сөзін бастады:

- Жағдайың қалай, шырағым? Кішкентайың мазалап жүрген жоқ па?

Тыныш сияқты. Ұйқысы да қанық.

- Е, балаға керегі - қорек пен ұйқы ғой. Екеуі жеткілікті болса, қам жоқ.

Кеңкеңнің білмегі де, айтпағы да бұл емес, басқа, әрине. Бірақ "ұзын арқан, кең тұсауға» салып, негізгі әңгімені қалай бастарын білмегендей абдыраңқырап отырған жайы бар.

Бұл да ұзаққа созылмады, бір қайырымда шым-шымдап ой қайырып, айқындыққа қарай ойыса берді.

Иә, Мараттан не хабарың бар?

Кеше телефон арқылы сөйлескенмін, дін аман екен.

Амандыққа ештеңе жетпейді. Жөн-ақ. Бірақ жағдайы қалай, айтпады ма?

Жағдайы жаман емес секілді. Жұмысын атқарып жүріп жатқан көрінеді.

- Секілді дейсің, ә?..

Ол ыңырана екінші жамбасына аударылып отырды.

- Бәлкім, жаман да болмас, ит біліп пе, желең жүргендерді...

Мына сөз Дәмештің жүрегіне оқ болып қадалғандай. Жан-дүниесін әп-сәтте жалын жайлап өтіп, ішінде қызғаныштың қызыл иті ұлып шыға келгенге ұқсайды.

Ол атасына жапақ-жапақ қарағыштағанымен, тұрып кетудің амалын таппағандай қипыжықтады да қалды.

Кеңкең тыныш. Ештеңе айтпағандай, ештеңені тұспалдамағандай, өз ойымен өзі болып кеткен. Осыған шыдамаған Дәмеш:

- Кішкентай жылап қалар, - деп ескерткен еді, атасы мән бермеді. Сол қалпында:

- Шырағым, ойланғайсың, - деді сабырлы сөйлейтін әдетінен жаңылмай, - Біле білсең, Марат жердің түбіне кеткен жоқ, өз атамекеніне барды. Мына менің ата қонысымда жүр. Жүрген жолына іштей сәттілік тілеп отыратыным сондықтан. Бұл - біріншіден ескертпегім, ал екіншіден айтарым: жер дөңгелек болғанымен, оның қыртысты келетінін ұмытпағайсың. Қыртысты келгендіктен, онда адамдар сүрініп те жатады...

Дәмеш таң. Атасы мұнымен не айтпақшы? Тіпті жұмбақтап кетті ғой.

Әрі ойлап бері ойлап,түбіне жетпеген соң,сөз соңын күтуге шешті. Кеңкең болса, түйінді шешіп тастауға асығар емес. Қолына түскен әлденендей затты алақанында айналдырып, соның қызығын бағып қалғандай.

Әндем шамада ғана ол қайта тілге келді:

- Шырағым, қолға келін түсіріп, немере сүйіп көңіл жайланған шамада бәрін көзден бұл-бұл ұшыру бізге оңай соқпасын өзің біліп отырған шығарсың. Немеренің уіліне құлағымыз үйреніп қалыпты, естілмесе, елеңдеп отырамыз. Бірақ бір шамадағы қызықтан гөрі өмірлік қызық әлде қайда тиімді екенін де ұққайсың. Ата-ене қас-қағымға, күйеу бүткіл ғұмырға бұйырады, айналайын. Ендеше, кемпір-шалға алаңдаймын деп жүріп күйеуіңнен айырылып қалмағайсың. Айтпағым - осы ғана. Енді бара бер.

«Ата мен ене жанында боламын, келгісі келсе Мараттың өзі келсін» деген көңіл мына сөзден соң бұлқан-талқан.

Ақыры Дәмеш келін болып түскен қара шаңырағын қимаса да көзін жасқа бұлай-бұлай күйеуінің соңынан бұрын атын естіп білмеген жағына қарай аттануға мәжбүр болды. Қолында алты айлық баласы бар келіншек көп уақыт өтпей Шет ауданының топырағын басып тұрған-ды.

4

Атасының:«Біле білсең,Марат жердің түбіне кеткен жоқ, өз атамекеніне барды.Мына менің ата қонысымда жүр»,-дегенінің байыбын Дәмеш кейіннен түсінді.

Бұл жағдайдың мәнісін ашу үшін Мараттың бүгінде көзі бар шешесі - Зылия бәйбішенің әңгімесіне сүйенейік.

Ол кезең есіне түскенде, Зылия шешеміз көзіне жас алмай тынбайды. Жаны нешеме құбылып, өрекіген көңілдің толқынын баса алмай бірнеше мәрте орынынан тұрып кеткенін көрдік. Бұл бір тағдырға ғана бұйырған ырду-дырду емес, барша қазақтың басына қонған нәубет еді. Сондықтан әңгімеге еш қоспа қоспай, ол кісінің айтқанын сол айтылған қалпында жеткізуді жөн санап отырмыз. Құлақ түріңіздер.

- Е,балалар, несін айтасыңдар, тарыдай шашылған қазақ жан сақтау үшін қайда бармаған, - деп бастады Зылия кейуана сөзін. - Өзбекті де, Тәжікті де, одан әрі Иран елін де паналауға мәжбүр болдық қой. Бәрі бір үзім нан үшін, бәрі - өзекті жалғар нәпақа табу үшін, сөйтіп тірі қалу үшін жасалған әрекеттер.

Менің түп-тамырым Жаңаарқа жерінде жатыр. Соны мекен еткен Тарақты руының бір бұтағынан шыққанмын. Әкем төрт ағайынды еді. Есімдері жадымда: Құлжабай, Шақым, Айтмағанбет, Шәймерден. Соңғысы - туған әкем.

Нәубет басталған шамада босқан елмен бірге біз де кете барыппыз басымыз ауған жаққа. Әбүйір бергенде, түйеміз болыпты. Соған аз-маз жүгін артқан ағайындылар жан сауғалаудың қамымен ең әуелі Өзбекстанға, сонсын Түркіменстанға өтіпті.

«Өтіпті». Айтылуға ғана жеңіл сөз. «Өтіпті» дей саласың еш қиналмай. Шын мәнісінде, оның астарында қилы тағдырлар, көл боп аққан көз жасы, жолда көмусіз қалған сансыз мүрделер жатқан жоқ па? Аштық бір басқа, ит-құстың жемсауында кеткендер қаншама! Олардың обалын кімнен сұрағандайсың?

Тіршілігінде кеудесі басылмаған, намысы тапталмаған, арыны тау қопарар қазақтың тіленші атанғанын көрудің өзі бір қиямет еді. Амал нешік, көрдік бәрін де. Тіпті, нан табу үшін қызын басқа ұлт өкіліне күйеуге бергендер де жетерлік. Бәрі - тірі қалудың амалынан туындаған жағдайлар ғой...

«Өтіпті». «Өтіпті» дейміз бүгінде, бәрі дем ішінде болғандай, немесе қыдырыстап қайтуға кеткендердің барар жеріне аман-есен жеткенін танытқандай. Тіпті, шімірікпейміз де қалың елдің тағдырын бір ауыз сөзге сыйдыра салғанымызға. Алайда оның салдарында көп сыр жатады, айналайындар. Миллиондаған қыршынынан қиылған ғұмыр, миллиондаған алынбаған арман, гүл жармаған махаббат, олай болса, өмір есігін ашпаған миллиондаған шараналар... Міне, мұның бәрі осы «өтіптінің» салмағын арттыратыны анық.

Сонымен, не керек, Түркіменстанға келгенде, біздің де қатарымыз сиреп қалған еді. Жолай және осы маңда әкелеріміздің бәрін жер қойнына тапсырдық. Туған шешем де қайтыс болды. Енді мен бір

шешеміз Кәкеннің қарауында қалдым. Оның үш қызына төртінші боп қосылып, бес мұңлық жан бағудың қамына кірістік.

Түркіменстанның Мұхри деп аталатын станциясында завод ашылып, жан-жақтан жиналған қазақтар соған жұмысқа кіре бастады. Мұнда сәл де болса адам қатарына қосылып қалғанымызды жасырмаймыз. Босқындарға арналған қостар орнатылып, аш-жалаңаштарға нан беріле бастады. Жан басына шаққанда, көп мөлшерде емес, әрине. Дегенмен соның өзі жұмырымызға жүк еді. Қара сумен жеген нанның тәттілігін мен осы жерде сезіндім.

Дәл сол шамада сонау Қазақстаннан келген, Тарақты руынан тараған рулас апайымыздың шығарған өлеңі тұрғындар арасына тез тарап, олардың көзіне жас ұялатқанының куәгерімін.

Бұл - елге, жерге деген сағыныш жыры болатын. Арада қаншама жылдар өткендіктен, ұзын-ырғақты толғаудын басым көпшілігін ұмытып қалыппын. Сөйткенмен, жадыдан өшпеген жалғыз шумағы былай келетін:

«Тайатқан тау шетінде шұнақ қалды,
Сай-сайда ағып жатқан бұлақ қалды.
Наны көп өзбектерге келемін деп,
Артымда көп туысқан жылап қалды»...

Дәл осы өлеңді бастары қосыла қалғанда қазақтар қайта-қайта айтатын. Айта отырып көздерінен тарам-тарам жас аға жылап отыратын. Тіпті жоқтау мен сыңсымаға айналдырып алғандары да бар-тын. Жіңішкелей созылып, арасына өксік қосылған шамада нағыз жан суырар, жүрек сыздатар әуенге айналып шыға келгені - шыңдық.

Туған жерден жырақ кеткен кезде маған тіршілік осымен доғарылғандай көрінген. Сөйтсем, оның дүбірі ешқандай уақытта, ешқандай жағдайда тоқтамайды екен ғой. Мұхриде қарын сәл де болса тойынғаннан кейін жұрт кәдімгідей бір-бірімен араласып, бірімен екіншісі қауқылдасып, қалыпты өмір орнағандай әсерге бөлендім. Ересектер ертелі-кеш жұмыс басында. Бұғанасы қатпағандар да күйбең тірліктің құзырында, қала берді тұлымшағы желбірегендер де тұрмыс машақатын бір сәт ұмытпағандықтан қыбыр-жыбырдың соңында, әйтеуір айналада

қайнаған тіршілік. Ал қолдары қалт еткенде әңгіме-дүкен жалғасып мәре-сәреміз.

Сондай күндердің бірінде, кейіннен танысқан Бөпе деген әйел Кәкен шешеммен бас қоса қалғанда, әлденендей сыр ұшығын сыбызғылай шығарып тастады.

- Алмағайып дүниенің ащысын да, тұщысын да сен екеуіміз көріп бақтық. Құдайға шүкір, ажал келмегесін, әлі дүбірден қалмай келеміз. Қалмай-ақ қояйық. Балаларды жетілдіріп, солардың қызығын көрсек арман бар ма! Мен саған бір ұсыныс жасағым келіп отыр отыр. Сенде қыз бар, менде ұл бар дегендейін, осылардың біріге шаңырақ көтеріп, адам боп кеткенін тілесек, бұған қалай қарар едің?

Кәкен шешем ойланып біраз бөгелді. Сонсын:

- Олар әлі тым жас емес пе? -деп сұраққа сұрақпен жауап қатты.

Бөпе шегінетін емес, өзінің Арқадан шыққанын міндетсіне Көкен шешеме салмақ салуға тырысады:

- Қыз баланың жат жұрттық екені әу бастан аян. Мына сүрлігісте қазақ емес, өзгенің отын жаққандарымыз жеткілікті. Оны мына шыққыр көз талай көргені сөзсіз. Сен де көрудей-ақ көріп бақтың. Ендеше несіне бір-бірімізден тарыламыз. Балалар бүгін жас болса, ертең жетіледі. Жылт еткеннің жалтырап шығатыны белгілі. Сол жалтыраған шағында баламыз басқаға қолды болмасын деген ниет қой менікі.

Шешем кәдімгідей ойланады. Айтып отырғаны орынды. Оны өз басынан да өткерген. Бір қызын сол жердегі ауылдық кеңесте істейтін өзбекке шарасыздықтан ұзатқан. Бәрі аш қалмаудың амалынан, біздің, яғни қалған қыздардың, бір түйір нан болса да артық жеуін көксегенінен. Міне, осыны тап басқан Бөпе Кәкеннің жанды жерінен ұстағандай.

- Ниетіңе қарсы емеспін. Күн бүгінімен тұрмас, ертең қайта бұлт астынан шығар. Сонда елге төрт көз түгел қайту үшін бұл ардың маңымда жүргені керек қой. Сонда кімге ен салмақсың? Көксегенің қайсы? Біліп жүргенім керек те...

Енді анау қиналғандай күрсініп қалды.

- Шынымды айтсам, мына келісімде көздегенім бар-ды. Ол - анау шашы жалбыраған аққұба қызың. Есімі кім еді?

- Зылия ма?

- Тап соның өзі. Пысық бала екен. Көптен көкейімді тесіп жүрген. Құда түсіп, сөз байласып қояды ертеден ойлағанмын. Өйткенмен сәті бүгін түскендей. Менің Кеңшілігімнің нағыз серігі болатынына көңілім сенеді.

- Бәрекедді! Сен ертеңді де болжап қойғаннан саумысың өзі?!

- Е, бәрі сол ертеңнің қамы емес пе! Сонымен, «уәде - Құдай аты деген» бар, қол алысып, дұға қайырысамыз ба?

- Адал ниетке кім араша тұрғандай, келісемін де. Бұл өзі қайынымның баласы еді. Қайын мен абысын қайтқан соң жетімдікке ұшырамасын деп бауырыма басқанмын. Ендеше мұның жауапкершілік салмағы басқа қыздарыма қарағанда екі есе жоғары, міндеті бес есе ауыр. Сондықтан басқаға басқа тағдыр бұйырса да Зылияның елге оралғанын тілеп жүрген жанмын. Тек елге бірге жетеміз деген сөз берсең қолым міне!

Олар қол алысып жатқанда, мына әңгімеге сырттай куәгер болған мен оның байыбына бара алмаппын. Кеңшілікті сыртынан танимын, әрине. Мұрты тебіндеп қалған бозбала. Анда-санда қосын арасында ұшырасатынымыз бар. Бірақ ол маған аға ретінде ғана қарайды. Қамқорсып жүргені. Өйткені арамызда тоғыз жас айырма бар ғой.

Әлі есімде, бірде ол сырттан қуанып келді.

«Әлі жассың» деп жұмысқа ешкімнің алмай жүрген шағы емес пе. Орта жолда бір орысқа кездесіпті. Ол әлденендей жұмыстармен айналыса отырып, жанынан өтіп бара жатқан Кеңшілікке:

- Әй, кім де болсаң ана сәкіде тұрған құмырадағы суды алып берші! Тіпті, ауызым құрғап қалды?-деп сұраныс жасапты.

Кімнің де көңілін қалдырмауға әдет алған балаң жас ананың тілегін сол арада орындапты.

Суын ішіп, шөлін басқан орыс сонда балғын жасқа назар аудара:

- Есімің кім? - деп сұрапты.

-Кеңшілік.

- Кеңшілік? Жақсы, - депті өз-өзінен мағұрлана. - Иә, қайда жұмыс істейсің?

Бұл күмілжіпті.

Ешқайда. Жасың жетпейді деп ешкім жұмысқа алғысы келмейді.

Орыс одырая қарапты.

-Жасың жетпегені қалай? Соқталдай азаматсың. Бұлай екі қолыңды қусырып жүре бергенің жараспайды. Сенің жасыңда біз революция жасағанбыз. Вот так, бала!

Осылай депті де, құрыс-тырысын жазбаққа керіліп-созылып алыпты.

- Есегің бар ма өзіңнің? - деп сұрапты сонсын.

- Бар, - деп міңгірлепті Кеңшілік.

- Ендеше, жұмысқа шығасың.

Артынша Кеңшілік Тәжікстанға қарай салынып жатқан жол құрылысына кірікті. Онда біршама уақыт жүргеннен кейін және бір таныс жанның пайдасы тиді.

Бірде ол шақырып алып:

-Тәк, сен былай істе. Ертең ертемен осындағы депоға кел. Одан мені тауып ал. Түсіндің бе? - дейді өзімсіне.

Кеңшілік басын изейді.

- Қалған әңгімені содан кейін жалғастырармыз. Бірақ, кешікпегейсің. Қазір уақыт алтынан да қымбат екенін білерсің.

Ертеңіне ол депоға барады. Әлгі кісіні тауып алады.

- Ә, келдің бе? Қазір мен бастыққа кіріп шығайын, тоса тұр, - деп анау жоғары жақтағы бір қуысқа кіріп кетіп, көп ұзамай қайта шығады.

- Шұрқ етпегейсің! Қазір сені жұмысқа қабылдайды. Маған көмекші болып кіресің. Әй, өзіңде көмір күрер әл бар ма өзі?

Қуақылана жымияды. Сонсын:

- Ойнап айтамын, - дейді ыржиып, - Ет жеген қазақтарда күш болмағанда, шөп жеген басқаларда ол қайдан болсын. Мен саған сенемін.

Кеңшілік, сөйтіп, мамандық тұтқасын ұстады. Кәдімгі паровозға көмір жағушы міндетіне кірісті. Бағыттары - Отар мен Шудың арасы. Бірде әрі тартса, енді бірде бері тартып бара жатады.

Алғашында мына жұмыс ол үшін ауыр тигені сөзсіз. Салдырап қайтатын. Айналасындағылармен әңгімелесуге құлық танытпай, шаршағандықтан тұрған жеріне құлай кетуге ықтиярлылық байқататын. Бірақ бойдағы намыс жығылуға жібермегені анық.

Құр сүлдерін сүйрете жүріп, ақыры бәріне көндікті. Сөйтіп, теміржол жұмысшысы атанып шыға келді.

Бұл оқиғалар менің баяндауымда үстірттікке құрылғаны анық. Себебі арада талай жылдар батпаны жатқаны анық-ты. Талай мәрте су аққан, талай мәрте қар түскен, ол талай мәрте еріп кеткен, есек мінген мен паровозға отыру арасында. Біз де бұл шамада бір орынды шиырламай, уақыт тегеурінімен есейіп қалғанбыз. Кәдімгі ересектер қатарына қосылғанбыз. Біріміз әке, екіншіміз ана атанғанбыз.

Әсіресе есте қалғаны - біздің жолымыздың екіге айырылуы. Кәкен шешем Семей жақтң тумасына екінші қайтара тұрмысқа шықты да, біз Қазақстанға оралуға мәжбүр болдық. Бірақ, бұл көпке бармады. Ондағы тұрмыс ауырлығы, жағдайдың қиындығы қайтадан шетке кетуімізге себепші болды.

Оралғанымызда, баяғы Бөпе шешеміз құшақ жая қарсы алды. Ол Кәкен құлағына өткендегі уәде барысын құя жүріп, ақыры мені үйіне келін етіп түсіріп алды.

Бұл-1941 жылдың жаз маусымында өткен жағдай. Ал, үйленгенімізге он күн толғанда, соғыс басталғаны туралы суық хабар жүрегімізді қан жылатты. Дәл сол мезгілде менің ғана емес, барша халықтың жүрегі қан жылағаны сөзсіз.

Енді елден түнде ұйқы, күндіз күлкі жоғалған. Қайда барсаң да, кіммен кездессең де еститінің - бір ауыз суық хабар. Жүздері солғын, түстері қашқан бәрінің. Тіпті, ашық әңгімеге жоқ, адамнан адам қашып, адамнан адам безінген аласапыран шама бір.

Таң атқаннан жұрттың торуылдайтындары-әскери комиссариат маңы. Әскери сапқа жарап, соғысқа аттанып бара жатқандардың соңынан шыққан сай-сүйегінді сырқыратар дауыстардан айнала жаңғырығады.

Көп өтпей бізге де кезек жетті. Ертеңге Кеңшілік комиссариатқа шақырылған. Енем Бөпе Қауаққызы мұны естігенде қос ортасында талықсып құлап түсті. Менде де ес жоқ. Не істерімді білмей біресе енеме, біресе күйеуіме қарай жүгіремін.

Кеңшілік сабырлы сияқты. Әлде бізді одан әрмен қажытпайын деп ойлай ма, әйтеуір ,сырт көзге түс алдырмауға бекінген сыңайы

байқалады. Әйтпесе оның да екі жақты екені айдан анық. Біресе шешесіне күш беруге тырысса, біресе мені өбектеуге асық.

Төсекке құлағанымызда ерім:

- Зылия, - деді баяу дыбыстап.

- Әу.

- Есің бар жансың ғой, ең бірінші сен қайратқа жүгінші. Енді мына шаңыраққа, мен оралғанша, сен иесің. Сондықтан басқаларға бас-көз болғайсың.

Не деп жауап қайтарарымды білмей далмын. Көзімнен аққан жасқа ие болар жігер таппағанда, шаңыраққа иелік маған қалай бұйырады?

- Зылия, тыңдашы, - деп сыбырлайды ерім, - сен ештеңеден қорықпа, мен әлі тірі ораламын. Сонда үлде мен бұлде табаныңның астында жатады. Біз шат-шадыман тірлік кешетін боламыз.

Ашуым басыма тепті. Мынау не сөзі? Адам шыбын жанын қоярға жер таппай аласұрып жатқанда, үлде мен бұлдесі несі?

- Маған ештеңенің керегі жоқ. Тек сен қасымда бол, - деймін өксік буып.

- Е, болмағанда қайда барамын... Мына от-жалын басылсын, әріде жаныңнан бір елі шықпауға уәде етемін.

Ерімнің жауабына жүрегім елжірейді. Сағымға алданғанымды өзім де байқамай қаламын.

- Алдамайсың ғой, тірі ораласың ғой, ә? - деп сұраймын, құлды бар шешу Кеңшіліктің қолында тұрғандай екіленіп.

Күйеуім мырс етеді.

- Сені күні бүгінге шейін алдап көрдім бе? Жоқ, айтшы, алдаған жерім бар ма?

- Жоқ.

- Ендеше, айтқаныма илан.

Иланамын. Бәлен жыл бірге тұрып, оның қыр-сырына қаныққан жандай сенемін. Мұндай да болады екен-ау...

Осылайша ұйықтамастан таңды атырдық. Таң аппақ болып атқан шақта біз әлі күбірлесіп жатқанбыз. Сонсын басқалардың қимыл-қозғалысын олай-былай жүрген аяқ тықырынан сезініп, орнымыздан көтерілдік.

Мұндайда адамға қайбір ас батқандай,сөйткенмен ергеңгілік шайымызды ішіп,ауылдың бір басына орныққан комиссариатқа қарай беттеп келеміз. Енем өксікпен бірге жалын құсады.«Ы-ы-ы...»-одан құлаққа жетер бар дыбыс-осы ғана.Тіл-аузы байланып қалған сияқты.

Комиссариат маңы ию-қию. Жылаған әйелдер даусынан құлақ тұнады. Оларға біз де қосылып кеттік.

Әскерилердің жүзі сұсты. Әйелмісің, баламысың - қарамайды, жолына тұрсаң - қағып тастайды. Әне, Кеңшілік комиссариатты қоршаған темір шарбақтың арғы жағына кіріп кетті. Жаратқан ием, өзің жар болғайсың!

Құдайға құлшылық ете күбір-күбір етемін. Аузым өзім білетін дұғалардан босамайды.

Жар болды. Кеңшілік шарбақтың есігінен ыржиып шықты. Екі езуі екі құлақтың түбіне ілініп қалғандай. Жан-жағынан қаумалап алған жұртқа риясыз қарайды.

Жиналғандар шу-шу етіседі.

- Иә, не айтты?

- Қашан әкетеміз деді?

- Жолай қарындарың ашып қалмасын, мына дорбаны іле кетші, айналайын. Кейіннен менің баламның қолына ұстатарсың. Оны сен танысың...

- Менің... менің баламды көрдің бе? Ол қазір қайда?

- Қайда барсаңдар да, аман оралғайсыңдар! Тілегіміз сендердің үстерінде. Бізге амандықтарың - олжа, айналайындар!

Кеңшілікті әп-сәтге есірік шалғандай. Ол маңайдағылардың бәрін құшақтауға жанталасады.

Жолдағыларды киіп-жара жеткен де, мені қаңбақ құрлы көрмей көтеріп алып, шырқөбелек айналдыра жөнелді.

- Мені қалдырды! Естимісің, мені әскерге алмайтын болды! Теміржолшыларға арнайы бронь бар екен. Мен соған ілігіппін!

Дүние шыр айналып қоя берді. Ерімнің бір сөзін естісем, бір сөзін еститін мұршам жоқ. Аңырай жеткен енеме қарамастан күйеуімнің мойнынан тас қып құшақтап алғанмын. Жайшылықтағы ұят-аят сандырағы санын соға шалғайға жасырынғанға ұқсайды. Бұдан өткен қуаныш болмас жаңа түскен келін үшін.

Жұрт таң-тамаша. «Теміржолшыларға бронь бар екен». Біріне бірі осылай жеткізеді. Теміржол саласында балалары істейтіндердің Құдайы берген - қиқуласып кеткен. Ал баласына ондай бақыт бұйырмағандары өкініштен бармақтарын тістелеумен әлек. Мына, жағдайда адамдардың ішін қызғаныш жайлағаны - шындық.

Дүние қайта жаңғырықты:

- Сонда теміржолшылардың біздің өрімдерден жаны артық болғаны ма?

- Үкімет те қызық, соғысқа жіберуге адам талғағандары қай сасқаны...

- Қойыңдар, күпірлікке бармаңдар. Жоғарыдағылардың бір білгені бар шығар. Одан да мына шешімге қуанайық, ағайын! Барлық боздақтардың саз кешкенінен гөрі, аз да болса, бір ұлдың от-жалынға араласпағаны халық үшін олжа ғой!

Жұрт осылай гуілдесіп жатқанда, Кеңшіліктің анасы жетті ебіл-дебіл.

- Естігенім шын ба, құлыным-ау!?

-Қағыс естімегенсіз. Мен әскер қатарына алынбайтын болдым!

Бөпенің қуанышында шек жоқ. Екі қыздың ортасындағы жалғыз ұлы қан майданнан аман қалғанына көл-көсір.

Бұл кісі Қоңырат руынан болады. Тоқсан екі жасында дүниеден озып, Кеңшілік екеуіміздің қолымыздан арулап жерленген.

Кеңшіліктің бұдан арғы тірлігі - кім-кімге де үлгі. Депода слесарь, мастер, бригадир лауазымдарында жемісті еңбек етіп, түрлі марапаттарға ие бола білді. Қазақстан кәсіподағының кезекті съезіне делегат есебінде қатысуы өзі үшін ғана емес, облыс үшін мақтанышқа айналғаны - әлі күнге аңыз.

Жұмыс орнында үлкен де, кіші де, орыс-қазағы да оның атын атамай, «Кешке» деп құрметтейтін. Жастарға ақылын аямай жеткізіп, кім-кіммен де тәжірибе бөлісуден ешқашан жалықпағанына ел куә.

Тоғыз баланың әкесі атанды. Тәубе дейміз, осы балаларымыздың бәрі жоғары білім алып, әр саланың білікті мамандары атануымен қатар үлкен шаңыраққа ие болып,

жұртшылыққа жұғыстылығын жайды. Мұның өзі тілегімізді Алла қабыл еткенінің нышаны деп түсінген абзал.

«Өзім жетім өстім. Балаларым жетімдікті көрмесе екен», - деп тілейтін үнемі. Сол тілегін Құдай бергендей. Тағы былай айтатын: «Әкемнің жатқан жері - Арқа төсі. Өзімнің кіндік қаным тамған жер де сол жақ. Олай болса, Арқаға бір балам қоныс аударса, өзім соған барып жүрсем арманым жоқ».

Жаратқан ие мұны да қош көріпті. Маратымыз ата қонысқа жеткенде бөрігін аспанға ата қуанғаны әлі есімде. Зейнет демалысына шыққаннан кейін ол Шет ауданына жиі келетінді әдет етті. Есінде есімдері қалған жандардың көзі барларымен сағыныса қауышып, өлгендерінің рухына Құран бағыштап, әйтеуір, азаматтық міндетін атқарудай атқарып бақты.

Иә, біз осылай жетілдік.

Ана балаларын бір-бірінен бөлектемейді. Ол үшін туғанның бәрі өте қымбат. «Баланың табанына кірген шөңге маңдайыма кірсін» деген тілеумен ғұмыр кешетіні сондықтан.

Алайда Маратымның орны ерекше екенін мойындауға мәжбүрмін. Бәлкім, биіктігінен шығар, бәлкім, алыстап кеткенінен шығар.

«Тау алыстаған сайын биіктей береді», - дейді дана халқымыз. Өте дәлдікпен айтылған сөз. Тек биіктеп қана қоймайды, заңғарлығымен тәнті етіп, сағынышыңды қоздыратыны - шындық. Сол сағыныш сенің асқарлыққа деген ынтызарлығыңды оятып, өзіңнің де биікте болуыңа ықпал ететінін мойындауымыз керек.

Иә, таулар алыстаған сайын биіктей түседі. Олар сонысымен асқақ, сонысымен сұңғыла. Сеңгірлер ұлылықтың айна қатесіз көшірмесі іспетті. Әлде ұлылық таулардан бастау ала ма екен? Ол да мүмкін-ау, өйткені биіктік болмаса, аласалықтың мәнін түсінбесіміз айқын еді ғой. Ал санамыз салыстырмалылықты түйсінбесе, өмірді жайлар біркелкілік бізді ешқашан өсірмейді, өремізді жайдақтыққа бастайды.

Сөйткенмен сен көксеңгірлерден алыстауға мәжбүрсің. Бұл өмір заңдылығынан, - бұл уақыт пәрменіне тәуелділігіңнен. Өйткені уақыт ағымы жанды мен жансызды бір сыйымдылыққа салып

қоюдан қашқақтаған. Жандылар пешенесіне жазылғанға тәуелді келсе, жансыздар мәңгіліктің қақпасын аша, тыныштық әлемін айғақтап жатады. Сонысымен қатты, сонысымен қатал. Ал жандыға тиесілісі - өткіншілік қана. Өткіншілік сенің бір орынды айналсоқтай беруіңді көтермейді. Желмая жылдар екпіні ентелетіп басқа қиырға шығарып тастауға мүдделі. Және үнемі қатқақпен жүргізсе кане. Тоспасы көп, топыры басым, әткеншектей алабұртпа өткелден асырғанда, бағы мен соры қатар жетілген пенде баласы дедек ғұмырдың деміге бастағанын, тіпті, дем таусылар шақтың жақындағанын аңғарып артына қайта қайырылуға мұрша таппай, тоң-торыстық ауылының есігін айқара ашып тастайды. Дәл сол сәтте ол етекте емес, биікте болған сәттерін жадына оралтуға жанталасады. Биіктікке құмарлығынан, алыста қалған тау сілемінің ғұмыр барысында санадан өшпегенінен.

Менің бүгінгі аласұруымның мәнін осы тұстан іздеген жанның әсте адаспасы сөзсіз.

Иә, мен Маратымды сағына беремін. Оның алғаш іңгәлаған кездегі үнін, тәй-тәй басқан шамадағы қалтақ-құлтақ жүрісін, сәл ес алған тұсындағы ерке қылықтарын ойыма оралтамын да, соған елігіп отырамын. Мұндайда жан балам ешқайда кетпегендей көңілім жайлы.

Шынында да ерке болды ғой. Көңілі қалағанын алып бермесең, тұрған жері құм ба, саз-балшық па, қарамай аунай кететін. Сонсын дегенін істетіп тынатын.

Дегенмен осындай қиқарлықтың бір ауыз сөзге тоқтағанына сенесіздер ме?

Мектеп табалдырығын аттаған кезең. Бір күні ұстазы ұрсыпты. Ұрысқанда... майлы жерінен салып қалса керек. Дәл сонда Марат белдігін шешіп алып әлгі ұстазына ұмтылып берген ғой. Қаршадай баланың қылығынан сескенген мұғалімі ертеңіне мені мектепке шақыртты. Бардым. Класс ішіне балам екеуімізді оңаша алып қалып, Мараттың кешегі қылығын маздатып отыр.

Былай шыққасын балама мән-жайды түсіндіре бастадым. Мектептің аты мектеп, ұстаздың аты ұстаз екенін, мұғалімді бүкіл ел қадірлейтінін, ол болмаса, сана қараңғылығы дүниені басып қалатынын тілім жеткенше түсіндірдім. Марат бәрін үнсіз

тыңдады. Тіпті, жайшылықтағыдай өзін ақтап, басқаны даттап таласпады да.

Содан былайғы жерде ол қиқарлықты шорт кесіп тастады. Бұрынғыдай орынсыз еркелеуді де қойып кетті. Мен соған осы күнге шейін таң қаламын.

Өкінішім де жоқ емес. Соңғы сағатында қасында болып, бақұлдаса алмағаным жаныма қатты батады.

Ол Шудағы үйге үш күн қатарынан телефон шалды. Тұтқаны алсам, амандығымды сұрайды. Ал, мен амандық туралы сөз бастасам, байланыс үзіліп кетеді.

Бір сұмдықты ішім сезіп, келінімнен Қарағандыға баратын пойызға билет алуын өтіндім. Обалы нешік зыр жүгіріп барып тілдей қағазды қолыма ұстатты. Содан осы жаққа жеттім. Марат үйінде жоқ екен. Ол, Бөрібайдың баласы үйленіп, соның тойына кетсе керек.

Оған да шүкіршілік ете немеремнің үйіне түстім. Сол жерде отырғанымда, Маратты жедел жәрдем» мәшинесімен ауруханаға алып кетті деп естіп, ауруханаға тарттым. Жансақтау бөліміне орналастырыпты. Оған жан баласын кіргізбейді екен.

Ақыры дүние салды. Аңырап артында қалдым. Шынтуайтында кезек менікі еді ғой! Мені алып, оны қалдырса, разы қалпымда аттанатын едім. Амал нешік жазуға шарам жоқ...

Жақында түс көрдім. Аппақ болып жатыр екен. Түсі де, киген киімі де аппақ.«Е,-дедім ішімнен,- мәңгілік бесігінде де ақтығын жоғалтпаған екен!»

Осы жағдай көңілімді тыншытты. Адамзаттың қайда да ақ болғанына не жетсін! Адам баласын ұшпаққа шығаратын ақтық. Олай болса, арғы, бергі дүниеде аппақ күйлерінде қалыңдар, айналайындар.

Тоғыз бала туыппын. Сол тоғыздың титтей де жаманшылығын естімегеніме тәуба! Шүкір, қай-қайсына бармасам да, аналап асты-үстіме түсіп жүргендері. 1942 жылы туған тұңғышым Аманәліде, 1946 жылы дүниеге келген Әйкенде, 1950 жылы туған Бикен де, 1956 жылы ақзер әлемнің жалқынын көрген Күлкен де, 1958 жылы дүние есігін ашқан Айжан да, (1961,1964,1968) жылдары іңгәларын жайған Бақыт, Гүлнар, Талғат та сыйлы өмірдің шуағын қолыма қондыруға дайын. Бірақ мен қазір

Қарағанды қаласындағы Маратымның тұңғышы Азаматтың қолында отырмын. Неге? Өйткені Азаматым Маратымды көз алдыма елестетеді. Жүрісі, сөйлеген сөзі, қылығы Маратымнан ауса-шы! Оған қарай жүріп сағынышымды басатын сияқтымын.

Иә, шырақтарым, менің көрген күнім - осы. Сексеннің жетеуіне қадам басқаным анық. Тоғыз бала, отыз немере, елу шөбере «сүйіппін. Одан асқан байлықтың керегі де жоқ! Енді сол байлықты Жаратқан ием көп көрмесін деп тілеймін.

Ләйім, мына жарық дүние жақсылығымен жарылқасын!

5

Біз 1976 жылы таныстық. Алматыдағы зооветті бітірген жас маман Марат Ахметов Шет ауданына қарайтын сол кездегі «Путь к коммунизму» кеңшарына арнайы жолдамамен келді, кеңшардың директоры менің әкем Әлихан Шәйкенов болатын.

Дәл сол уақытта мен селолық кеңес хатшысы болып қызмет атқарамын. Шынын айту керек қой, балалықтан әлі ұзай қоймаған шама. Оның үстіне кеңшар басшысының тұяғы болғандықтан «Сырдың суы сирақтан келмейтін» тұс. Жалпыласам:, «бастан - жел, табаннан шоқ» арылмаған, жұмыстан гөрі ырду-дырдуды көп іздейтін нағыз жанып тұрған кезең.

Бірде бір шаруамен кеңшар кеңсесіне соқсам, ауладағы ағаш орындықта танымайтын, бұрын еш жерден көрмеген бір жігіт отыр. Күннің ыстығына қарамастан иығына костюм іліпті. Қолында - киім-кешек салынған шамадан.

«Дәу де болсаң, қонақсың» деп жобаладым. Сөйттім де, шарбақ көрсе қасынуға дайын тұратын бұқашықтай жанаса бердім.

- Алыстан келген сыңайың бар ғой? Иә, жігітім, жол болсын!

Ол одырая қарады.

- Алматыдан келдім.

Үнінде шаршаңқылық басым. Мені жаратып отырмағаны аян.

- Жайша жүрмісің? Әлде біреуді іздедің бе?

«Мынаған не керек?» дегендей ол көз астымен мен жақты және бір шолып өтті. Сонсын «мына пәледен құтылайын» деді ме:

- Осында жіберді, жас маманмын, - деді міңгір етіп.
- Сөйткенше кеңседен әкем шыға қалды.
- Маратпысыңжайша жүрсің бе?-деп сұрады ол үніне салмақ сала Қыбыжықтап қалдым.
- Жай, бір жұмыспен соққан едім.
- Онда тіптен жақсы. Мен бір шаруамен асығып барамын, мына Маратты үйге алып бар. Құрдас сияқтысыңдар. Құрдас болған соң, осы бастан аралас-құралас жүргендерің орынды.
- Сөз осымен тәмам. Әкем басқа ештеңе айтпастан мәшинесіне қарай жөнep берді.
- Сен де Маратпысың? - деп анаған аңырая қарадым.
- Е, сен ғана Марат болуың керек пе?
- Қыңырлау сияқты. Тілінің қышымасы барға ұқсайды.
- Таныстық. Сонау Жамбыл облысының Шу қаласында тұратынын айтты. Енді «Комсомол» бөлімшесіне барады екен. Сонда зоотехник мамандығы бойынша жұмыс атқармақ.
- Мынаны естігенде мырс еттім.
- Енді бізді де оңтүстіктің жаулайын дегені-ау...
- Бұлай айтуыма негіз - оңтүстіктің және бір тумасы осы өңірге тұрақтап, тұрмысын түзіп жатқан. Соны дерекке ала жаңа танысымды өзімше тобықтан қаққаным ғой.
- Бірақ ойланбай айтқан осы сөзім өзіме пәле болып жабысты. Кейіннен Марат апайтөс достардың бас қосуында:«Марат Шәйке жолдасым мені әу бастан көре алмаған», - деп қағытпаға салуды әдет етіп алды.
- Біз осылай танысқан едік.
- Көп ұзамай Марат Аманғазымен де араласып кетті. Аманғазы да-ауылдың бір серісі. Түрлі музыкалық аспаптарда шебер ойнайды, әнді де нақышына келтіре орындайды. Бір сөзбен айтқанда ауылда өтетін тойлардың жалыны. Өзі-клуб меңгерушісі. Өзім дегенге өзегін жұлып беретін мәрт жігіт.
- Марат Ахметовтің азаматтығының өзі сонда, осы Аманғазының ауылшаруашылығы саласының маманы атануына көп септігін тигізді. Лауазымы көтеріліп, директор болған шақта оны ұмытпай, әуелі бөлімше зоотехнигі, кейінде бөлімше

басқарушысы дәрежесіне ілгерілетте алды. Мұның өзі екінің бірінің қолынан келмейтін қамқорлық екені айтпаса да түсінікті.

Шіркін-ай десеңші! Аштықта жеген құйқаның дәмі таңдайдан қалай кетпесе, алақұйын шамадағы татқан тәтті күндердің шырыны өз нәрін солай жоғалтпайды екен ғой!

Қайыржан дос орысша өскен, қазақи әзіл қалжыңға жоқ. Ал Ғалымжан, Марат мен - үшеуіміздің арамыздан әзіл қалжын үзілмейтін. Оның көрігін қыздыратын және Марат.

- Әй, той бағар, - дейді әуелі маған қарай сөз саптап, - бізді қойшы, біріміз ыстық-суығымызды басып үлгерсек, біріміздің зайыбымыз айқайласаң дауысыңды құлақ естімейтін тым алыста. Сондықтан, еркіндікке бойымыз әбден үйренген. Саған не жоқ? Дәмелі енді есіктен кіргізсе жақсы. Кіргізбесе, қайдан пана таппақсың, төбеңмен бұлт шалып жүріп?

Соның алдында ғана үйленгенмін. Осыны есіме салғаны. Ал, «төбеңмен бұлт шалып» дегені - серейген бойымды айтқаны.

Мұндайда мен де лайықты жауап табуға тырысамын.

- Дәмеш алыста екен деп балағыңмен бүкіл ауылдың шаңын жинамағайсың. Ертең ол келгенде мына қылығыңды естісе күнің не болмақ, сорлым-ау? Ең құрымаса қорғап қалар бауырларың да қасыңда емес. Осыны ескері, бізге ауызбастырық беріп тұрғайсың, әйтпесе мына күніңе зар боларсың, білдің бе! - деймін бетінен қағып қоюға бекіне.

Марат құрдас мына сөзді құлағына қыстырмайды.

- Тапқанының түрін, - дейді екілене. - Әй, сен жігітпісің, әлде өсекке байланар әлде біреумісің? Жігіт болсаң, «жауға бірге шапқан» жолдасыңды әлде біреуге жығып бермейтінің анық. Басқаша жағдайда...

Ол жымысқылана күледі. Сонсын Ғалымжанның иығынан қаққылайды.

- Ғалымжан, айтсаңшы, жігіт деген жолдасын сатпаған ғой, ә?

- Әрине сатпаған. Шәйке ұрпағы да сатпақ емес. Мынасы жәй... мысықты тышқанмен қорқыту амалы да.

Мен енді үшіншімізге шүйлігемін:

- Сен, не-ей, тас табанын бірге тілген, күн төбесін бірге қыздырған, қиын мен қырғында қыңққа тілін байламаған

қандыбалағыңды мына жағына сүйенген заржаққа оп-оңай айырбастағаның ба?!

Ғалымжан саспайды:

- Қайтейін енді, - дейді шарасыз қалған жандай, - Сен қазір Дәмелінің демдеген ыстық шайын ішесің, мен де Бағила дайындаған жылы-жұмсақтан құр қалмаймын. Сонда бұл қайтпек? Ең құрымаса менің жылы сөзіме бұйықсын да.

Артынша үшеуіміз үш жаққа тарасамыз. Үшеуіміздің де көкейімізде ән сайрап бара жатады:

«...Қимай кетіп, симай кетіп барады»...

Шынында біздер бір-бірімізді қимай, артымызға жапақ-жапақ қараса кетіп бара жатамыз.

Шіркін, бұла күндер-ай!

Бұрынғының адамдары мына өмірді өмір деп танымаған жалған дүние деп атаған деп жоғарыда бір ескерткенбіз. Шынында жалғандықтың шылбырына жармасқан адамзат шұғыла күндер шуағына шомылған соң, мәңгілік қараңғылық құшағына құлауға асығып тұрады. Шындығында, ол өзі асықпас та. Дегенмен тән дамылға жүгініп, жан қапияда ұшар жағына ұшып кеткен шамада ақзер әлем талақ қалып, бақи қақпасынан әрі асатындар қатары жыл озған сайын көбейе түсетіні өкінішті-ақ. Бұл, бәлкім, біздің, - бір кездердегі балалардың, бүгінде ақыл тоқтатқан орта жастан асқандардың көмбеге қарай жақындағанын танытатын нышан да болар, әйтеуір қырынға қытымырлық араласып, дүбірлі уақыттың қомынан аунай жығылғандар жаныңды ауырта көш керуенінен қара үзіп қалып бара жатқаны шындық. Ондайлардың қатарында жасы асқандардың да, қыршындардың да сұлба салатыны бар. Міне, сондайда арыстардың қазасына қабырғаң қайысатыны - шындық.

Осындай жағдайды араға бірнеше жылдар салып қос Марат қатты сезінгенбіз. Адал достар Аманғазы, Уәлихан, Серікбай, Аманай дүниеден өткенде, Марат құрдас:

- Мынау біздің тұстастарға шалынған қоңырау екеніне шүбәң болмасын. Сондықтан абайға ерекше ден қойғанымыз жөн шығар... - деген өз-өзінен секемдене.

Мұнымен де тынбаған:

- Артта қалғанның бәрі-түс ғұмыр. Енді нағыз шынайылықтың ауылына шығатын боламыз. Олай болса, ұятқа қалмайтын амалға жүгінгеніміз абзал шығар, - деп тағы бір қайырып қойған.

Түріне қарасам өңі қабарыңқырап, жанары тұмандана түскен екен. Сұрақ беріп мазасын алғым келмегендіктен тілімді тістеген қалпымда қалған едім.

Сөйтсем, ол мәңгіліктің қақпасын бізден ертерек ашатынын сезінгендей, соған өзін-өзі дайындауға іштей бекінген сыңайды меңзеген екен ғой.

Ал Аманғазының жаназасынан қайтып келе жатқанымызда менен өлең оқуымды өтінді.

- Білемін, сенің денең ірі болғанымен, жаның нәзік. Сондықтан түні бойы көз ілмегеніңе күмәнім жоқ. Аманғазыны және бір еске алайық, оқы сызданбай!

Шынында дос қазасы қатты әсер етіп, түнде өлең жазғанмын. Қалтамнан ебедейсіз бүктелген қағазды қолым қалтырай шығарып, оқи бастадым.

«Жан досым!

Бар досымның биігі едің.

Жоқтау сөз айту неткен қиын еді.

Ақкөңіл, адал, алғыр жолдасым-ай,

Отырған жерің базар,

жиын еді.

Бар еді әншілігің, серілігің,

Жүйріктің алынбайды тері бүгін.

Дос едік қос шегіндей домбыраның,

Жоғалтып отырмын ғой сені бүгін.

Жебей жат бар балаңды, Аманғазы!

Күні ертең олардың да туар жазы.

Бақи бол,

әттең, шіркін,
дәл өзіндей,
Бүгінде өкіндірер достың азы».

- М-м... - деді өлең аяқталғанда ыңырана, - Мына өмірде жолдас көп, дос аз. Өзім дегенге өзегін суырып берер нағыз достарды айтып келемін.

Ол біршама бөгеліс жасады. Сонсын оқыстан сілкініп қалды.

- Мен бірдеңе айтайын ба, ренжімейсің бе?

- Айта бер. Сенің қыршаңқы сөзіңе үйренген құлақ қой біздің құлақ.

- Айтсам... Біз кетсек те сен қала тұрғайсың. Өйткені, түптің-түбінде біздің мына жарық дүниеде өз уақытында болғанымызды сен келер буынға жеткізуге тиістісің. Өйткені, қанша айтқанмен, қалам ұстауға икемділігің басым екенін байқатқан жансың.

- Ал сонда мен туралы кім жазбақ? - деп сұрадым сөзімнің нобайын әзілге сыйдыра.

- Бұл - сенің ойланатын шаруаң...

Ол қолын сілтей салып, қадамын жылдамдата жанымнан ұзай берген еді.

6

1977 жыл жеке басымыз үшін екі оқиғасымен ерекшеленеді. Біріншісі-Марат құрдастың жары Дәмеш жетті Шудан, тұңғыштары Азаматты көтере.

Үй ішімізбен танысып мәре-сәреміз.

Қызық, біздің есіміміз Марат болса, жарларымыздың ныспысы да бір-бірінен айнымай қалған Дәмелі және Дәмеш. Мен осының алдында Дәмеліні еркелете «Дәмеш» дейтін болсам, енді өзінің азан шақырып қойған атымен атауға мәжбүрмін.

Есімдеріміздің ұқсастығы жұрттың бізді шатастырып алуына талай рет сеп болғанын айтып өтпеске болмайды.

Бірде мынадай да оқиға өріс алыпты.

Дәмеш керек заттарын алуға дүкенге бара қалса осы елді мекеннің тұрғыны, өздері отбасымен заң алдында істі болып жүрген жанұядағы бір келіншек оған тап беріпті.

- Әй, қатын, байың үйде ме?!

-Түскі үзіліске әзірде келген, үйде, - депті Дәмеш аңтарылған қалпында.

Ананың дөрекілігіне шыдамаған дүкенші сөзге араласыпты:

- Шырағым, сен кімді айтып тұрсың? Бұл кісі бұ жаққа жаңадан келген. Сондықтан байқап сөйлегейсің.

- Байқайтын ештеңесі жоқ, - депті анау шап етіп. - Бұл жаңадан келсе, байы байырғыдан осында жұмыс істейді ғой, солай емес пе?

- Иә, өткен жылы келген.

- Кеңседе отырады. Аты Марат қой, шындық па?

- Қызметкер кеңседе отырмағанда қайда отырушы еді? Отырады да. Есімі де Марат екені даусыз.

- Ендеше шатастырмағаным. - Сонсын дүкеншіні тастай беріп, қайтадан Дәмешке шүйіледі. - Әй, қатын, байыңа айта бар, менің құжатымды реттеп қойсын, ертең “менттарға” қайтадан баруым керек. Сонда базар болмасын. Түсіндің бе?

Ол дүкеннен шыға жөніне кетіпті, Дәмеш таң-тамаша күйінде үйіне қайтыпты.

Шындығында бейтаныс келіншек іздеген Марат мен едім. Тар жерден соңғы күндері оралған оның құжаттары кезекті ресімдеуге байланысты ауылдық кеңседе жатқан.

Мұндай оқиғалардың алдағы уақыттарда әлі талайы Дәмештің басынан өтетіні анық-ты.

Олар Талдыда әзірге жеке тұратын дайын үй болмағандықтан аймағымызға «Ақ бәйбіше» атымен белгілі Нұршыкен апайдың баспанасына орналасты.

Нұршыкеннің «Ақ бәйбіше» атануының өзіндік сыры бар. Ақылды, мінезі жібектей, бауырмал да көпшіл апайымыз, сонымен қатар сынықшы, құмалақ салушы, балгер қасиеттеріне ие жан болатын. Елдегілер бірдеңесі жоғалса да немесе бір дүние туралы білгісі келсе де, салып ұрып осы кісіге жететін. Нұршыкен апай ешкімнің көңілін қалдырмайды, керек-жарағын қамдап жіберіп, аналардың тілегін орындап тастайды. Тіпті, сырқаттарды емдеуге де бейім.

Осылай бола тұра ол кісінің өте қарапайымдылығы, адам талғамайтын, жақсыны да, жаманды да өзіне қарата білер қасиетіне көпшілік тәнті.

Мұның өзі заманалар көшінде Қазақ даласында қалыптасқан әйел бейнесін танытар даусыз-ды.

Шынтуайтында, тарих қатпарын парақтағандар не бір уақыт бедерінде жерге ие, елге тұлға атанған аналар есімін көптеп кездестіреді еді. Құты мен бағы жарасқан Түркі бабаларымыз өз уақытында әуелі Көк Тәңіріге, сонсын Жер Тәңіріге, сонсын шаңырақ пен бала-шағаның қорғаушысы, әйел тәңірісі - Ұмай анаға табынған. Мұны біз Тонькөкке арналған ескерткіштегі жазудан анық байқаймыз. Онда:

«Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су,

Бізді қорғайды, ойлану керек»,-деген жолдардың тасқа қашалып, сол күйінде жеткені ғажап құбылыс екендігінде талас жоқ. Дәл осыдан біз қасиетті Ұмай-ананың бабалар дүниетанымында ерекше орын алғанын байқаймыз.

Боғда көлінің жағалауын жайлаған Сақ-ана, Массaget сақтарының патшайымы, сақтардың тірегі болған, даңқты қолбасшы Тұмар ханым есімін кім білмейді? Міне, бұл аталған әйелдер-біздің тұтастығымыз бен бірлігімізді нығайтқан, халықтығымызды сақтауға үлес қосқан, елдігімізді әлемге танытқан тұлғалар. Сондықтан ұрпақтан ұрпаққа жетіп, есімдері ел есінен шықпауда. Бұған Ғұндардың көсемі Оғыз қағанның анасы Ай-қаған әулиені, Шыңғыс ханды өмірге әкелген Уәлін-ананы, Шыңғыстың өз жары Бөрте ханымды, Әмір Темір жұбайы Бибі ханымды, Қорқыт бабамыздың қарындасы - домбыра киесі Қойбас ананы, Абайдың әжесі Зере бәйбішені қоссаңыз абзал аналар бейнесі толығы түсетіні - заңдылық.

Тарихи жадыны жаңғыртқанда жүздеген, мыңдаған абзал аналар, жалпы әйгілі әйел затының көптеп болғанын мойындаймыз. Мойындай отыра оларды мақтан етеміз, кейінгі буын өкілдеріне мақтанышпен жеткізуге күш саламыз. Бұл да-біздің әйел-аналарға көрсеткен құрметіміздің бір өлшемі.

Міне, осыған қарап-ақ қай заманда да бар тіршілік тұтқасы
әйел-аналардың қолында болғанын аңдау қиын емес. Сондықтан
оларға әйел деп қарамай, әлемнің тұтқасы деп қарағанымыз абзал.

«Төзімді берсе сенің темірге,
Темірдің де түгі кетпес көмірге.
Қазақ қызы,
Қайран, қазақ әйелі,
Не көрмедің,
Не көрмедің өмірде?!

Жұмсағанмен заман сені күң санап,
Жаманнан да ала білдің мың сабақ.
Жүн иіріп,
Кілем тоқып өрнекті,
Шекпен тіктің, киіз бастың жүн сабап.

Көк майсада қанның буы бұрқырап,
Кісінесе иесіз тұлпар шұрқырап,
Арасына ағайынның кектескен,
Қай кезде де өзің түстің шырқырап.

Тағдыр сенің жиғызбады есінді,
Төзім сауыт тауқыметтен тесілді.
Жауға шаптың азаматтың жанында,
Жібекпенен тартып тастап төсінді.

Көлдей көріп махаббаттың тамшысын,
Күтіп өттің жақсылықтың жаршысын.
Егер бір ай көрінбесе сағындың,
Күйеуіңнің өзі түгіл, қамшысын.

Тыныштыққа кептіре алмай терлігін,
Өтті - кетті,
Өтті - кетті шерлі күн.
Өздеріңнің бастарыңда Қазақтың

Жазылмаған азабы мен ерлігі!”-деп жырлаған қазақ халқының заңғар ақыны Қадыр Мырза Әлінің осы өлеңін оқыған адам көп жайдың басын ашып алары сөзсіз.

Әйел бойында отбасы алдындағы жауапкершілік сезімі ерекше дамыған. Бұл оның, шын мәнінде, күндік машығы ғана емес, өмірлік тірлігіне айналған қасиет. Оның бергі жағында қазақ әйелінің табиғаты жаратылысынан нәзіктік пен сұлулық символы іспетті. Сонымен қатар, ол-жасампаздық жаршысы. Бірақ ол еркіндікті елірме есіруге соқтырмаған, байыптылықтың көкжиегіне байлаған. Табиғи мінезге бай болуының себеп-салдарын дәл осы тұстан іздеген жанның әсте адаспасы айқын.

Міне, Ақ әжеміздің бойына жинақталған осындай ізгілік тамыры бізді, айналасындағы адамдарды тәнті етумен қатар, оларды рух биіктігіне үндегеніне мен сенемін.

Нұрышкен апай-жалпы, Семей жақтың тумасы. Тобықты руынан шыққан. Қояныш-Танай, Дәулет бұтағынан тараған ағамызбен көңіл жарастырып, біздің елге келін болып түскен. Бір ұл, бес қызды дүниеге әкелген. Мамандығы - мал дәрігері. Сөйткенмен, оның аты жоғарыда біз айтқан даралығымен елге тараған. Бауырмалдығынан, үлкен жүректілігінен ғой, қазақ түгілі шешен баласы Дәуітті тәрбиелеп, оны үй қылып шығарғаны тұрғындар арасында әлі аңыз.

Осындай жанның тәрбиесіне түскен Дәмештің күні ертең өзі де ел ауызында қалар келін болары анық-ты.

Бола алды да. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізеттік танытқан жанның үлкен шаңыраққа ғана емес, айналасына сыйының жоғалмағаны - сөзіміздің айқын дәлелі.

Нұрышкен апа жөн көрсетіп қана қоймады, жас отбасының мәуе жаюына ықпал жасады. Сәби Азаматты өз қолына ала, Дәмештің ортамен араласуына жағдай қамдады, жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызды.

Осы жерде Ақ бәйбішенің нағыз ісмерлігі көрінді. Азамат есі кірген шамада да дүкеннен сатып алған киімдерді кимей, әжесі өз қолымен тігіп берген шалбар, шапан, тағы басқа киімдерге құмарлығынан жаңылмады.

Әжесіне деген шексіз ризашылығынан ғой, кейіннен жеке үйге шыққандарында, Азамат сол үйдің жоғын жоқтаумен жүрді. Үлкен кісі ештеңеге сұраныс жасамаса да, қора-қопсысын өзі барып тексеріп, отын суы жетіспейтінін байқаса, әкесіне: «Апаның үйінде шөп аз қалыпты», «Апаның үйінің көмірі түгесіліп барады екен», - деп қыңқылдап, ақыры айтқанын істетіп жүретін. Мұның өзі Нұрышкен апайымыздың жан тазалығына көрсеткен бала разылығының қайтарымы деп түсінгеніміз абзал.

Ақ бәйбішенің шексіз-шетсіз қамқорлығының өзі сонда, Марат әрбір екі жыл сайын жұмыс ауыстырып, жұмыспен қоса үй жаңартқанда, ол кісі жұрттан бұрын ат басын бұрып, қоныс жайланғанша осы отбасының жанында болуды ұмытпады. Әр келгенінде жыл құсындай жаңалық ала жететін. Қазан-ошақ мәселесін Дәмеш келініне ежіктеп, шаңырақ қамын қалай күйттеуді үйретудей-ақ үйретіп бақты. Соның нәтижесінде Дәмеш сойылған малдың етін қалай бұзуды, қандай қонаққа қандай табақ тартуды бір кісідей меңгеріп алды. Өздеріне тамақ істегенде қонақ сыбағасын қазанға қоса салуды да есінен шығармады.

Сенгені ғой, өлер шағында Нұрышкен: «Олар да менің бір балам еді, өздері қолдарынан жөнелтсін», - деп өсиет қалдырған екен, соны бар ынта-шынтасымен атқарған Марат шаңырағының мүшелері әлі күнге Ақ бәйбішенің жасаған жақсылықтарын жыр қылудан жалыққан емес.

Иә, бұл да бір ұмытылмас шақ екені айтпаса да түсінікті. Адамның адамға деген аппақ пейілінің арқасында өмір мағыналы екенін Марат өле-өлгенше аузынан тастамады.

7

Жоғарыда айтқан жылдың бұл бірінші ерекшелігі болса, екіншісі мен үшін тым ауыр жағдаймен байланысты. Мамыр айында асқар тауым - әкемнен айырылып қалдым.

Әлихан Шәйкенов жиырма жылдай осы шаруашылықты басқарып, жұрттың сеніміне ие болған, халықтың құрметіне бөленген жан-ды. Айналасына кеңдігінен шығар, ғұмырында соңына жаман сөз ертпеген еді. Содан беріде талай жыл өтсе де

әлі күнге көзін көргендер әкем жөнінде толағай әңгімелер шерткенде мәртебеленіп отырамын. Бұл да абзал әкенің адамдықтың ақ туын берік ұстағанынан деп түсінген жөн.

Ол қанды соғыстың куәгері. Бес жыл толарсақтан саз кешіп, қанды қырғынның бел ортасында жүрген солдат. Оқ пен оттың арасында шыңдалған жігер, мұқалмаған қайрат, азамат аман-есен елге оралған соң, ауылшаруашылығының аяғынан нық тұруына қызмет жасағаны айдан анық. Ел экономикасын көтеруге Әлихан әке қосқан үлестің айтарлықтай екенін сол кездегі көркейген ауыл дәлелдеп тұратын.

Міне, осындай жанның бейбіт шақта опырыла құлайтынына ешкімнің сенбегені шындық. Әйткенмен, солай болып шықты. Адамзат баласына тіршілік салар барлық ауыртпалыққа төзген үлкен жүрек сәл тербелісті көтере алмай өз қағысын тоқтатты.

Ол кісіні жерлегенде қасымда Марат құрдастың жүргені көп күш бергені сөзсіз. Керек жерінде қайраттандыра білетін, қажет тұста әзілге тиек тағу арқылы адам көңілін алдаусырата алатын қасиеті менің қайғыдан қан жұтқан жанымды құсадан арашалап, жарық күнге жаңаша қарауыма әсер еткені жасырын емес.

Осылайша мен асқар тауымнан айырылып қалдым. Енді еркеліктің ауылынан адаланып, өмірге деген іңкәрлік жаңа бастауларға тұғыр болған-ды.

Әкемнің дүниеден озуымен мен ғана өзгермедім, ортамыз қайта жаңғырды. Әкемнің орнына жаңа директор тағайындалды. Ол Дулат Смайылов болатын.

Дулат орынтаққа бекісімен маңайына жастарды жинай бастады. Марат Ахметовті кеңшардың бас зоотехнигі лауазымына шақырып, бас мал дәрігері етіп Ғалымжан Құсайыновты тағайындады. Сонымен қатар, басқа да салаларға мамандар іздей жүріп, ауруханаға Қайыржанды бастық етіп қоюға ықпал жасады. Сөйтіп, өз командасын жасақтап шықты.

Бұған алғашында күдікпен қарағандардың болғаны жасырын емес, әрине. Дегенмен бұдан арғы жерде іскерлік танытқан Дулаттың кей адамдар санасына орныққан күмәнді жоққа шығарып, шаруашылық жұмысын дөңгелетіп алып кеткені жұртқа аян.

Жаңа кадрлардың тағайындалуымен біздің сапымыз арта түскені сөзсіз. Ғалекеңмен Қайыржан болса-болмаса жасымыздан тай-құлындай тебісіп өскендер қатарынанбыз ғой. Сөйткенмен олардың жаңа қырын жаңа жұмыс барысында жаңаша таныдық.

Біз осылай жаңа қоғамға қарай ат басын бұрып, алғы уақытқа желдіртіп бара жатқан едік.

Дәл осы арада, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта шенінде, облыстық теледидардан берілген бір хабарға қысқаша тоқталып өтуді жөн санап отырмын.

Хабар «Озат шаруашылықта» деп аталады.

Кадрде - кеңшар өмірінің көрінісі. Орталықтың бейнесі толық қамтылып, артынан мал бордақылау комплексінің тірлігіне назар аударылады. Мұнда бағымдағы ірі қара малының жай-күйі және ондағы жұмыс жасап жүрген малшылар қауымының іс-әрекеті толық көрсетіледі.

Кадр сыртындағы диктор түсініктемесі:

«Бұл күндері бүкіл еліміздегідей Жезқазған облысының еңбеккерлері де «КПСС XXVI съезінің шешімдерін жүзеге асырайық!», «Ұлы Жеңістің 40 жылдығына- 40 екпінді апталық» ұрандарымен жұмыс істей отырып, он бірінші бесжылдықтың шешуші жылының жоспарлары мен социалистік міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Соның жарқын бір көрінісін Шет аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің бүгінгі тыныс-тіршілігінен байқаймыз. Олай болса, осы бірлестік өмірінен жүргізілер хабарымызға назар аударыңыздар.

Басын сонау Қарқаралы тауларынан алатын «Талды» өзенінің көрікті жеріне орналасқан шаруашылық бірлестігінің жеткен жетістігі ұшан теңіз. 1977 жылдан бастап бұл шаруашылық жоғарғы мәдениетті, рентабельді шаруашылық деген атқа ие. Оған негіз: бұрын етке өткізілген ірі қара малының тірідей салмағы 280 килограмм болса, қазір 419 килограмға жеткен. Оның тоқсан тоғыз да жарым пайызы жоғарғы қондылыққа жатқызылған.

Соның нәтижесінде 1979 жылы шаруашылық миллионер шаруашылығына ие болды болса, 1981 жылы бұл атқа екінші мәрте қол жеткізді.

Әрине табыстың өздігінен келмегені аян. Совхоз басшысы Дулат Смайыловтың іскерлігі, сондай-ақ маман кадрлар біліктілігі шаруашылықтың жоғарғы деңгейге көтерілуіне негіз болғаны даусыз. Мамандар жаңа технологиялық үрдістерді өндіріске батыл енгізу арқылы жаңаша жұмыс жүргізуге мүмкіндік алды.

Жаңашылдықтан қорықпай, оны батыл түрде пайдалану негізінде озаттар қатарын анықтады. Қазір бірлестік әр жылды 700-800 мың сом таза пайдамен аяқтауда. Мұның өзі жұмысшылардың әлауқатын көтеруге жағдай туғызғаны анық.

Осы орайда шаруашылық басшысы Дулат Мұқаметжанұлы Смайыловпен жүргізген сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

Кадрда тілші мен басшы.

Тілші:

- Дулат Мұқаметжанұлы, сіз табыс бастауы неде деп ойлайсыз?

Басшы!

- Бірлестіктің негізгі бағыты-мал шаруашылығы болып табылады. 1981 жылы мұнда бес мың төрт жүздей ірі қара болса, бесжылдықтың үшінші жылында алты мың үш жүз жиырма бес, сиыр малы болды. Біз, жоғарыда өздеріңіз айтып өткендей, малдың басын ғана өсіріп қойған жоқпыз, оның сапалық жағына баса назар аудардық. Мемлекетке ет өткізуде өзімізге міндеттелген межеден асып түсіп отырғанымыз соның айғағы.

Бұл табыс қалай келді? Ең әуелі шаруашылыққа жиналған мамандардың біліктілігі жөнінде айтып өтпеске болмайды. Алғаш қолға алған мал бордақылау комплексін пайдалану кезеңінде бас зоотехник Марат Ахметов ерекше қажырлылық танытты. Оның жігерлілігі, өз ісін жетік меңгергендігі біздің бұдан арғы жерде жетістікке жетуімізге мүмкіндік тудырғаны сөзсіз. Сондай-ақ бас мал дәрігері Ғалымжан Құсайыновтың, басқа да мамандар еңбегін бағалауымыз керек. Бәрі де бір жеңінен қол, бір жағадан бас шығару арқылы ортақ жеңіске өз үлестерін қоса алды. Бүгінде солардың барлығы бір-бір шаруашылық басшылары

лауазымының иелері. Іскерліктерінен, ұйымдастыру қабылеттерінің жоғарғы деңгейде тұрғандықтарынан, әрине.

Мал бордақылау комплексінің жұмысына қайта оралайын. Біз жылына үш жарым мыңдай тайынша 120 килограмм салмақ көрсеткішімен сатып алып, 510 күнде әрқайсының салмағына 420 килограмдық межемен мемлекетке өткізуге мұрсат алдық. Ол үшін оларға берілетін азық ұнтақталып, оған түрлі микро-макро элементтер қосылғаны - табысқа негіз. Бұл дегеніңіз өте үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс екендігі анық. Осы орайда да бас зоотехник Марат Ахметовтің жаңашылдық һәм өркенді бастамалары өз нәтижесін бергені сөзсіз. Ол комплекстің нәтижелі жұмыс жасауына ерекше еңбек сіңірген маман. Комплекс толық мәнде жұмыс жасағанша күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді десем де болғандай. Бәрінің басында өзі жүріп, барлық жұмысты қадағалау арқылы ол толымды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік жасады.

Басқалар да одан қалыспады. Сондықтан, шаруашылық мамандары мен еңбеккерлерінің қажырлы еңбек нәтижесіне ризалықпен қарайтынымды жеткізбекпін. Осындай игі еңбектің қорытындысында шаруашылығымыз оныншы бесжылдықта екі мәрте Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің, сондай-ақ Министрлер Кеңесінің, Бүкілодақтық Кәсіподақ Комитетінің, Лениншіл коммунистік Жастар Одағының ауыспалы Қызыл Туларымен марапатталып, Халық шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің үшінші дәрежелі дипломымен, басқа да республикалық сый-сияпаттармен наградталды. Мұның өзі екінің бірі қол жеткізе бермейтін табыс болатын.

Шаруашылық сонымен қатар, егін өсірумен де айналысты. Бір гектар алқаптан 9,7-11,2 центнерден өнім алып, мал азығын дайындауда 1,5-2 жылдық қор жинағанымыз да ортақ жеңіске септігін тигізгені анық.

Тілші:

- Озат шаруашылықта ел игілігіне қамқорлық жасау негізі басты қағидаға айналған шығар?

Басшы:

- Оған сөз бар ма! Шаруашылық неғұрлым көп пайда тапса, онда тұратын адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

солғұрлым көтерілетініне ешкім шүбә келтірмеуге тиісті. Бізде де солай болып отыр. Еңбек адамының алаңсыз жұмыс жасауына керектің бәрі бар. Көшелерге асфальт төселген. Мәдениет үйі, түрлі спорттық алаңдар, балабақша, мектеп ғимараты, монша басқа да әлеуметтік нысандар халық игілігіне сапалы жұмыс көрсетеді. Еңбеккерлерге сәнді баспаналар тұрғызып бердік. Әрқайсына су тартылған. Ауыл үшін бұл үлкен қамқорлық екенін мойындағанмыз абзал».

Әрине, өткен күндерден дерек беретін осынау теледидар хабарын көрген жанның ауыл өмірінің шынайылығын таразылауға мүмкіндігі мол еді. Біз мына үзіндіде соның тек бет жағын сипап өткенімізді қаперлеріңізге салмақпыз.

Қайыржан демекші... Қайыржан дос пен Марат арасында болған мына бір оқиға ел есінен күні бүгінге шейін кетпейді.

Бірде екеуі су жаққа барып қайтуды көздеп мотоциклмен жолға шығады. Тізгінді дәрігер Қайыржан ұстаған.

Арқа жері қыратты, жонды келеді ғой, содан бір қырдан аса бергенде көліктері ірілеу тасқа тіреле аударылып, екі жолаушы екі жаққа ұшып кетсе керек.

Марат құлаған тұсында жатып ол тұс, бұл тұсын сипаласа ешқандай жарақат табын байқамайды. Дін аман сияқты. Сөйткенмен орнында қозғалыссыз біраз жатып қалғанға ұқсайды. Осыны көргенде Қайыржан орнынан жалма-жан көтеріліп, оған қарай ұмтылған ғой.

Өзі орыснамай өскен жігіт:

- Я аман! Я аман! Как ты? - дейтін көрінеді, жолдасының жағдайын білмекке дыбыс сала әрі өзінің амандығын білдіре.

Марат мынаны естігенде көзін жұма тыныштала қалыпты. Әрине, ойынға сайығаны даусыз.

Жандәрмен қасына жеткен Қайыржан:

- Я аман! А ты как? - деп және қайталайды аптыға.

Сонда Марат өз-өзінен мырс ете:

- Ты не Аман, - депті ананың аңғалдығын келемежге айналдыра, -ты Қайыржан!

Досының дін амандығына көзі жеткен Қайыржан Мараттың мына жағдайды әзілге жығып жатқанын ұғына сонда:

- Ну и ты... - деп кері бұрылып кетіпті.

Міне, достар арасындағы бір күлкілі жағдай осылай аяқталған екен.

8

Тумысынан адал да аңғал досымның талай-талай орашалақ қылықтарының куәсі болғанымды айтпасқа шарам жоқ.

Бірде ол Жарық станциясындағы мешітке соғып, әкесінің әруағына Құран бағыштатуға ниет етеді. Жанында жан жары Дәмеш пен тұңғыш баласы - ұлы Азамат бар екен.

Содан мешіттің ішіне кірсе, имамы жоқ екен де, шырақшысы күйбең-күйбең етіп өз шаруасымен айналысып жүріпті.

- Имам қайда? Келе ме? - деп сұраса, шырақшы:

- Жұмыс бабымен жүрген, келіп қалар, - деп жүре жауап қайырыпты.

Әрі отырады, бері отырады, имам келе қоймайды. Төзімдері таусылған шақта Марат:

- Ол өзі келуші ме еді, соны айтыңызшы? - деп тағы сұрайды шыдамсыздана.

Сонда ғана есіне әлдене түскендей шырақшы:

- Не шаруаға керек еді? - дейді адамдардың мешітке не мақсатпен келетінін ұмытпа.

- Үлкендер әруағына құран бағыштатайық деп едік.

- Ә?.. Онда мен оқи салайын.

Шарасыздықтан бұлар келіседі.

Шырақшы өзінің білетінін сарнап қоя береді. Тек алақан жайған тұста:

- Әкең мен шешенің есімдері қалай еді? - деп сұрайды асығыс.

- Әкемнің аты - Кеңшілік, шешемнің есімі - Зылия.

Мынаны ести сала шырақшы:

- Осы оқылған құран аяттарын марқұм болған Кеңшілік пен Зылияның рухтарына бағыштадым, аллаһу акбар, - деп бетін сипайды. Онымен қоса Маратта бет сипап орнынан тұра бергенде, Дәмеш:

- Шешей әлі тірі ғой, - деп қалады.

- Ә?.. Солай екен- ау! Шырақшы әпенді... Шырақшы әпенді...

Бұл сөзді естіп қалған шырақшы азар да безер болыпты:

- Жоқ, енді болмайды, мен қайтара алмаймын, болды!

Кейіннен осы әңгімені естіп алып, бас қосқан жерде құрдасты сайқымазаққа айналдырып жүрдік. Әсіресе мен тықақтаймын:

Бұл Марат бізге қарағанда епті екен, көзі тірісінде шешесіне құран бағыштатып, міндетінен ертерек құтылып алғанын қарашы, - деп.

Мұндайда ол шарасыздықтан төмен қарай бүгіле беріп, кеңк-кеңк күліп алады. Бірақ сылтауға құрық түсірмейді, ақталып және жатпайды. Бізге тастар бар салмақты соңына қалдыра ішінен тынады.

«Бізге тастар бар салмақты соңына қалдыра ішінен тынады» деген сөзді не үшін айтқанымды Маратты білетіндердің түсінгені сөзсіз. Ол ешкімнің уәжін басынан асырмайтын жігіт еді.

Ақыры ойлағанына жетіп тынғаны мына жағдайдан аян.

1980 жылдары мен жоғарғы партия мектебіне түстім де, оқуымды Алматыда жалғастырамын деп біраз уақытқа ортаман алыстап қалдым. Сол екі арада Шет ауданында көптеген ауыс-түйістер өткені белгілі. Сексенінші жылдардың ортасынан ауа аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Абақанов мырзаның соңына шала алып түскен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Давыдов ақыры дегеніне жетіп, Абақановты қызметінен тайдырды. Онымен бірге Шет ауданының бірнеше лауазымды тұлғалары орынтақтан шеттетіліп, босаған орындарға жаңа адамдар тағайындала бастады. Партия комитетінің бірінші хатшылығына Медеубаев Сағымбай келді.

Сағымбайдың келуімен қайтадан ауыс-түйіс басталды. Марат Ахметов аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары әрі аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы болып бекіді. Сонымен қатар Қайыржан аудандық аурухананың бас дәрігері лауазымына тағайындалды. Ал, Ғалымжан Құсайынов, Төлепберген Әбеуов болса- болмаса кеңшар директорлары міндетін атқарып жүрген. Бұл кезде мен де елге оралғанмын. Маған да әжептәуір орын бұйырған. Сөйтіп, ескі де жаңа таныстар әжептәуір көтеріліп қалғанымыз жасырын емес-ті.

Әріде және сапырылыс жалғасты. Марат Ұлытау ауданы партия комитетінің екінші хатшысы міндетіне кірісіп, арада екі жыл

өткенде ортамызға қайтадан оралды да, Бұрма шаруашылығының басшысы болып шыға келді.

Төрт жолдас: мен, Марат Ахметов, Төлепберген Әбеуов, Ғалымжан Құсайынов - енді төрт шаруашылықты басқарамыз. Астымызда- «Волга» машинасы. Бәріміз Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда бас қосамыз. Жиналыстарда, әрине. Қайтар жолда қимас көңілдің шарапатымен жолай тағы бөгелеміз. Қу тақырда еместігі белгілі, бұлақ басында аялдаймыз. Онда ептеген су-суан ішіледі дегендейін...

Міне, осы жағдай көптің көзіне ілінгені белгілі. Тіпті, жергілікті ақын Зәрубай Сүйіндікұлы ағамыздың қаламымен жыр жолдарына айналып, жалпы жұртқа тарап кеткенін әлі сөз етеді, білетіндер.

Енді осы жырға кезек берейін. Өлең «Ақ көйлекті, ақ «Волгалы» жігіттер туралы ода» деп аталады. Құлақ қойыңыздар:

«Бұл даланың таң қаларлық ғажабы,

Шаршатпайды ұзақ жолдық азабы.

Тағылы мен Бұғылының сайлары-

Жігіттердің тарқамаған базары.

Оң жағында сыбыр қаққан бұлағы,

Сол жағында жайқалады құрағы...

Қашан көрсем, ақ «Волгалы» жігіттер,

Бірін-бірі шығарып сап тұрады.

Көк майсаны артық көрген тағыңнан,

Бастық емес, табиғатқа бағынған.

Ақ көйлекті, ақ «Волгалы» жігіттер:

Марат, Төлеп, Марат және Ғалымжан.

Бірде әннің, бірде жырдың кезегі,

Тасқындайды ұшқыр ойдың өзені.

Жылдар бойы қысы-жазы бітпейтін,

Неткен тұрыс, қандай жиын, не өзі?!

Жандар ма әлде табиғатпен тел өскен,

Ай-жұлдызбен, кейде бізбен тілдескен.

Арқа-жарқа қарсы алады өздері,
Бар адамды өздерімен жүздескен...

Марат ақын алау атып көзінен,
Табиғаттың лебі есті сөзінен:
«Жалықтырды жымысқының жыбыры,
Зарықтырды жапырақтың сыбдыры!

Көмейімнен төгіледі жыр ағын,
Сендер, сендер - қайталайтын ұраным!
Мен босасам, достарыма босадым,
Жауға емес, тауға қарап жыладым!

Мына өмір түлкі болды мың бұраң,
Жылыстайды.
Неңді бағам, неңді ұрам?!
Тартып келем бір жұлдызды бетке алып,
Бір қолымда - Омар һаям,
Бір қолымда - жүз грамм!»

Төлепберген:
«Байлық деген бақыт емес, білемін,
Алау болған өмірде бұл жүрегім!
Өз-өзімді өрге сүйреп келемін,
Аюлы боп арқа сүйер тірегім!

Қай уақытта «толдым» деппін,
асыппын,
Достар жоқта қаумалайды жасық мұң.
Құлағымды күйге тосам, желге емес,
Көк белестен гүл теруге асықтым.

Бас қатырмай басты қалай жазам деп,
Өндірем деп ойдың кенін қазам кеп...
Көк толқынға көп сүңгідім кей сәтте,
Аққайраннан басқа ешкімге жазам жоқ!»

Марат:

«Қулық-сұмдық көріп өмір жоспарын,
Жылы жақты жылы жауып тастадым.
Сендерменен мәнді менің өмірім,
Арқадағы арқыраған достарым.

Қарамадым қарасы кім, болыс кім,
Әл келгенше әлсіздерге болыстым...
Айырма - сол Төлеп, Марат, Ғалымнан
Көптеу таттым дәм-тұзынан орыстың.

Па, шіркін-ай! Далам қандай кең еді!
Басылмайды қу көңілдің желеңі...
Қала болсын, дала болсын, әйтеуір,
Сол баяғы түлкі аулағым келеді».

Ғалымжан:

«Туған жер деп соқса дағы жүрегім,
Көптеу жұттым алыс жердің күн демін.
Бәз біреуің түлкі ауласаң кешқұрым,
Қос шоқыдан гүл теріпсің біреуің.

Ал біреуің жырға қосып өткенді,
Жүдетпепсің көңіліңнің көктемін...
Мен оралсам, бар байлықты өздерің,
Бөліп алған кездеріңе дөп келдім.

Келдім енді, асыраңдар таласа,
Сырт жерде де болған жоқ ем аласа.
Бас ауырса, қарамаңдар телміре,
Батылдарың жетеді екен қалайша.

Тағылыны бір көргенім - айлығым.
Бұғылыны бір көргенім - байлығым.
Туған жерім, тұрған жерім - дәулетім,
Аман-есен өсе берсін әулетім!

Деді - дағы өзгеше бір күйге енді,
(Тұрғандай-ақ жаңа ғана үйленіп).
-Туған жерім, тірегіңмін, тербеші,
Аңызғақ жел, құшаққа ал да сүй мені!

Мол заманда артық кетіп, тасымай,
Жоғында да жабырқамай, жасымай.
Ақ көйлекті, ақ «Волгалы» жігіттер,
Өмір сүріп жатыр әлі осылай!»

Осы өленді санаға түйіп алғандар кейіннен Маратқа сүйкеніп:

- Жарайды, бұл жерде төртеусің. Әйткенмен төрттікте басшы болады, қосшы болады дегендейін... осы төртеуге берер қандай бағаң бар? - деп сұрамай ма. Сонда Мараттың беті бүлк етпестен былай жауап қайырыпты:

- Басшы кім, қосшы кім, оны өздерің таратып аларсыңдар, менің бағам мынау: Ғалымжанға бой бермеген, ой берген, Шәйкенің Маратына ой бермеген бой берген, ал Төлепбергенге бой да, ой да бермеген.

Әзіл астарына түсінгендер мына сөзді де ел арасына таратып жіберді.

Иә, біз осылайша бастапқы әжуамызға жауап алғанбыз.

Шынтуайтында көпшіл мінезінен, адам баласын жатырқамайтын қасиетінен болса керек Маратты жақсы көрген, онымен тонның ішкі бауындай араласып кеткендер елде өте көп еді. Көкіман Әлхамин, Марат Бөпеев, Сәулебек Жүнісов, Болат Жәмшиев, Болат Сәкенов, Сансызбай Қыстафин, Шәкір Қасымов, Есенқұл Түсіпов, Мейрамбек Балтин, Серікбай Кабдоллин, Уәлихан Тәттімбековтер бірі жасының үлкен, екіншісі кішілігіне қарамай Маратпен сыйлы қарым-қатынасын үзбеген жандар. Сөздері жарасқан, тілектері ортақ осынау азаматтардың игі жүректері құрдас өмірін нұрландырғаны даусыз.

Ол да бір қайталанбас уақыт екен-ау!..

«Қайталанбас уақыт...» дегенде жүректе өткен күндерге сағыныш табы жататыны айтпаса да түсінікті.

1981 жылы Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне оқуға аттанғаным туралы әзірде айтқанмын. Міне, сол уақытта Мараттың көп достық қамқорлық көрсеткенін әр кезде жадымнан шығарған емеспін.

Оқу арасындағы үзілістерде салып-ұрып ауылға келесің. Міне, сонда «Шет» кеңшарында директор лауазымында жүрген Марат «Жарық» станциясынан, жұмыс бастылығына қарамай, өзі күтіп алады. «Талдыға» жеткізеді. Жұмыс арасында жанымда көбірек болуға тырысады. Көп әңгімелесеміз. Елдегі жаңалықтар барысынан әжептәуір хабар алып қаламын.

Үйіне барғанымызда Дәмештің де бар ынта-шынтасымен қарсы алатыны түсінікті. Барын қазанға салып, ауызымызға тосып, сақтағандарын жол қоржынымызға тоғытып, әлек-шәлек болып жүргені ылғида.

Мұндайда Марат қарап қалған ба? Ортаға және қалжың тастайды:

- Дәмеш-ау, бұл сабаз елге біздерді сағынғандықтан емес, қалтасы қағылғандықтан келеді. Сондықтан, беріп құтылғанымыз жөн, - деп отырады күліп.

Иә, ол күндердің енді шуағына ғана жылынаатынымыз даусыз.

9

Қолдың бір бос уақытында жігіттік шақтан жинап қойған қолжазбаларымды шолып отырсам өлеңдерімнің көбі осы Марат төңірегіне шоғырланыпты. Бірде оның аңғалдығын, енді бірде әзілкештігін, енді бірде жігіттік өрлігін өлең жолына айнандырсам, келіншегі Дәмешке арнаған жырларым да жетерлік екен. Осыны өзіне айтқанымда:

- Менен басқа кімің бар еді сенің білгенің мен білмегеніңді кешіре алатын? Осыны байқағаннан кейін жағымпазданғаныңнан да мына тізбегің, - деп қарап тұр.

Мұндай құрдасқа не айтқандайсың! Айтқаныңмен сөз бетін басқа жаққа аударып жіберсе, қылар амалың қайсы...

- Әй, сені сөз түсінетін адам деп айтып отырсам, - дедім қыжылдай.

Марат оған саспады:

- Әрине, мен адаммын. Адам болған соң, сен жырға қосасың, мен жүректен шыққан сөзімді бүкпесіз ақтарып тастап отырамын. Ал сен... Не десем екен? Төлепберген сияқты бірдеңе дәметкен жанға ұқсайсың. Әлде оған сыйлаған сыйлығымды саған да алып берейін бе?

Күліп жібердім. Күлгенім - сыйлық сықпытын білгенімнен.

Есімде. Жұртқа бас болар дер шағымыз. Солай бола тұра, достар арасындағы өзара қарым- қатынасымызда еркеліктің басым тұсы.

Жылдардың бір жылында Төлепбергеннің туған күні құрметіне Марат оған шошқаның торайын сыйға тартыпты. Әрине, өзі алып барып бермеген, әлдекімнен тапсыруын аманат еткен. Бұл оқиға құлағымызға жеткенде аңырадық та қалдық.

Осы жағдайдың сырын кейіннен өзі былай түсіндіріп берді:

- Бұл жолдасымыз негізгі мамандығы болғаннан кейін малдың жағдайын өте жақсы біледі. Әрі өз басының пайдасынан еш уақытта қашып көрген емес. Ендеше, пайда тапсын дегенім де. Мал жылына бір төл туса, шошекең топырлатып бір-ақ түсіреді. Бір емес, бірнеше мәрте және. Қып-қызыл кіріс емес пе?..

Күлгенбіз де қойғанбыз.

Қасақана істейді. Қалжынға сыйдыруға тырысады. Дегенмен әр әрекет салдарында, шындықтың қарасы қылтиып тұратыны талас тудырмайды. Сондықтан біз оны жақсы көреміз. Кей-кейде жанымызға тиіп жатса да, кешіретініміз Мараттың риясыз пейілін сол қалпында қабылдағанымыздан әрі оған сенетінімізден.

Ол елу жасқа толғанда, мына жыр жолдарын ұсынып едім.

«Елу жасқа келген Маратқа елу жасқа келетін Мараттан тілек:

Алғысты ақ көңілмен ұтқан досым,

Барлығын қас-қабақтан ұққан досым.

Самғаған Сарыарқада қырандайын,

Талпынып жайлы ұядан шыққан досым.

Ұларын Ұлытаудың көрген досым,

Жасынан жақсыларға ерген досым.

Жүрегін жолдасына жайып тастап,

Қоң етін кесіп-тіліп берген досым.

Ақын болмай жақсы сөз құрған досым,

Қайнауы да,

қайтуы жылдам досым,

Қанжығаға қалжыңын байлап алып,

Елуіне ат басын бұрған досым.

Осыны қолына алып тұрып:

- Мен сендерсіз қалай өмір сүремін, ә? Әй, өйте алмаспын.

Әй,әй, қиын болатын шығар... - деген еді. Айтқанындай болды да шықты. Ол кіндік қаны тамған аймақта аздап тұруын

тұрғанымен, арамызға қарай асығуын жалғастыра берді. Орманға қарап ұлыған қасқыр секілді Арқа жаққа аңсары ауды да тұрды.

Мұны Мараттың туған анасы Зылия да сезіпті. Ол бала қазасында аңырай отырып:

- Маратым жатса-тұрса осы өлкеге жетуге асығып жүретін. Сөйтсем, өзін қадір тұтатын, өзін құрмет көрген ортасына жетуге талпынған екен-ау. Ақыры жетіп жығылғаны жаныма батады. Ең құрымаса, мына ортада бала-шағасының қызығын көре тұрса қайтер еді... - деген.

Шынында ортамызда әзіл-қалжыңның отын жағып жүре тұрса болатын еді ғой. Жоқ, өйте алмады. Соңына сағыныштың сар табын қалдырып жөнеп берді мәңгілік мекеніне. Аңырап біз қалдық, төрт қабырғамыздың бірі құлағанын мойындай. Осындайда «Беу-беу, жалған-ай!» деп төрткүл дүниеге жар салғың келеді. Не үшін? Жер басқандар жарық дүниенің қадірін біліп жүруі үшін! Ең бастысы - дос қадірін олардың тереңді ұғынуы үшін! Бүгінгі бардың ертең қарасы үзілетінін ертерек санасына құйса, адамзат ешқашан да бір-біріне ашкөздікпен қарамас еді. Ал ашкөздік жоғалса, сыйлы өмір шырайын ашатыны және даусыз. Шіркін-ай, дәл осындай күн туар ма екен мына жалған дүние де!? Сонда өкініш пен өкіскке орын қалмайтыны аян ғой!..

Осындайда есіме екі мыңыншы жылдардың ортасынан аса Тараз шаһарына барғанымыз оралады. Бұл жолы Маратқа арнайы ат басын бұрмаған едік, журналист-жазушы Мақұлбек

Рысдәулетовтің алпыс жасқа толған мерейтойын бетке алғанбыз.

Қарағандыдан төрт адам шықтық: мен, Төлепберген, Тілеубай және жазушы Төкен Әлжантегі.

Жол ұзақ, әрине. Машина тізгінін Тілеубай ұстаған. Басқаларымыз қалғып-шұлғудан қашқақтай әңгімеге өзек тартамыз. Ара-арасында Тілеубай да қызынып сөзге араласып кетеді. Мұндайда Төлепберген үлкендігін таныта:

- Сен жолға қара, - деп ескертіп қояды.

Бірақ оны тыңдай қоятын Тілеубай жоқ, жылдамдық көрсеткішін екі жүздің ол жақ, бұл жағында ойнатып қоя береді. Біз бәрін тастап шыр-шыр ете қаламыз:

- Асықпасаңшы...

- Шет елдің тақтайдай жолы деп пе едің біздің жолды? Сабаңа түс, жарқыным, сабаңа түс.

- Иә-иә, байқап жүргейсің. Бәрінен амандық қымбат!..

Тілеубай құлақ аспайды:

- Ендеше, ауыздарыңа ие болыңдар. Мені, не, шопырым деп келесіңдер ме?

- Қой, жарқыным, олай айтқан ешкім жоқ. Ондайды естісек, керең болайық!

- Басқаң солай ойламасаңдар да мына Төлепбергеннің шопырларды қалай бағалайтынын біз білеміз...

Есіме және бір әңгіменің сап еткені.

Өз уақытында бір кеңшарды әуелі Марат басқарып, артынан оның орнына Төлепберген келген кезең. Бастық ауысқанмен шопырдың ауыспайтыны тағы белгілі. Сондағы жүргізушінің ел арасына таратқан сөзі ғой:

- Бұрынғы бастығымды ұстай алмай әлекке түсуші едім, мына бастығымды машинадан түсіре алмай әбден титықпадым-ау...

Сөйтсек, жергілікті жерлерді аралағанда Марат машина тоқтар-тоқтамастан жерге лып етіп түсіп, жұмысшылар арасына жетуге асықса, Төлепберген, әлдекім келіп жөн-жобаны түсіндіргенше, орнынан тапжылмайды екен. Тілеубайдың меңзеп отырғаны - осы жағдай.

Мұны Төлепберген де түсінеді. Түсінеді де:

- Ауыл адамдары айтқыш қой! Кімнің ауызына қақпақ болғандайсың, - дейді мырс-мырс күліп.

Енді әңгіме бағыты біржола Марат төңірегіне ойысты.

- Естеріңде ме Маратты іздеп Шуға баратынымыз?- деп Төлепберген сөз бастады. - Сонда Кеңкең алып келген ащы судан ұялмай таттық-ау, ә?

- Енді, әкеліп тұрғаннан кейін, қалай бас тартпақпыз, тартып жібергеніміз - шындық.

Оқиға былай болған-ды.

Мараттың жиені үйленіп, соның тойына бір топ жолдастары барып қайтуды ұйғарып жолға шыққанбыз. Сөйтіп, Шуда біраз тойлағанымызды жасырмаймыз. Кеңкең де мәз болып, қойын сойып, қолындағысын алдымызға тосып дегендей күтіп бақты.

Қонақ бөлмеге қатар-қатар төсек салынған соң да, көптен көріспегендер біршама дуылдастық. Ал таңертең оянған шағымызда тілдеріміз ауыздарымызға сыймай жатқанын сезіндік. Әйткенмен үлкеннен ұяла ешқайсымыз тыпыр етпеуге сөз байласқандай бір-бірімізге ләм деместен іштей тыныстық.

Осы жағдайды түсінгендей ақсақал кірді хал-жағдайды білуге.

- Иә, балалар, қалай демалдыңдар?

- Жақсы.

- Жақсы-ақ, - дейміз өзімізше бас ауырғанын сездірмеуге тырыса.

-Жөн-н.

Ақсақал көз астымен барлайды. Түріміз оңып тұрмағаны шындық.

- Жақсы болғаны жақсы, әрине, - дейді Кеңкең сөзін

жалғастырып. – Сөйткенмен... Маратжан, мына жолдастарың елді емес, шөлді ойлап жатқандай ма, қалай өзі?..

Ол кісі кері бұрылып шығып кеткенде, стол үстіне пайда болған шишаны байқап орындарымыздан атып-атып тұрыстық.

- Біздің әкей біледі ғой, шіркін, кімнің неге ауызданғанын, - деді осы кезде Марат мәз қалпыңда.

- Мынаған жасыңнан ауыздансаң, сен ауызданған шығарсың, шүкір, біз оңдайдан адамыз.

Төлепберген Мараттан баяғының есесін қайтарғандай мардымси қалған.

Мұны көргенде Марат та қарап тұрмады:

- Естідіңдер ме, Төлепберген бас жазудан бас тартуда. Олай болса, бұған тамшы бұйырмас, - деді жұлып алғандай. Сөйтті де бір стақанды әрі ысыра, басқаларына ащы судан құя бастады.

Енді араға біз киліктік:

- Қой, Марат, бір жолғы қаттылығыңды қи бізге.

- “Жол үстіндегі жолдас - бәрінен қымбат жолдас” деген сөз бар, сондықтан сараңдық танытпай, Төкеңе жомарттық жасағаның абзал.

- Жарайды, алаған қолым береген,-дейді Марат алыстан келген достарының қолқасына әзер көнген жанның кейіпін байқата, - Кезінде бұдан біраз дүние алған едім, соның қайтарымы болсын құяйын, ыдысын бері ысырыңдаршы?

Мәзбіз. Әкеміздің басқаға байқатпай, тығып әкелгенінен сусындағанымызға көңіл хош.

Кеңкең орта бойлы, ақсары өңді кісі. Үлкенмен үлкенше, жаспен жасша қарым-қатынас жасауға үйір. Әсіресе, Мараттың тұтастарына кеңқолтық. Олардың үйірсектегенін еркелік деп танып, өзі де әрқайсымызды еркелетуге құмар жан.

Ол біздің әкелеріміздің жөн-жобасын да біледі екен. Әр-бірінен дерек көзін жайып тастап отырғаны. Тіпті руларына шейін таратып беруге бар.

Міне, осы кісіні біз де қатты құрметтеп кеткен едік.

Әке туралы сөз қозғалғанда мына бір жәй еске түседі.

Бірде Марат екеуіміз Қарағанды қаласына жұмыс бабымен барып, қайтар жолда қала жанындағы «Құрылыс» ауылында тұратын Балғаш атты ағайға сәлем беруді ұйғара бұрылғанымыз бар. Содан елді мекенге кіре беріске орналасқан автобус аялдмасында көзім таныс қарияларды шалып, оларға сәлем беруге ниет ете:

- Әй, мына кісілер - менің әкелерім ғой! Соғыс ардагерлері. Амандаспасақ, ұят-та, - деген едім, Марат ләм-мимге келместен тежегішті іске қосты.

Сәлем бердік. Оны-мұныларды айтысып сол жерде әжептәуір аялдадық та. Қариялар жөңді ісімізге ризалықтарын білдірісті.

Көлікке қайта мінгенімізде Мараттың:

- Әй, Шәйке баласы, отыз жыл жолдас болғанда он екі мүшесі түгел бір әкеңді көрмей арманда жүрмін ғой, - демесі бар емес пе. Сөйтсем, екі қарияның бірінің көзінің ақауы бар еді де, екіншісінің балдаққа сүйенгенін қалт жібермей мені қағытқан түрі екен.

Мынаны ести отыра ақтарыла күлгенім бар.

Иә, жақсының артында сөз қалады деген осы екен-ау...

Шудағы сол тойдан қайтарымызда және бір қызық оқиғаның орын алғаны. Көргенбіз, жолымызға арналып түрлі тамақ, су-суанның молынан машинаға салынғанын. Соны асықпай ішіп, Шудан 20-30 шақырым шыға берістегі өзен басында аунап-қунап жатармыз деп қуанып отырғанбыз. Алайда бәрі басқаша өріс алды. Жол бастаған Марат алды-артына қарамай тартып берсін. Тіпті, жеткізетін емес.

- Қап, мынаны-ай,ә?! - дейміз қапалана.

- Мынау бізге әдейі істеп келеді, шөлден қаталасын деп...

-Кетті-ау, анау, кетті ғой! Бассаңшы газыңды!

Жүргізушіміз иығын қиқаңдатады. Шарасыз, әрине. Өйткені Мараттың да көлігі әндемді. Қарасын көрсетпесі анық.

Содан қойшы, Марат Шудан үш жүз шақырымдай шыққанда ат тізгінін тартты. Буырылбайталдың тұсы болса керек.

Тіліміз саландап біз де жеттік сол кезде. Түріміз кісі көргісіз, ішіміз алай-түлей.

- Иә, халдарың қалай? Тоқтап, аздап демалуға мұрша таптыңдар ма? - дейді ыржиған Марат түк болмағандай.

Жігіттер кейістіктерін танытып жатыр. Анау болса түкке түсінбегендей аң-таң.

Осыны көре тұрып Төлепберген шыдамады білем:

- Марат, - деді қиястана, - осы сен неше ағайындысың?

- Ой, Төке-ай, оны осы уақытқа шейін білмейсің бе ,тоғызбыз ғой.

Төлепберген басын сәл қисайта езу тартты.

- Тоғызбын дейсің, ә? Сол тоғыздың сегізі Кеңшіліктен туса туған да шығар, ал сен таршылықтан туған екенсің!

Досымыздың тауып айтқанына риза қалыпта дастархан жаюға кіріскенімізде өз басымызды өзіміз «тоқпақтауға» мәжбүр болдық. Сөйтсек, үш жүз шақырымға жалғасқан «машина қуу» әрекетіміз бос әурешілік екен ғой, бүкіл азық-түлік біз мінген машинаға тиеліпті...

Әңгімемен, өткенді еске түсірумен отырғанымызда талай жолды артқа тастап, Приозерск маңына жақындап қалған екенбіз. Мұны байқағанда жігіттер бұрынғы аудан басшысы Сағымбай Медеубаевтың осы жерге қоныс тепкенін алға тарта, осында қонып шығуға тілек тастады.

Сөйтіп біз бұл түнді де естеліктер базарына айналдырдық та, ертеңіне қайтадан жолға шықтық.

* * *

Біздің келе жатқанымыздан хабардар Марат үнемі телефон шалып отырды. Қай тұста келе жатырмыз? Қанша жол қалды? Жағдайымыз қалай? Бәрін сұрастырып жатыр.

Ал Таразға жеткенімізде, қалаға кіре берісте машинасымен тосып тұр екен. Төс түйістіре қарсы алады. Екі езуі екі құлағының түбіне ілінген де қалған.

- Сендер кеше келуге тиісті едіңдер ғой, қайда жоғалып кеттіңдер? - деп назаланады.

Біз Сағымбайдың үйіне түскенімізді айтамыз.

- Күнде болмаса да, жетісіне бір кездесетін достың жанында не бітірдіңдер? Одан да бері шаба бермедіңдер ме?

- Достан достың айырмашылығы жоқ. Оның да көңілін аулап қойдық, - дейміз бір ауыздан.

Марат көнер емес.

- Кеше келгендеріңде бір күн болса да артығырақ кәукілдесер едік қой...

Баладай бұртияды. Мына қалпында білдей бір облыстың "Жұмыла дайындалу, азаматтық қорғаныс, апаттарды алдын ала ескерту және жоюды ұйымдастыру" департаментінің директоры лауазымындағы тұлға екенін ұмытып кеткендей.

- Жарайды, «ашуыңды» бас, аман-есен келдік қой құзырыңа, - дейміз жан-жақтан қаумалап.

Осы сәтте арамыздағы біріміздің:

- Әй, біз шын мәнінде саған емес, Мақұлбекке келген қонақтармыз, - деп қалғаны.

Ол кілт кідірді. Сол сәтінде басын әнтек бұрып:

- Жезделеріңді іздеп келген екенсіңдер ғой, ә? Бәрібір менен құтылмайтындарыңды ойлаңдар, - деді сәл қызара қалып.

«Жезде іздеп келген екенсіңдер» дегені-Мақұлбек біздің жақтың қызына үйленген. Оның жолдасы бізге апай болып келеді. Ортау жақтың тумасы. Соны айтып тұрғаны.

Сөйтсек, қонақ күте білетін оңтүстік қауымы мерейтойға жиналатын әр облыс өкілдерін арнайы қарсы алатын топ жасақтапты. Қарағандыны Мараттың өзі қалап алған. Тізімдегі біздің атымызды көргенде тіптен қуанған. Өзі басқаратын ұжымды бұл шараға жұмылдыра білген.

Мұны біз той дастарханының ертеңіне Талас өзенінің жағалауына орнатылған кигіз үйге түскенімізде сезіндік.

Ал тап мына жерде ол достық көңіл ауанын жайған Марат есебінде енді бұйрықтар бере бастады.

- Ең әуелі арнайы дайындалған қонақ үйге түсесіңдер. Жуынып-шайынып алғаннан кейін менің шаңырағымның қонағысыңдар. Дәмештің күткеніне екі күн. Осыншама кешіккендеріңе ашуланбаса шайын ішесіңдер, ашуы тарқамаса өз обалдарың өздеріңе.

Бәрі оның айтқанындай болды. Көп уақыт өтпей біз досымыздың дастарханында арқа-жарқа отырдық.

Дәмеш құрбымыз қызмет жасап жүр. Сол баяғы жәйраң қалпы. Біздің қосақтарымыздың хабарын естуге асық. Әйелдер туралы сөз қозғалса елең-елең етеді. Қанша дегенмен әйелдер қауымы оның да сыралғы ортасы ғой.

Мәзбіз. Өткен мен кеткеннің есте қалған оқиғалары тау суындай сарқырайды. Мұндайда бірімізге екіншіміз кезек бермеуге тырысамыз. Іштегіні ақтаруға асыққанымыздан, әрине.

- Елдегілер қалай? - дейді Марат сағынышын сонау Арқа төсіне жеткізіп.

- Елдегілер дін аман. Баратынымызды естігендер сәлем айтып жатыр.

- Саламатта болсын бәрі де.

Ойыма бір өлең сап етті. Баяғы Зәрубай ағамыздың жыры. Орнымнан атып тұрып оқи бастадым:

«Бауырым,

Көп ішіндегі тәуірім!
Көлбеңдейді көз ұшында ауылың.
Арқа күні көрейін деп өзінді,
Кеше ғана қоя қойды жауынын.

Бауырым,
Жалт етер бір тәуірім!
Сағындың ба Сарыарқаның сәуірін?
Тар көлікте қалт жібермей келдің бе?
Өскен жердің әрбір сәтін, әр күнін,
Артқа тастап оңтүстікті, селді де,
Артқа тастап мың шақырым жерді де.
Толағайға, көк аспанға шаншылған,
Сәлемінді берейін деп келдің бе?

Мына Нұра сұлу қыздай бұрымды,
Еріп жатыр қарсы алам деп ұлымды.
«Есенсің бе?» дейді, білем, құлақ сал,
Сарыарқаға сән болған,
Иманжүсіпке ән болған -
Тағылы мен Бұғылы.

Келін, шырақ, жаутаңдаған жанары,
Оралдың ба елігіндей даланың.
Сенің аппақ көңіліңе ілесіп,
Аққулар да келіп қапты, қарағым.

Қарағым,
Бауырымды бақытыңа баладың,
Жары болып қолдадың ер талабын.
Жабыға ерсең, жеңіл ғұмыр кешер ме ең,
Тастақ келер жолы әр кез дараның.

Солай, солай зулап күндер көшеді,
Сағым - сурет көз алдында кешегі...
Басқа жерде қанша шалқып жүрсең де,

Дос арасы бақыт орда деседі.
Төлепберген, Марат пенен Ғалымжан,
Ағаң Кенже жаралғандар жалыннан.
Бәрі, бәрі жолға қарап тосып жүр,
Көптен бері көрмеген соң сағынған.

Әнге толып, өскен жерге жарасып,
Дулы Аюлы, Қызылтаудың арасы.
Домбырама, достар, қане қол жалға,
Ортамызда қазақтың нар баласы!»
Дастархан басында отырғандар ду-ду:

- Бәрекелді!

- Ағамыз да айтады-ақ!

- Осындай жырға айналған Марат пен Дәмеште не арман!

Дәмешке қараймыз. Сағыныштан ба, жанары суланып қоя
беріпті. Оны білдірмегенсіп, қол орамалымен көзін теріс айнала
бере сүртіп қояды.

- Әй, осы Зәрубай ағам да қызық. Өскен ортасын қызметке
алмастырып кете барған Маратқа өлең арнағанша бізді жырға
қоспай ма, туған жердің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген, ә?

- Иә, десейші, біз «арқа еті арша, борбай еті борша» болып
онда елге қызмет жасаймыз, ал бұл мұнда жүріп ықылас-пейілге
ие. Бұл әділдікке жатпас!

Енді Марат паң. Ол әлдене айтпаққа оқталған. Айтып та қалды:

- Далада көкжал жортса, кәкір-шүкірлерге жол қалмайтынын
бәрің біліп отырсыңдар. Ендеше, неге таласасыңдар?
Мойындандар көкжалдың ығында жүргендеріңді!

- Пәлі, сондағы көкжалымыз сенбісің?!

- Болайын-ау, болайын...

Марат саспайды:

- Таласқыларың келеді, ә? Онда дәлелдендер сырттан
екендеріңді?

Өз үйінде отырып та қонақтарға жол бермеуін қара, сабаздың!

- Зәкеңнің өлеңінің астарына тереңдей бойламапсың. Онда
Төлепберген, Марат, Ғалымжан деген сөздер бар ғой. Мұны жоққа
шығармақпысың? - деймін отқа май құя.

Құрдасым сасар емес.

- Жай, алыста жүргеннің айбынын асыра түссем ауылдағылар ренжіп қалар, осылардың атын да тіркей салайыншы деген нышан бар мына өлеңде,-деп күмпиеді,-Қане, осыны жоққа шығарыңдаршы керемет болсаңдар!? Бізге он шумақ, сендерге жарым жол ғой? Солай ма?!

Үндемей тынамыз. Өйткені әзіл сөздің астарын ұғынамыз. Ұғынамыз да дос мәртебесіне сүйінеміз. Алысқа кетсе де елдің үлкендері бүйгіп айтып жатса, құрдасымыздың жаман болмағаны.

Мерейтой өз мәнінде өтті.

Ертеңінде арынды Талас жағалауында және тойладық. Оны ұйымдастырған - Марат. Бүкіл ұжымымен бізге қызмет жасады. Құрдасымыздың екі езуі екі құлақ түбіне ілініп қалған.

Кигіз үйден басқа көк құрақ үстіне киіз төселіп, оған қазақы көрпелер тасталған. Бұл аяқ суығар орын сияқты. Ал дастархан биік столға жайылған. Онда адам жанынан басқаның бәрі бар. Қымыз, шұбат, жеміс-жидектің түр-түрі көздің жауын алады. Кәуаптың не бір түрлері бірінен кейін бірі жеткізіліп, тіпті, жеуге орын қалмады.

Міне, осындай баршылық пен молшылық үстінде отырып та қайтар мезгілде Мараттың:

- Мен бұл жерде ұзақ қала алмаспын, орталарыңа оралармын. Ол күн де алыс емес сияқты, - деуі мені қатты ойландырды.

Сөйтсем, басыңнан аяғыңа шейін алтын құйып қойса да, көз көргендер арасы, достар ортасы ерекше екен ғой! Соны түсінген құрдастың ой қорытындысына талас тудыра алмайтынымызды бағамдадым.

Мараттың мәрттігінің, қамқорлығының бір айғағы есіме түсіп отырғаны.

«РАПО-да бастық болып жүргенде ауданға келетін барлық техника түрлері, жанар-жағар май, басқа да ауылшаруашылық

заттары Мараттың бұйрығымен бөлінетін. Аудандық білім бөліміне қарасты балалар спорт мектебінде оқушыларды таситын көліктің жоқтығынан әр түрлі жарыстарға қатыса алмай жүретін еді. Досым Нұрмұқан, ол кезде ауданның ауылшаруашылығы басқармасының бас экономисі қызметін атқаратын. Мен қатардағы оқу бөлімінің методисімін. Ол маған «Сен Мәкеңді танысың ба? Танымасаң да жағдайды түсіндіріп, жаңадан келген бір автобусты мектепке сұрап кіріп шықсаң» - деп өтінді. Сонда Марат екі сөзге келмей: «Ертең ауданымыздың жақсы атын шығаратын жастар. Оның ішінде спортшылар. Сондықтан бұл мәселені шешпесек болмас» - деп бірден келісті.

Аудан шаруашылықтарына арнайы бөлінетін автобусты бюджеттік мекемеге беру мүмкін емес-тін. Қызмет бабын асыра пайдаланған болып есептелетін. Осының өзі-ақ Мараттың ел болашағы - жастарға қамқорлығы ұшан-теңіз болғандығын танытпай ма», - деп еске алатын Зәрубай досымыз.

Мұның өзі Марат досымыздың бір бейнесін танытса керек.

10

Ол 2010 жылы Қарағандыға қайтадан көшіп келді. Бұдан хабардар болғандар жан-жақтан жиналысып, досымыздың ортамызға аман-есен оралғанына мәре-сәреміз. «Құтты болсынымызды» айтып шаңырағына соғамыз, ерулік беруге анда-мында шақырысамыз, әйтеуір ырду-дырдудан бос күніміз жоқтың қасы.

- «Қайтқан малдың берекесі бар» дегенді халқымыз бекерден-бекер айтпаған, -дейді Төлепберген ойнай-барымталап,- Әйтеуір, қайтқан екен, ұзағынан сүйіндіргей дейміз де.

- Халық арасында «қайтып келген қыз жаман» деген сөздің барына да шәк келтірмеңдер, - деймін мен Марат құрдасты қағытқан болып, - Мұның қыз болмай еркек боп туғанына тәубә. Әйтпесе, жүзіміз алмадай қызарып отырар едік, ел-жұртқа қарар бет қалмай.

- Бұл удай тілімен бізден басқа кімге сіңуші еді, қағажу көрген де Оңтүстік жігіттерінен. Басқаша жағдайда отырмас па еді, жеміс-

жидектің арасында сырттағы бізді қызықтырып, ауызымыздан сілекей ағыза, - деп Ғалымжан кеңк-кеңк күліп алады.

- Е, жылан жылы туғандардың жылтыңы бір жерден шықса ғана тіршілік берекелі ғой. Соны түсінгеніне рахмет! - дегенді Тілеубай алға тартып шіренеді.

- Қайын жұрттан жырақтамаудың амалы ғой, әйтпесе есті жігіт елінен кетушіме еді, - деп Бақыткерей қажап қояды.

Бақыткерей демекші...

Бұл досымыз Дәмешпен бір ауылдан және бірге оқыған. Марат болса, біресе қайнаға, біресе менімен жолдас болардай өзінің бағы бар, - деп әдеттегі қалжыңын қанжығасынан суырып тұрғаны. Бірде маған “Мына Маратқа мен анығында кім боламын?” - демесі барма! Менде ойда жүргенді ірікпей: Бас ауырса қайнаға, айтар Марат қасында. “Бас жазылса қай бала,” дейтін осы досың да” - деп салдым. Марат үнсіз қала ма:

- Әй Бақыткерей! Шайкин төре емес қой төрелік айтамын деп дес бермей жатыр.

Мына жақтан Абылай қосылады:

- Есі кірген шамада қайта айналып келіп үйірін тапқан құрдасты енді тым қажай бермейік, ыңыршағын шығарып алармыз...

Абылай - ортаға кейінірек қосылған Жаңаарқа жақтың жігіті. Топқа түскенде оның қажап үнін естімейінше жанымыз жай таппайтыны анық. Етінен ет кессең де былқ етпей отырады-ау отырады әзілге де, шымшымаға да төзіп. Қысқа қиылатын шашы үнемі тікірейіп жүретіндіктен, алғашында Марат «шөткебас» деп айдарлаған. Дегенмен кейіннен жол апатына ұшырап, енді сылтып басатын болғандықтан, «Ақсақ Темір» атандырып жіберген.

Оның кеңсесін кейде штаб-пәтер деп те атаймыз. Өйткені, сырттан келетіндер ең әуелі Абылайға қарай ат басын бұрады. Сол жерден жан-жаққа хабарласып, әріде «Ақсақ Темірдің» жолбасшылығымен негізгі жұмыстарын бітіріп жатады. Бірқағарғада жоқ емес. Кейде, ішіп-жем үстінде: «Бала-шағамды асырауым керек пе, жоқ келген-кеткендердің тамағын қамтамасыз етуім керек пе? Осы жағын айырып беріңдерші? Әйтпесе, менің мыйым осы сұрақтың жауабына жетпей жүргені», - деп отырғаны былқ етпей.

Мұндайда Марат жанып түседі:

- Әй, «шөткебас», алдыңа бір келгенде мұншама тарылғаның не, ә? Бүйтетін болсаң келмейік...

Енді біз қарқылдап күлеміз. Марат бірдеңені бүлдіріп алған баладай айналасына жаутаң-жаутаң қарағыштайды.

- Не, мен инеге жіпті дұрыс сабақтамадым ба?

- Әрине, бүлдірдің, - дейміз күлкімізді баспаған күйі, - Абылайды өзің «Ақсақ Темір» деп асқақтата таққа отырғызасың, сөйтесің де өзің «шөткебас» деп және тоңқалаң асырасың. Сонда қай теңеуіңе сенгендейміз?

Енді Марат ыржияды.

- Шынымен сөйтіп қоямын ба? - Қолын ербең-ербең еткізеді, - Болмайды, болмайды, бұл - нағыз Ақсақ Темір! Сондықтан бағалаймыз және бұған бағынамыз. Басқаша амалымыз жоқ!

Біздің жарастығымыз жарасқан соң әйелдеріміз де туған абысын - ажындай. Бір-біріне сәлем-сауқаттарын жолдасып, тату-тәтті тіршілік кешуде.

Мараттың еңбегі де ел алдында бағаланған. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, әскери шені - подполковник.

Мұның бәрі, әрине, ел сенімінен. Халық Маратты өте жақсы көрді, оған сенді. Елпілдеген бала мінезімен жақты ол маңайына. Іскерлігімен, көпшілікті істі жүргізуге жұмылдыруға ептілігімен басқалардың көңілінен шықты. Сондықтан, көш басында тұруға лайықты еді.

Құрдасты мұратына жеткізген халық тілеуі екеніне талас жоқ. Ал халық тілеуінен асқан ізгілік жоғы және белгілі. Бұл жағдай қасиетті хадисте де айтылады.

«Бірде Мұса пайғамбар мен Перғауын дауласып қалыпты.

- Өмір Ніл өзені сияқты. Ол өз бағытындағы ағысынан танбайды. Тағдыр да осыған ұқсас. Олай болса, тағдырды өзгерту мүмкін емес, - депті Мұса.

- Жоқ, - деп оған қарсы тұрыпты Перғауын - Қаласам, мен Нілді теріс ағыза аламын.

- Қалайша? Бұл - мүлдем болымсыз жағдай.

- Сен қара да тұр, мен оны өзгертемін!

Екеуі бір мәмілеге келе алмай айырылысыпты. Мұса ананың сөзіне сенбей үйіне қайтып кетеді. Сол бетінде ұйқыға жатып, ертеңінде тұрғанында өз көзіне өзі сенбей қалады. Ніл теріс ағып жатыр екен.

Мына құдыретке илана қоймаған Мұса Жаратушы Алла алдына барады.

- Пәрмені күшті Жаратушы ием, - дейді ол түк түсінбеген қалпында - Кеше біз, Перғауын екеуіміз, бір нәрсеге келіспей дауласып қалып едік. Ол Нілді теріс ағызуға ниет еткен. Мен бұл іс Сіздің ғана құзырыңызбен шешілетінін айтқанмын. Ал бүгін таңертең тұрсам... Ніл теріс ағып жатыр. Сонда мұны қалай түсінуге болады?

Алла сәл ойлана отырып жауап қатыпты:

- Мұса, сенің айтқаныңның бәрі жөн. Ғалам менің ықтиярыммен қозғалысқа ие. Оған ешкім шәк келтіре алмас. Сөйткенмен мен өзім жаратқан пенде баласының наным-сеніміне және тілегіне құлақ асуға тиістімін. Мысалы, кеше сен үйіңе барысымен ұйқыға жаттың. Ал Перғауын түні бойы құлшылық етіп, Нілдің ағыс бағытын өзгертуімді сұрады. Мен оның осы тілегін жерде қалдыра алмадым. Енді түсіндің бе шын тілесең, шын ниет етсең, бәрін өзгертуге болатынын?

Мұса үнсіз басын изепті».

Иә, халқы сүйген ұлдың ұлық тұратыны - шындық.

11

Иә, тіршілік ұлы дария да біз оған қосылған жалғыз тамшы су ғанамыз. Солай бола тұра, өз қасиетімізді анық аңғаруымыз керек. Өйткені сансыз тамшы болмаса, дария да болмас еді. Ендеше, адам деген атымызға дақ түсірмей мына жалғаннан өте алсақ олжаның үлкені - сол.

Адам қалпында дүние есігін ашқан соң, бізге үлкен салмақ жүктелетінін де ұмытпауымыз керек. Ол - өзіміз өмір сүрген қоғамның гүлденген баққа айналуына күш салу, ұрпақ шашып, дүрия тіршіліктің өз салтанатын сақтай, болашаққа асуына үлес қосу. Міне, осы талап дәрежесінен шыға алсақ қана біз өзімізге

жүктелген міндет үдесінен табылған жан иесі болып саналамыз. Басқаша жағдайда, келгенің мен кеткеніңнің құны қара бақырға татымайтынын тіршілік заңдылығы әр уақытта танытып тұрады.

Құрдасым, жазушы Төкен Әлжантегінің қолжазбасында сақталған мына бір өлең жолына үңіліп көрелік.

«Өмір дейміз,
жүрміз соған илана,
Жанда сәуле,
сәуле ойнар мыйда да.
Ақзер дүние ақ жаймасын тосатын,
Кіріп-шығар жолаушылар -
үй ғана.

Сен қонақсың
Қонақ күні шектеулі,
Жауқазындай гүл ашасың көктемгі.
Сонсын сезіп жылымықты, өктемді,
Өзгелерге босатасың көк белді.

Қиял-құсың қанат қағып ұшты-ай көп,
Іштің,
Жедің,
Қызықтадың түсті әйбет!
Сен қонақсың
Біл әлінді,
О, адам,
Дастарханға дәмін татқан құспай кет».

Шынында да, дәмін татқан дастарханға құспай кеткенің жөн. Сонда соңыңнан ергендерің қашанда да сені мақтаныш етіп жүретіндері анық.

Бала Әйгерімнің бір өкініші әлі күнге жүрек сыздатады. Әкесінің қайтыс болғанын естіген сәтте ол анасына:

- Мені дәрігерлер оған жібермеді ғой. Мен оған барғанда, әкем мені көргенде өлмейтін еді!.. - деп солқылдаған еді. Оны ести тұрып бәріміз көз жасымызға ие бола алмай қалғанбыз.

Қайдан білсін, қайдан сезсін балаң жүрек, мына өмірдің тым қатал екенін. Қайдан ұқсын тіршіліктің әділетсіздіктен тұратынын.

Иә, адам маңдайға жазылғанынан асып кетпеген. Мейлі керемет бол, мейлі данышпандықтың ауылына ат байла, бірақ пенде баласы шайтан емес, шайтан болмаған соң, пәни жалғаннан әйтеуір бір мәңгілік бақиға аттануға тиісті. Марат соны тағы бір рет біздің санамызға құйып кетті. Олай болса, шектеулі ғұмырдың сән-салтанатына дақ түсірмеуге тырысайық, ағайын!

Бір ескертерім, - мына бірінші бөлімде мен оның еңбек жолына тоқталған жоқтың. Себебі екінші бөлімде ол Маратты көрген, білген адамдардың естелік мақалаларында баяндалатынына сендім.

Тек бір қосарым: Марат көп балалы шаңырақтан шықса, Дәмеш те - көп балалы отбасының түлегі. Шаңырақтан түлеген бес ұл мен үш қыз - бүгінде еліміздің түрлі аймақтарында Отанымыздың гүлденуіне өз үлестерін қосып жүрген жандар. Үлгілі шаңырақ иелері.

Дәмеш те Қыпшақ руынан шыққан қыз. Осыны Марат мақтанышқа айналдыра, қашанғы желдірме әдетімен:

- Сендердің балаларың жартылай әрі, жартылай бері болса, менің балаларым - таза Қыпшақ! Сондықтан, бүкіл мамлюктерді басқарған Бейбарыс тұқымымен байқап сөйлесулерің керек, - деп отыратын. Мұның өзі талай қызық әңгімелерге бастау еді.

Соның бір дәлелі: журналист досымыз Сәулебек Жәмкенов Мараттың үйінде қонақ болып отырғанда, осы әңгіме тағы айтылады. Ал, Сәулебек Маратпен нағашылы-жиенді болып келеді. Соны пайдаланған журналист далаға шыққандарында, аулада байлаулы тұрған итке қарап:

- Марат-ау, мынауың да Қыпшақ па? - деп құрдасымыздың сазайын бергенге ұқсайды.

Бүгінде бәрі өткен күннің еншісінде. Маратты еске алғанда біз оның санада сайраған әңгімелерімен ғана жылынамыз.

Мараттың көпшілдігі, адамға жақсылық жасауға жақын тұратындығы ерекше еді ғой. Үлкен-кіші демей, оның арасында қарапайым адам демей, бәріне еркелеп жүретін әдеті бар еді.

Елдің сыйлы ақсақалдарына көмегін тигізіп, бәрімен тіл табысып кетерін қайтерсің.

Талдыда қызмет бастағанда бірге жұмыс атқарған аға-құрдастары: Жахметов Жұмажан, Әкімжанов Терлікбай, Жақсыбеков Сәтбергей, Әділбеков Райымбек, Мусин Жолан, Аманбеков Сайлаубай, Шешенов Сағат, Тұрсынбаев Рахат, Линд Виктор және басқалармен өткізген күндері қызыққа толы болса, Шет, Бұрма, Жарық елді мекендерінде ағалы-інілі болып араласып жүрген Жүнісов Сәулебек, Кернейбеков Мұқатбек, Туғанбаев Әсман, Жәмиев Болат, Жүнісов Жорғатай, Маханов Орынбасар, Прокопенко В.П., Вихляев Ю.И., Әбдікенов Қимелден, Бөргеков Аманкелді, Әдісбеков Сансызбай, Жұманов Армия, Абақасов Сағындық, Сәкенов Болат, Бейсенбеков Аманай, Әлімханов Жағыпар, Оспанов Сәкен, Жақанов Имаш, Тәбенов Сейітжан, Серіков Бауыржан, Тәжібеков Нұрлан, немере туыстары Жиенбаев Әрміш, Мұрат, Болат, құдалары Уәлиев Аманкелді, Білалов Аманбай, Әбішев Нұрболат, жанұялық жолдастары Сейітқазы-Қамажай, Аманбек-Меруерт, Жаңбырбай-Аманкүлмен әзіл-қалжыңға толы әдемі сәттер мен өткізген күндер ешкімнің есінен кетпес.

Аудан көлеміне белгілі азаматтар: Қасымов Шәкен, Балтин Мейрамбек, Түсіпханов Аман, Қапасов Балтабай, Есенбеков Тілеуқабыл, Доскеев Біләл, Маясарова Шәкен Тұрабайқызы, Хамзин Бекежан, Жүнісов Кәмел, Аешов Ғабидолла, Майтан Бораш, Туғанбаев Тұрсын, Түсіпов Есенқұл, Қуандықов Жақсылық, Қанапин Мағауия, Адамбеков Серікбай, Балтабаев Аманбай, Мақсұтов Рақымжан, Смағұлов Әділ - мұның барлығы Маратпен қанаттаса жүріп аудан экономикасын көтеруге үлес қосқан жандар.

Ал елге танымал азаматтар: Кенжетаев Нұрғали, Әлхамин Көкіман, Тәттімбеков Уәлихан, Қабдоллин Серікбай, Бөпеев Марат, Исин Әбікен, Сәдуақасов Мақсұт, Құтжанов Есентай, Жаппаров Сембай, Әбдіғұлов Сағат, Жаңабаев Ұзақбай, Қыстафин Сансызбай, Сейдімбеков Асылхан, Әбдіғалиев Бақыт, Майкенов Сәткен, Кенжеғұлов Бауыржан, Жамкенов Сәулебек, Наурызбаев Қанат, Бөлендин Жарқынбек, Жанатов Батырхан, Жаманшалов

Бақыткерей, Алимжанов Қуаныш Маратпен жақсы қарым-қатынаста болып, тіршіліктерінде сыйласып өткеніне жұрт куә.

«Марат ауырып қалыпты».

Бұл хабар желден жылдам жетті. Абыр-сабыр болдық та қалдық.

Жұмыстан босағанымызша және бір суыттықтың ызғары қарып өтті. «Марат жансақтау бөлімінде жатыр екен».

Өте жайсыз хабар. Қайран досқа не болған? Езуіне өзіне тән жымыысын қондырып жақында ғана жайрандап жүрген еді. Ауырамын деп айтпаған.

Көңіл алаң, құпияны білгенше ас батар емес.

Салып-ұрып Қарағандыға жетсек, шынында құрдастың жағдайы тым ауыр. Ауыр болмаса аурухананың қалыпты палатасын орналастырылар еді де, оған келушілерді кіргізер еді. Жоқ, ішке кіруге тыйым салынған. Олай болса, мына сырқаттың беті қатты.

Дәлізде отырып алып Құдайдан құрдастың айығуын тілейміз. Қолдан басқа келер қайран жоқ.

Туғандардың бәрі аурухана ауласында сабылумен жүр. Қабақтары қатыңқы. Оларға бірдеңе айтудың өзі қолайсыз. Сонда да көңіл аулауға тырысамыз.

Біресе Зылия шешемізге, біресе Дәмеш құрбымызға барамыз.

- Уайымдамаңыздар, жазылып кетер. Марат тіні мықты жігіт қой, мына ауырлықты да көтеріп алар...

Деуін дегенмен артының не боларына өзіміз де сенбейміз. Өйткені, емдеуші дәрігерлердің сөзі жанға үміт ұшқынын ұялатар емес.

Адамға ең ауыр сәт белгісіздік албарына қамалған сәті екен. Не үмітке арқан кермей, не ертеңнен демеу күтпей әрі-сәріліктің құшағында қыстығып, бойды еңсерер күштен ауа жетпей, тұншыға түскенінде, дүние бір уыстық шеңберге сыйысып қоя береді. Бір-ақ уыстық әлемде енді қандай еркіндік? Содан демігуге зар болған күйі шарасыздығыңа мойынсұна, сырттан түсер құзырға бағыныштылығыңды әбден мойындайсың. Ал бұл мойындау соңында болған мен болатынның қарасы үзіліп, уайым сұлбасына қарап қалғаныңды ғана түсінуге мұршаң бар. Тек сол

уайым тамырын тереңге жаймаса жақсы. Басқаша жағдайда... Құдай бетін аулақ қылсын, басқаша жағдайда аспан мен жер арасының кеңдігінен қайыр күтудің өзі - ағаттық.

Біз өзімізді-өзіміз қаншама күшті санағанымызбен, уақыт өткен сайын үміт жібі үзіле бастағандай еді. Ақыры солай болды да. Естігіміз келмеген жайсыз хабар айналаны дүр сілкіндірді. Марат енді арамызда жоқ! Қайран дос есімі бұдан былайғы уақытқа өткен шақпен ғана айтылатыны өкінішті.

Айнала дүрлігіп қоя берді. Айнала ғана емес, аспан асты күңіреніп кеткендей. Қыстың ызғарынан әлі де болса болмашылық сақтап тұрған табиғат салқын жаңбырын себелеп жатты.

Енді суыт хабардан құлақтанған бұқара халық арасында абыр-сабыр басталды.

«...Марат Кеңшілікұлы - қайда жұмыс істемесін, қандай лауазым атқармасын өз ісіне адал, еңбек сүйгіштігімен ортасына танылған жігіт. Оның жарқын бейнесі көпшілік жүрегінде ұзақ сақталатынына сенімдіміз», - деп облыстың бұрынғы-кейінгі басшылары, еңбек ардагерлері К.Ж.Дүйсембеков, Қ.Б. Жұмабеков, Қ.М.Медиев, С.Ж.Дүйсебеков, П.П.Нефедов, Б.Б. Жексенбин, К.М.Шушиков, С.Т.Тұңғышбеков, М.Қ.Садуақасов, С.М.Медеубаев, Т.А.Алтынбеков, Ж.С.Сериков, Р.Қ.Әбдікеров, С.Өскембеков, Қ.К.Тілеубергенов қол қойған азанама облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне жолданды.

Жолдас-жоралар да өз көңілдерін баспасөз арқылы білдіріп жатыр. Онда былай деп жазылған:

«Қадірлі дос, абзал азамат, облыс жұртшылығына есімі мәлім ауыл шаруашылығының маманы Марат Кеңшілікұлы Ахметовтен қапияда айырылып қалғанымыз жанымызға қатты батып отыр. Ешкімді жатырқамайтын, алысқа да, жақынға да пейілін ашық ұстайтын, туралыққа ғана жүгінетін жан еді. Кемшілік көрсе, бетің бар, жүзің бар демей тура айтатын бірегейлігі сүйсінтетін. Ашуға жол алдырмай, жайыла күліп келетін жарқындығы айналасындағыларды тәнті ететін. Амал нешік, Жаратқанға да жақсы керек дейді ғой, үстіміздегі жылдың сәуір айының он екінші жұлдызында мәңгілік сапарға аттанып кеткені өкінішті.

Марат 1953 жылдың он алтыншы ақпанында Жамбыл облысының Шу қаласында дүниеге келген. Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейінгі өмірі Қарағанды облысымен байланысты болды. Шаруашылық саласында болсын, партиялық қызмет тұтқасын ұстамасын, ол ең әуелі аймақтың экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне елеулі үлес қоса алды. Еңбекте ғана емес, өмірде де Марат жан-жағына жайлы болатын. Өзінің дархан көңілімен, кеңпейілдігімен ешкімді жатырқамастан жаңа жерден аға тапты, іні тапты, дос-жаранға кенелді.

Марат әсіресе құрбы-құрдастарының алдында ерекше беделге ие бола алды. Жарастықты әзілдері, жарасымды оспақтары, жан жадыратар қалжыңдары арқылы әр кезде ортамызды дуға айналдырып жіберетін. Сөз қадірін терең түсінетіні, қазақы сөйлеу өнерінің сырын жетік меңгергендігі тілінен анық байқалатын. Егер біреудің оғаш қылығын байқаса, қолма-қол балама тауып, әзілге сыйдыра сынап қоятыны кім-кімді де жасқандырғаны жасырын емес. Мұның өзі М.Ахметовтің ұлттық рухқа бай азамат екендігін көрсететін.

Иә, біз, жолдастары, ауыр қаза үстінде отырмыз. Көп айт, аз айт, белгілі бір азаматтың қадір-қасиетін мына қазанамаға сыйдыру мүмкін емес. Мараттың көзі тірі кезінде айналасына жасаған жақсылықтары, жомарттығы, өз ортасына сіңімділігі, сонымен қатар, жұртқа жайлылығы алдағы әңгімелерде. Ал дәл осы сәтте оның көзін көрген, етене араласқан жора-жолдастары марқұмның отбасына, туған-туыстарына қатты қайғырып көңіл айтамыз.

Топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, ақ көңіл досымыз Марат! Қош, абзал азамат!»

Ауыл ақсақалдарының да мына қазаға айтарлары бар.

«Бүгін өмірден озған Марат Кеңшілікұлының өмір жолы шежірелі Шет өңірінде мәңгілік тыныс тапқан Сеңкібай батырдың кесенесі орналасқан Шет аудандық ауылшаруашылық бірлестігінде, қазіргі Талды ауылында, өтті. Жоғары білімді маман өндіріске қоян-қолтық араласып, оның қыр-сырын меңгеріп, небәрі бес-алты жылдың ішінде бөлімшенің қатардағы зоотехнигінен үлкен лауазым биігіне шейін көтерілді.

Марат тіршілігінде Талды мен Үңіректің ағыс аясында небір дүлдүлдер өткен Шет ауданы халқының алдында құрметке бөленді.

Бауырымыз Мараттың жарқын жүзі біздің жүрегімізде сақталады», - деп олар да еңбек ардагері Боранбай Жұмкеұлының атымен ниеттерін білдіріп жатты.

Қарапайым халықтың қосары да жетерлік. Шет ауданының тумасы Қоңыр:

«Орның бөлек ортада,
Абзал інім, Маратым.
Өксік қалды қолқада,
Сынып түсті қанатым.

Суық хабар сыздатты,
Жүрегімді, жанымды.
Кірпігіме мұз қатты,
Жоғалтқанда нарымды.

Тұрушы еді ағалап,
Күлкі жайлап нұр жүзін.
Қабарғандай бар алап,
Аққан сәтте жұлдызым.

Талай-талай сындарда,
Қағып еді періштең.
Жазуға бұл не шара,
Орның болсын пейіштен», - десе, Мараттың күйеу баласы

Рүстем:

«Естелікке санам шумақ теріп отыр,
Бойым бірақ мына өмірден жеріп отыр.
Ажыратпай ара - жік ауыз салған,
Ажал қатал дегім де келіп отыр.

Қайран аға, биікте ед парасатың,
Алатаудың өзінен ары асатын.

Сезіміңнің тұңғыық тереңіне,
Балқаш тұрмақ, Байкал көл таласатын.

Әзіліңмен әдемі қағыстырып,
Ел мен елді жүруші ең таныстырып.
Оңтүстік пен Арқаны жалғап кеткен,
Марат аға - шын қазақ, нағыз жігіт!

Емес едің шіріген бай баласы,
Жомарт едің, жоқ ешкім тайталасы.
Бір білерім, бүгін нақ жылап жатыр,
Әр тал шөбі, Бұрманың сай-саласы.

Қорған едің досыңа, туысыңа,
Түссе алтын шашушы ең уысыңа.
Тығырыққа тағдыр сан тірегенмен,
Тыға алмады стандарт қуысына.

Әулетіңнің алдында жанып тұрдың,
Сіз арқылы тылсымды танып білдім.
Өзіңізді басқамен шатастырған,
Ақымақ деп ажалды танып тұрмын.

Қайран, аға! Биікте парасатың,
Жан табылмас саған енді жарасатын...» - деп толғайды.

Менің де қадамым ақ қағаз бетіне жол салады:
«Жанындай жақсы көрген жолдас-жора,
Туғанға, туысқанға болған пана.
Бір сәтте кеттің келмес жаққа, Марат,
Жазылмас жүректерге салып жара.

Жақсыға қиып кетер жақынын да,
Жүйрік ең тер құрғамас тақымында.
Сүрінбес сері күннің бәрін қиып,
Жер жастанып қалдың-ау ақырында.

Топ бастар көп ішінде серке едің,
Үлкенге, кішіге де еркеледің.
Жан едің жалындаған қызуы оттай,
Тоқтады неге сонша ерте демің?

Тайыңнан танып бірге жүрген едім,
Жақсыға құлағыңды түрген едің.
Болмысым, жүрегім де, көңілім де,
Өзіңмен, естимісің, бірге менің».

Бұл кезде Жамбыл облысының азаматтары да аза салмағын сезініп жатқан. Жедел жеткен азанамалар, халықтың Марат отбасына жеткен көңіл білдірулері - бұл айтқанымыздың нақты дәлелі.

Иә, бір өмір осылайша тым ертерек өз шеруін үзсе, бір үлкен жүрек осылайша өз қағысын тоқтатқан еді...

12

Қасиетті Хадисте айтылатын мынадай жағдай бар:

«Жәннәт пен тозақ дәлел келтіріп өзара үстемдік етуге кірісті, - дейді Әбу Сағид әл Хұдри разиаллаһу ғанһұдан айтылымында. Сонда тозақ:

- Мен сенен үстеммін, өйткені зорлықшылдар, тәкәппарлар менде, - дейді.

Жәннәт оған қарсы шығады:

- Жоқ, олай емес, өйткені кішіпейілдер, мұсылмандар, олардың сорлылары менде, - деп.

Араға Алла тағала кірігеді. Ол былай деп ана екеуін тежеген екен:

- Әй, жәннәт! Сен менің рахметімсің, қалағаныма сенімен мархамет етемін.

- Әй тозақ! Сен менің ғазабымсың, қалағаныма сенімен ғазап етемін. Екеуін толтыру маған тән».

Осында баян етілгендей, айналасына кеңдікпен қараған, басқаларға титтей де қиянаты болмаған, алысқа да, жақынға да мейірімін төге білген Марат досымыздың жәннәт төріне шыққанына біз сенеміз.

Әрине, Мараттың әзілін өргізе, ортасына шапағатын жая, арамызда жүре тұрғаны жөн еді. Дегенмен Жаратқан ие пәрменіне қарсы келер қайратымыздың жоқтығынан, біз бұл қазаны да мойындауға мәжбүрміз. Мойындап қана қоймаймыз, сонымен қатар оның салмағын көтеруге тәуелдіміз. Қайран құрдастың енді арамызда жоқтығын байқасақ та, оның тіршілік барысындағы әр ісін, әр сөзін жанымызға жақын тұтып, бейнесін көңілімізден өшіре алмай жүргеніміз - оны өлді деуге қимағанымыздан. Бірақ қимастық бір басқа да, шынайылық екінші басқа дүние екенін түсінік қауашағына сыйдыратын болсақ, бұл әрі-сәріліктің шырмауынан шығарымыз және айқын. Дәл сонда нағыз шындықтың ауырлығын бұдан да қатты сезінерімізге сенемін.

Дариға дәурен үстінде адамзаттың тек бақытты болуды аңсайтыны - белгілі құбылыс. Төрт құбыла түгенделіп, басынан бақ таймаса, тұрмыс тауқыметі орын алмай, тек қуаныш пен шаттық мәйегін жайып тұрса, пенде баласы үшін одан артықтың керегі де шамалы болып қалары анық. Бірақ өмір атты дарияның оның бәрін көтере алмасы белгілі. Біреуге көл боп жайылғанмен, екінші біреуге шөл болып томсаратыны - соның айғағы. Міне, осындай жағдайда адамзат өкілінің болашаққа жаяр қанатын ұя басында қайырып алмағаны керек-ақ. Сонда ұшар кеңістік аясын ашып, қонар заңғар құшағын жайып, дүние түрленіп тұрар еді.

Амал нешік, біз қазір басқа бір қоғамда тіршілік кешіп жатқандаймыз. Бабалар рухы тасаға жасырынып, алмағайыптықтың аңғары тынысымызды тарылтқан үстіне тартыла түсуде. Соның нәтижесінде болса керек, адам мен адамның адамша сөйлесу қалпы қиындап бара жатқаны жасырын емес. Адами құндылықтан ақшаға табыну құндылығы басым түскен уақыт өлшемінде ашқарақтық пен ашкөздіктің шырмауына оралған жанның енді қашан өз еркіндігін табары беймәлім. Ендеше, халықтығымызды жоғалтқымыз келмесе, рух биіктігіне жол ашып, дүрмек дүние дүбіріне қазақылық реңді қайта қалыптастыруға жұмылғанымыз абзал. Сонымен қатар қанымызға ана сүтімен сіңген ізгілік пен ізеттілік деген ұғымды ұрпақ санасына қайтадан қалыптастыруға күш салғанымыз орынды. Басқаша жағдайда ұлттық болмысымызға қағылған сынаны жұлып тастауымыз екіталай.

Иә, тыныш көлде толқын ойнамайды. Толқынды туындататын-жел. Ол арынын күшейткен сайын, толқын да бойын көтеріп, дүние дүрлігіп қоя беретіні сөзсіз. Ал дүние дүрліксе, адасқан көш ұйқысын аша, өз бетін түзу бағытқа бұрып, халықтық мұрат тамырын тереңдетері - айқын жағдай. Олай болса, біз, бүгінгінің естиярлары, ұрпақ болашағына әсер етер жақсылық дәнін жер бетіне сіңіруге бар күшімізді жұмылдыруға міндеттіміз.

Осы арада менің есіме тағы да Марат құрдастың түсетіні-заңдылық. Ол өмір бойы елдіктің туын жықпауға, еңбектің соңында зейнет тұрарын мұқым жұртқа жариялауға асығып жүретін. Сол асығыстық ақыры алып тынды ма деген күдік туады әрқашан. Бәлкім, алып тынбаған да. Жаратқанға да жақсылар керек дейді ғой, пәни жалған шырайын айшықтаған азамат бақи бағын баптауға қажет болған шығар, әйтеуір, түбтің түбінде бәріміз жетер тұсқа ертерек жетіп жығылғаны даусыз.

Осы арада сәл аял жасап, қазасына жыл толар шамада Марат көп армандаған, көзі тірісінде өзі есімін лайықтап жүрген Темірлан атты бүлдіршіннің Саламат шаңырағында дүниеге келгенін қуана хабарламақпын. Өмір дегенің бір қуаныш, бір қайғының қосындысы деген шындықтың осы екеніне иланайық, ағайын.

Мына естелік-эссені жазу барысында мен бір шындыққа сүйендім - құрдасымның жолы үзілмегені жаныма нұр төкті. Артында Дәмештей жары барда, Азамат, Саламат, Әйгерімдей ұрпақтары тұрғанда, Марат ізсіз кеткен жоқ. Ал ізі қалғанды өлдіге санау - әсте қате пікір. Ендеше, көзден кетсе де, көңілде сайрап тұрған жан досыма пейіштің төрін тілеймін.

Топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, қайран дос!

II Бөлім ЖАДЫМЫЗДА ҚАЛҒАН БЕЙНЕ (Естеліктер)

МҰҢ БОП ТАМҒАН ТАМШЫЛАР

Біз бір шаңырақ астында отыз алты жыл бірге тұрыппыз.

Отыз алты жыл! Бұл аз ба, көп пе? Өткен шақтың тіліне сүйенсең, көзді ашып-жұмғандай ғана уақыт екен. Танысқанымыз, жастықтың жарқын шақтарын бірге өткізген күндеріміз күні кешегідей еді. Ұйықтарға жатар шамадағы алданыштай болған қайран уақыт бүгінде тым алыста. Тәтті түс көріп ояңған жандай бей-жай қалыптамын. Өйткені жанымда Маратым жоқ. Өмірімнің мәніне айналған жан жарым созсаң қолың, талпынсаң шамаң жетпейтін сағымды белдердің арғы жағына асып тынған. Енді оралмайтыны белгілі, ыржия күліп тұрар бейнесін санаға қалдырып, өзі мәңгілік деп аталатын әлемге сіңіп кеткені -ақиқат.

Иә, отыз алты жыл. Санасаң, сан жетпес қуаныштардың айғағына айналған осы отыз алтының қазір мыңнан бір бөлігіне зар болып қалған жайым бар. Жыл емес, ай емес, күн мен сағат емес, ең құрымаса, отыз алты секунд Марат қасыма келсе, мен соған да разы болар едім. Бірақ...

Алла жазуына амал бар ма, мен қазір сағынышымды жанардан тамған жаспен басуға мәжбүрмін. Мұң боп тамған тамшылар жан-дүниемді жаңғырық астына тастағандай ағыл да тегіл жылап аламын да, тірі жанның алданышы - тірнек қамына жүгініп кете барамын. Бұл - жасықтығымды балаларға көрсетпеуге тырысқанымнан. Олардың көңілін алакөбелікке бастамауға күш салғандағы тапқан амал-айлам - осы. Әсіресе, мектеп жасындағы Әйгерімім қайғыдан жүдей бермесін деген ниет мені түпсіз қараңғылықтан себезелеген сәулеге алып шығады. Өйткені ендігі арқа сүйерім - осылар ғой. Ал олардың алдағы күнде қамсыз-қайғысыз тіршілік кешуіне өзімнің жауапты екенімді мойындаймын. Сондықтан өтірік болсада, олар жүргенде, күштірек болып көрінуге өзімді-өзім мәжбүрлеуге дайынмын.

Жауапкершілік жүгі бұрын екі жанның мойнында еді. Әсіресе отағасыға түсер салмақ тым ауыр болатын. Амал нешік, сол отағасының жоғын жоқтатпау міндеті маған бұйырғанда, менің әлсіз болуға қақым жоғын сезінемін, әрине.

Біз отыз алты жыл бір шаңырақтың түтін иісін сезіндік, осыншама уақыт бақыт бесігінде тербетілдік. «Әй» дескен жеріміз жоқ, «шәй» дескен түс және еске түспейді. Ендеше, махаббат шуағына шомылғанымыз, сыйластық айдынын қол ұстаса кешкеніміз айқын. Осының бәрі абзал жанды, үлкен жүректі ерімнің жақсылығынан. Ол жайсаңдығымен жайраң тірлікке жол салып тастаған еді.

Қазақ халқының отбасы қай заман бедерінде болсын отағасының қас-қабағымен жетілген. Отағасы ешқашан да біреуге қатты сөз айтпаған, келісуін де, келіспесін де қабағымен ғана таныта білген. Міне, осы қасиетті ұғымды ұстанғанымыз біздің үйге де түсіністік пен ымырашылдықтың, бірлік пен берекенің сыбағасын бұйыртқанына сенемін.

Сене отырып, үйленгенімізге отыз жеті жыл толуын бірге отырып атап өте алмағанымыз жаныма батады.

Есімде, отыз жылдық тойымызда Мараттың бірге өскен достарының бірі әрі сыныптасы Төлеу мен оның жұбайы мына бір өлеңді сыйға тартқан еді. Қайталап оқып көрейінші:

«Өмірге қандай ғажап келу деген,
Келесің өркендеумен, өнуменен.
Бала-шаға, немере, достар жетіп,
Құятын әр уақытта сенімге дем.

Өмірде отбасының мәні бөлек,
Жүректі жүрсін бақыт әні бөлеп.
Қызығын бұл жалғанның бірге көріп,
Қуаныш бола берсін әлі де көп.

Шаттықпен өте берсін өмірлерің,
Ешқашан ортаймасын көңілдерің.
Қонақтап шаңыраққа қыдыр мен бақ,
Ризығың арта берсін еліңде мың.

Әрқашан бірліктерің жарқылдасын,
Тірлікте бақыт көлі тартылмасын.
Отыз жыл шаңыраққа шырай берген,
Маратжан, биік тұрсын алтын басың!»

Дәл осылай толғаған бала күнгі қайран дос! Амал нешік, сол Төлеу отасқанымызға отыз жеті жыл толғанына арнау өлең жаза алмады. Бәрі бәйтерегімнің беймезгіл құлап түскенінен...

Мараттың мінезі айналасына жайлы еді ғой. Басқа түгілі, келіндерін өз атымен атамайтын. Үлкені Бақыт пен кішісі Әлияны «балам» деп жанына жақын ұстайтын.

Бірде мынадай қызық оқиға өтті. Мен үйде жоқпын. Әлияның аяқ астынан шұғыл жұмысы бола қалып, Маратқа:

- Папа, мен бір жерге жүгіріп барып келсем қайтеді? - деп өтініпті. - Тез келемін. Бір сағат көлемінде үйде боламын.

- Жақсы, бара ғой, - депті Марат кеңпейілділік таныта. - Немерелерге өзім қарай тұрармын.

Немерелер дегені егіздер еді.

Содан телефон шаламын, үйде ешкім тұтқаны көтермейді. «Не болып қалды?» деп алаңмын.

Кешкісін табалдырық аттағанымда, шалым азар да безер.

- Ой, Дәмеш, мына екеуімен қалғанша екі рота солдат алып, солармен жаттығу алаңына кеткенім тәуір екен. Мен бүгін осыны түсіндім.

- Е, соншама дүниеден безінердей не көрінді? - деп сұрамаймын ба.

Марат сайрап қоя берді:

- Баламның (Әлияны айтқаны) бір тілегін жерге тастамайын деп екі немерені алып қалмасым бар емес пе. Теледидар көріп отырғанмын. Содан бір қарасам, екеуі де орындарында жоқ. Аттарын атап шақырсам, дыбыс салмайды. Жүрегім тас төбеме шықты. Ана бөлме, мына бөлмені аралап шықтым. Ізім-ғайым. Содан жүгіріп барып туалеттің есігін ашып қалсам, біреуі унитаздағы суға қолын малшып мәз. Аттып шығып, жуындырайын деп ас үйге кірсем, екіншісі қоқыс салатын шелекті төңкеріп тастаған, одан шашылған заттармен алаңсыз ойнап отыр. Маған қарап ыржиып қояды.

Амал нешік, әйтеуір, тапқанымға шүкіршілік ете алғашқының қолын шая бастағанымда, екіншім қайта жоғалсын. Қолымдағыны құшағыма қысқан күйі іздеп берсем, ол кір жуғыш машинаның есігіне басын тығып алыпты.

Шығарып алып төргі бөлмеге қамап ұстадым. Сонда байқағаным - оның алдында екі сабазым телефонның, мұздатқыштың сымдарын тоқ айырғыштан айырып тастаған екен ғой.

Сөйтіп, ақ тер, көк тер болып отырғанымда, келін келді.

- Ой, айналайын, мына екеуімен енді қалмаймын, шешен қалсын, - деппін сасқанымнан...

Осылай айтып қарап тұр.

Күлдім. Күлдім де:

- Бала баққанның қандай екенін енді түсінген шығарсың, - дедім сыпайы.

Ол қолдарын ербендетті.

-Түсіндім, Дәмеш, түсіндім! Содан кейін ғой сені алаңдатпауға тырысатыным...

Біз, әйел заты, «еркек - түздің адамы, әйел - үйдің адамы» екенін неғұрлым ертерек түсінсек, солғұрлым бағымыз жарқырай ашылатынын ұғынуымыз - шарт.

Міне, осыны келіндердің құлағына құюдай құйып келемін. «Әр уақытта мұздатқыштарыңда екі табақ ет тұрсын, - деп тапсырамын. - Қонақ жалғыз келмейді, сондықтан өздерің сасқалақтап қаласыңдар».

Тағы айтамын: «Папаларың ешқашан да дара жүріп көрген емес, ылғи қасында бір топ жолдастары болады. Сондықтан ол үйлеріңе беттесе, дастархан қамын молынан қамдауға тырысыңдар, - деп.- Басқаша жағдайда өздерің ғана ұялмайсыңдар, папаларыңды ұятқа қалдырасыңдар».

Обалы нешік, екі келінімнің де түсінігі мол, кісі сыйлауды, құрметтеуді білетін балалар. Соған тәубе деймін.

Мараттың бір қасиеті- басына түскен салмақты тез ұмытады. Ол үшін сәл алданыш кезіксе, жеткілікті.

Немерелер демекші... Азаматтың екінші баласының аты - Жәния. Ол - көбіне, біз алыста болғандықтан, нағашыларының қолында өскен қыз. Ал нағашылары Тоқа руынан. Осыны

пайдалана Жәнияны «Тоқашка» дейтін еркелетіп. Кішісі Дильназ. Осы Дильназ үйге келгенде бізді алдай келеді. Кешке шейін армансыз асыр салып, қас қарая әйнекке қарағыштауға үйір. Бұл әке-шешесіне асыққандағы түрі. Бірақ, бала болса да, онысын тікелей айтпайды: «Папам мен мамам іздеп жатқан шығар,» - деп тыпырши бастайды.

Сонда Мараттың: «Бұлар жиырма бірінші ғасырдың балалары ғой, үлкенді алдаусыратуды іштен ұғынып туған. Қой, алдана салайық», - деп күліп отыратыны ғажап еді.

Жас кезімде ойлаушы едім: «Ерімнің әкелгенін ұқсатып отырсам, ішетін тамағым болып, үйім таза тұрса, келетін қонақтарымды дұрыстап күтіп алсам, дүние түгел. Азаматым атқа мінсе, ел араласа, соның жолын тосуға жазса, мен де кем болмаспын», - деп. Сөйтсем, өмір мүлдем басқаша қырын ұсынады екен. Тіршілік қайнаған қазан екен де, оған үнемі тамызық тастап отыру керек екен. Басқаша жағдайда қазан суып, ол суыған соң, ошақтан ырыс қашып, береке бей-берекеттік сипат алатынын шынайы тірлік үстінде талай байқадық қой.

Біз қарапайым өмірді жанға қуат еттік. Қолымыз көп нәрсеге жеткенде де, асып-тасуды ойлаған жоқпыз. Барымыз болса бауырларымызға, жақын-жуықтарымызға көмек қолын созуға тырыстық. Солардың жастары оқып, адам қатарына қосылса, үлкендері де ештеңеден мұқтаждық көрмей, бақуатты тіршілік кешсе деп тіледік. Мұны тек сөз жүзінде айтпадық, іспен де дәлелдеп отырдық. Бауырларымыздың үйленетіндерін үйлендіріп, тұрмысқа шығатынын шығарып дегендей, әрқайсына өз әлімізше жағдай жасауға тырыстық. Ең бастысы, «мынау менікі, мынау сенікі» дегенді сылтау ете екі жақтылыққа салынбадық. Ала қойды бөлек қырыққанның опа таппайтынын ұғына, бірлік дегенді жоғарыға қойдық. Соның нәтижесінде тұтастыққа қол жеткіздік. Мұның бәрі азаматымның жақсылығынан, әрине.

«Азаматың жақсы болса, ат мінерсің...» дейтін сөз бар ғой халқымызда. Құдайға шүкір, біздің мінген атымыз сол-екі жаққа да сыйлы атандық. Менің бауырларым Маратты жезде деп емес, аға есебінде санады.

- Ой, Дәмеш-ай, сенің бауырларың өте адал ғой,- деп отыратын мұндайда Марат сүйінішін жасырмай.

Науқастанған шағында жақсылықты сол бауырларымнан көрді. Күндіз мен отырамын жанында, түнде Бағлан мен Қуат күзетеді.

Қуат - менің сіңілімнің баласы. Біздің қолда өсті. Ең бірінші мені «апа», ерімді «ата» деп атаған осы - Қуат.

Марат оны бала кезінде қатты еркелетуші еді. Тілін қызық көріп Маратты, Төкеңді, Ғалекеңді боқтатып жататын. Мұндайда мен қысылып отырамын. Оңашада: «Қойсаңшы, ұятта,» - деймін. Мұндайда Марат жанып түседі. «Бала боқтағанға олар жаман болып қалмайды, керісінше ана-мына қылықтардан тартынып жүреді. Ал тартыншақтық осы үшеуіне керек-ақ», - деп отқа май құя түсуге әзір.

Бірде мынадай оқиғаның куәгері болғанымыз жасырын емес. Төлепберген үйіне қонаққа шақыра қалды. Шақырмас бұрын телефон шалғаны есімде. Әңгіме үстінде Қуатты сұрапты. Ол біздің қолда ма, әлде Бұрмада ма, соны білгісі келгенге ұқсайды.

Мынаны естігенде сөз сарынын түсінген Марат телефон тұтқасын тастай салды. «Баламен бала боп...» деді сыздана. Сонсын қайтадан жеткен қоңырау даусын елең етпестен сыртқа шығып кетті. Қуатты бізден бөлгенін жаратпағаны.

Ұзын сөздің қысқасы, біз қонаққа бардық. Қуат болса-болмаса қасымызда. Оны көргенде Төкең жік-жапар. Бөлек стол дайындаған, оған тәттілердің не бір түрлерін қойған.

- Қуатты өзім күтемін, - деп зыр қағады, алдаусыратқаны баланы. - Мынаның бәрін саған арнап алдық айналайын!

Сөйтіп жүргенде Төкең мүлт кетіп қалған-ау:

- Көзіңе қарамайсың ба!.. - деген Қуаттың боқтық аралас сөзі естілді. Елең еттік.

Сөйтсек, Төлепберген шырынды дастарханға төгіп алыпты да, Қуат соны ескертіп жатыр екен.

- Мына бала абыройымды айрандай төкті-ау... - дейді Төлепберген қызарақтай. Басқа шара қалмаған соң айтқаны мына сөзді.

- Өзіңнен де бар, - деп екінші Марат қарқ-қарқ күледі. - Жас баланы алдандыра алмай жүріп, ел басқарам дейсің-ау...

Ыңғайсыздандым. Дегенмен тыпыр етуге шамам жоқ. Ал ерім болса, түк болмағандай, түк көрмегендей жайбарақат. Алдындағы тамақтан алып қойып өзімен-өзі отыр.

Үйге оралғасын жолдасыма:

- Баланы жаман әдетке баулығаның не? Түсіндірсеңші боқтық сөздің әдепсіздікке жататынын, - десем, ол:

- Ештеңе етпейді, құрдастар мен достардың арасында мұндай-мұндайлар болып тұрады. Ең бастысы, бала жасында тентек болса, өсе келе одан өзі адаланады. Тек ес бергенін тіле, - дейді жымыып. - Ал Қуаттың есті бала екеніне сенемін.

Шынында ер түйсігі алдамапты, Қуат ақылды боп өсті. Айналасына мейірімі басым.

Бір қызығы, ол өсе келе боқтық сөзді өзі доғарды. Ондайды естісе, қызарақтап қалатын әдет тауып алды.

Бала демекші... Біздің Азамат пен Саламат жастайынан еңбекке араласты десем, мақтанғаным емес. Біз «Бұрмаға» келгенде, мұнда тұратындардың басым көпшілігі орыс пен неміс халқының өкілдері екен. Олар үй маңайын көкке бөлеуге құштар, әлбетте. Аулаларына гүл өсіріп, шарбақтың ішіне бау-бақша салып, олардың сыртына ағаш отырғызып, әйтеуір, баспанасын көкорайға бөлеп тастайды. Осыны көрген Азамат пен Саламат та ағаш өсіруге, бау-бақша етуге құштарлығын ертерек танытты. Мұндайда маған кәдімгідей ақыл үйретіп отыратын: «Директордың ауласы қу тақырға айналса, жұрт не демек?» - деп.

Оның үстіне, Марат балалардың малжанды болып жетілуіне әсер етеді дегенді алға тарта үйге сиыр, жылқы, қой, тауық ұстауды ұйғарғанда, олардың күтімі тағы да балалардың мойнына жүктелгені - шындық. Шүкір, екі ұлым бұл жұмыстарды тиянақты атқарумен жүрді. Тіпті, былайғы жұрт «директордың малдары кір-қожолақ» дегенді айтпасын деп, түліктердің үстін шөткемен тазалайтынын, шелекке су толтырып алып жуатынын қайтерсің.

Бұл ауылда бес-алты ғана қазақ отбасы бар-ды. Мараттың өзі қазақтан шыққан алғашқы директор еді. Осыны білетін балалар енді өздері басқа ұлттың балаларына тай мінуді, ат жарысын ұйымдастыруды үлгі етіп, палуандар сайысын өткізуді нықтап қолдарына алды. Соның нәтижесінде көшеде тай мінгендер қатары

көбейді. Олар баяғының шабандоздарындай бастарын орамалмен шарт түйіп алып қиқуға басқанда, басқа тұрғындар еріксізден-еріксіз езуіне күлкі үйіретін.

Мұндайды көре және ести жүріп Марат: «Директордың балалары осындай болса керек», - деп мағұрланатын. Бірақ мұны балаларының көзінше айтпайтын, маған өзіміз жеке отырғанда жеткізіп, ұрпағының көпшілдігіне, олардың еңбекқорлығына сырттай сүйсініп отыратын.

Қайран, сол күндер-ай! Айналып қайта оралмас нағыз бақытты шақ артта қалып қойыпты-ау!..

Ол күндер - қазір арман уақыт! Тіпті, қиял десе сиятындай оқиғалардың өте де кете барғаны өкінішті. Сөйткенмен бұдан былайғы жерде болғанның алданышын малданып өмір сүретінім - және ақиқат. Мен қазір Маратпен бірге өткізген қайран жылдардың жылуына жылынған пенде баласымын. Бір-екі ай шамасында бейітінің басына барып, оған сырымды ашып отырмасам, денем құрысып, ішім алай-түлейге толып, өз-өзімнен жайсызданатыным анық.

Мараттың үлкенге іні, кішіге аға бола білгені оның тіршілік аясындағы естелік ғұмырын ұзарта беретіні күмәнсіз. Оны танығандар, білгендер қатары сейілмейінше, есімі ел аузынан түспейтініне және иланамын. Бәрі жолдасымның көзі тірісінде айналасына кең болғанынан, қайырымдылығынан, танысты да, жатты да жатырқамаған иманжүзділігінен. Сазарып тұрсыншы, маңынан адам қашып, жалғыздықтың жан азабын тартар еді. Жоқ, сазара алмады. Оған қанына сіңген қарапайымдылық қасиеті жібермеді. Сөйтіп, менің ғана емес, елдің Мараты атануына жол ашты. Ал, ел баласының ешқашан да елеусіз қалмайтыны белгілі.

Қызық, Маратты менің ата-анам күйеу бала деп қабылдамады, іштен шыққан бір баласындай жандарына жақын тартты. Тіпті, атын атамай «Маратжан» деп еркелете сөйлегендері әлі есімде. Неліктен? Өйткені Марат оларды туған әке-шешесіндей көрді.

Бауырларымның да жезде деп желпілдеп тұрмай, «көкелеп» өткені жанымды сүйіндіретін. Бұл да ерімнің елдікті мұрат тұтқан пейілінің арқасы.

Иә, осының бәрі өткен шақпен айтылатыны ғана - өкінішке негіз. Шіркін, алпыс жасын тойлауға жаздырмады ғой. Басқалар отырған той төрінде менің Маратым отырса, несі айып еді?

Отыра алмады. Тағдыр жазбады. Алпыс деген мерейтойының орнына қазасына жыл толғанына орай жұртқа ас беруге қам жасап жатырмыз. Алланың жазуы! Жаратқан иенің бұйрығына бас ию біздің пешенемізге жазылғанын мойындағанымыздан.

Амал нешік, мына жалған дүние - пенде баласын сынақтан өткізетін алаң ғана. Сол алаңнан абыройыңды төкпей өтуге мұрсат тапсаң, алдыңнан тосар пейіш төрі алтын қақпасын ашпақшы. Мен Мараттың сол қақпадан ешқандай кідіріссіз асқанына сенемін.

Жаның жәннәтта болғай, қайран арысым!

**Дәмеш АХМЕТОВА,
адал жар, аяулы ана, Мараттың жесірі**

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ ЕДІ

Марат пен танысқанымыз бір қысыл-таяң кезде болды. Ол кезде мен Ағадыр аудандық атқару комитетінің төрағасы едім. Жақан Қошанов деген жолдасым бар еді. Әкесі Ұлы Отан соғысына қатысқан, Жарық кентінде тұрады. Сол кісі қайтыс болып, жерлеуді ұйымдастырып жүргенде таныстық. Кенттен 12 шақырым жерде тұратын Шет кеңшарының директоры болып істейді екен. Жақанның әкесін ақырғы сапарға шығарып салуда Мараттың еңбегі зор болды.

Ақкөңіл, мінезі ашық, айтқанын орындайтын, іскер жігіт бірден ұнады. Ұмытпасам, бұл 1975 жыл болуы керек. Содан бері туыстай, ең бір жақын інім болып кетті.

Маратты кейін де көп көріп жүрдім. Оның ішінде, облыс активі есебінде сан жиналыстарда бірге болдық. Тіпті, бір-екі рет қатар отырып, пікір алыстық та. Сол жиындарда айтқан шаруашылық жұмыстарын қалай жақсарту керек, ауыл экономикасы мен мәдениетін көтеру туралы кеңестері маған қатты ұнайтын. Осындай басшылар көп болса екен деп армандаушы едім.

1993 жылдың басында Шет ауданының әкімі болып келдім. Марат осындағы ең үлкен ірі шаруашылық «Бұрма» кеңшарының директоры екен. Бірден аудандық әкімшіліктің алқа мүшесіне кіргіздім. Кеңшардың жұмысы өте жақсы ұйымдасқан, ауданға ғана емес, облысқа, тіпті, Республикаға белгілі озат шаруашылық. Жұмысы дүркіреп жүріп тұр. Семинар, тәжірибе алмасулар облыс бойынша осы кеңшарда өтетін. 1995 жылдың шілде айында мал азығын кешенді дайындау жөнінде үлкен облыстық семинар кеңес өтті. Облыстағы барлық кеңшардың басшылары, бас инженерлер, ферма меңгерушілері, шөп дайындайтын бригаданың бригадирлері қатысты. Ауылшаруашылық министрлігінің белді мамандары да болды. Семинар өте ұйымдасқан түрде жақсы өтті, жоғары баға алды. Оны ұйымдастырушы кеңшар басшысы Марат еді.

Бір күні Марат кеңшардан қоңырау шалды. Ақылдасатын жұмыс бар еді, уақыт болса маған келіп, пікірлесіп алғысы келетінін айтты. Ертеңіне түстен кейін бірден қабылдадым. Ол

көптен бері Голландияда тұратын жігіттермен байланыста екен. Кеңшарда Голландия тәсілімен картофель өсіруді қолға алсам, техника, тұқым және 2 адамды 5- 6 айға үйретуге жібереді,”- деді.

Барлық құжаттары дайын. Енді барып соны өз көзіммен көріп, ұнаса келісімге қол қоямын,”- деп өз пікірін білдірді.

3- 4 күн өткеннен кейін қайта қоңырау шалды. Ол жерге үлкен бригадамен бару керек екендігін айтты. Неге біз голландиялық картопты өсіру тәсілін жалпы ауданға таратпаймыз? Одан аз шығын жұмсалып, көп өнім алынады. Бұл өз кезегінде шаруашылықтың экономикасын көтеруге үлкен әсерін тигізеді екен. Мен өз пікірімді айттым: “Әуелі «Бұрма» кеңшарынан бастайық, өте тиімді, пайдалы болса, басқа шаруашылықтарға да таратамыз;”- дедім.

Бір ай өткеннен кейін облыстық ауылшаруашылығының басшысы Бөрібай Бигожаұлы, мен, Марат бастаған бір топ адам оның ұйымдастыруымен Голландияда бір жеті болып, картоп өсіретін бригадалардың жұмысымен танысып, үлкен тәжірибеден өткендей болып елге оралдық. Кеңшар коллективі картофель өсіруге бет бұрып, оған жан-жақты әзірленді. Техника да, құрал-саймандар да , тұқым да, мамандар да кеңшарға келді. Олар қалай салудың, өсірудің тәсілдерін кеңшар еңбеккерлеріне жан аямай үйретті. Келген адамдарға жұмыс істеуі үшін кеңшар басшылары барлық жағдайларын жасады. Ауыл мамандары бұл жұмыстың қыр-сырын жақсы меңгерді. Бірінші жылдың өзінде гектарынан 90 тонна, екінші жылы 105 тонна, ал үшінші жылы 130 тоннаға дейін таза картоп өнімін алды. Марат онымен қоймай, жанындағы «Красная поляна» кеңшарына да тәжірибесін таратты. Кейін бұл кеңшар да Голландия тәсілімен картофель өсіруді жақсы меңгерді. Бір сөзбең айтқанда Жезқазған облысында бірінші болып Голландия тәсілімен картофель өсірудің бастамашысы болған Марат Ахметов еді. Оны біреу біледі, біреу білмейді. Сондықтан Мараттың есімі тек «Бұрма» кеңшарына ғана емес, исі Жезқазған өңірінде мәңгі сақталуы керек.

Жоғарыда айтқандай, содан бері біріміз іні, біріміз аға болып кеткендей болдық. Кейін ол Жамбыл облысына ауысты. Қатынасымызды үзген жоқпыз, қайта бұрынғыдан да нығая түсті.

Тойға, жолдастар «ол дүниелік» болғанда, жұмысының көптігіне, жердің шалғайлығына қарамай, міндетті түрде келетін. Әлі есімде, Жарық кентінде Жорғатай деген жолдасымыз қайтыс болғанда келді. Риза болып, ол кезде Қарағандыда істеуші едім, Шет округінің әкімі Әділ екеуіміз Жарық кентінен 30 шақырымдай жердегі үлкен бұлақ басында қарсы алдық. Дос-бауырлардың әңгімесі таусыла ма, көп отырып қалдық. Сонда Дәмеш қарындасымның: «Неге келгендеріңізді ұмытып кетпеңіздер»- деген қалжың сөзі әлі құлағымда.

Бірде «Матан» ЖШС-нің директоры інім Мұрат «Жамбылда Қазақстан мен Қырғызстан шекарасындағы Қордай өзенінде көпір салып жатырмын. Өте үлкен, 890 млн. теңге тұрады. Соны көріп қайтсаңыз» - деп Қордайға шақырды. Бірден Маратқа қоңырау шалып, еліне бара жатқанымды айттым. «Жақсы болды, сізді Жамбылға келтіре алмай жүр едік. Бөрібайға да айтамын. Осыны сылтаулатып келсеңізші, »- деп қиылды.

Бір жетінің ішінде Таразға жол түсті. Қаладан 30-40 шақырым жерден Марат қарсы алды. Қуанышында шек жоқ. Бір туған ағасы келгендей болды. Ертеңіне облыс әкімі Бөрібай Биғожаұлына алып барды. Әкім жақсы қарсы алып, ақыл-кеңестерін беріп, барлық жағдайды жасады. Бұл жақсылықты еш уақытта да ұмытуға болмайды.

Маратқа қатты риза болғаным сонша, баласы Саламаттың үйлену тойына 20 шақты адамды Таразға бастап алып бардым. Салтанат 500 адам сыяатындай қала орталығындағы бір үлкен мейрамханада өтті. Ол кезде жастау кезіміз ғой. Тойды өлең айтып, би билеп дегендей асабаның орнына өзім басқарып кетіппін. Бөрібай Биғожаұлы демалыста Чехияда екен. Қызды-қыздымен түн ортасында Чехияға қоңырау шалып (ол жақта шамасы түнгі сағат 03:00-гің кезі болу керек): “Мен Тараздамын, Мараттың баласы Саламаттың үйлену тойында отырмын, қандай тілегіңіз бар?” - деппін. Ол кісі мені қатты сыйлайтын. Екі жасқа жүректегі жақсы тілектерін айтып құттықтады. Соны қатысып отырған адамдарға жеткіздім. Бөрібай Биғожаұлын Жамбылдықтардың қатты сыйлайтынын сонда білдім. Бәрі орындарынан тұрып, жақсы

дем алып қайтуларына ізгі тілек білдіріп, тост көтерді. Әрине, бұл Маратты, оның отбасын қатты сыйлағандықтың айқын көрінісі еді.

Марат туралы көп айтуға болады. Оның өмірі - бір шежіре. Жазсаң, бір кітапқа да сыймайды. 40 жылдан артық білемін. Отбасымызбен араластық. Бірде оларда, бірде біздің үйде болдық. Бүгін еске алсақ, соның өзі үлкен бір мереке сияқты. Тіпті кейбір кезде Марат өзінің дүниеден ерте кететінін біліп, бой жазып жүрді ме деп ойлаймын.

Бірде Шымкентке жұбайым Ғалия екеуміз бара жатсақ Тараз теміржол вокзалында Дәмеш екеуі гүлдерін ұстап, қарсы алды. “Қайдан білдің?”- десем: “Өзіңізден үйренген іс қой,” деп қалжыңдайды. Қазір Сарыағашқа жиі барамыз. Өткен жылы перронға шығып бірдеңе жоғалтқандай (көңілім құлазып, біреуді күткендей бір түрлі кейіпте болдым. Күтіп алатын Маратым енді жоқ. Соған сенгім келмеді. Пойыз орнынан қозғалғанша, Мараттың келетін жағына қарап тұрдым. Бірақ келіп қала ма деген үміттен айырылғым келмейді. Оның жымыып, езу тарта күлгенін, тәтті қалжыңын қалай ұмытарсың.

Сарыағашта «Арман» санаторийінде дем алып жатқан кезіміз еді. Медбике іздеп келіп: “Сізге адамдар келді, соларды алып келемін,”- деді. Әр түрлі ойға қалдым. Бұл жақта мені кім іздеуші еді дегендей. Айтқанша, бір топ адамды бастап Марат кіріп келіп, бас салып құшақтап жатыр. Таразды көшіріп алып келіпті. Санаторийдің директорын, бас қабылдаушысын шақырып бір күн тойладық.

Марат арамыздан жас кетті. Оның берері әлі көп еді. Ол асқан маман, өз ісінің шебері, ауылшаруашылығының шебер ұйымдастырушысы, елдің сыйлы азаматы болатын. Қазірде «Бұрма» кеңшарының адамдарымен кездесіп тұрамыз. Олар Маратты ерекше атайды, оның адамгершілігін, іскерлігін, мәдениеттілігін күні бүгінге дейін жыр қылып айтады.« Орынында бар оңалар» деген ғой. Артында Азаматы мен Саламаты, жан жары Дәмеш қалды. Мараттың жасамаған жасын, көрмеген қызығын солар көрсін деймін.

Қасымбек Медиев,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

СЫЙЛЫ КҮНДЕР ШУАҒЫ

Иә, сыйлы күндер шуағы көңілден ешқашан да өшпек емес. Уақыт өткен сайын нұрланып, уақыт өткен сайын мәуелей беретініне көзім жеткен адаммын.

Маратпен алғашқы қызметтес әріптес атанғаным өткен ғасырдың сексенінші жылдарымен тұспа-тұс келеді. Ол «Бұрма» кеңшарына директор болып келгенде, мен бөлімше басқарып жүрген едім.

«Бұрма» шаруашылығының негізгі тұрғындары басқа ұлт өкілдерінен тұратын. Осыған байланысты ма, әйтеуір, Маратқа дейін бұл кеңшарды өзге ұлт өкілдері басқарып келгені белгілі. Сондықтан алғашында жұртпен тіл табыса ала ма деген күдіктің көңілді мазалағаны жасырын емес. Әйткенмен Марат бұл күдікті бірден сейілтіп жіберді. Алғашқы күннен-ақ үлкенмен де, кішімен де жараса, еңбекке халықты жұмылдыра білді. Осының өзінен-ақ жаңа басшының әлеуетті мүмкіндігі айқын танылып тұрған-ды.

Әріде жұмыс қалыпша жүре бастады. Жұрт жаңа директордың маңайына үйіріліп, өнімділіктің арта түскеніне талас жоқ.

Марат ешқашан да ешкімге дауыс көтерген адам емес. Бастықпын деп және кергімейтін. Қандай шаруаға да білек түре араласып кетуші еді. Мұны көрген жай жұмысшы да қарап қалмайтын. Соның нәтижесінде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» ұжым табыстан табысқа жете бастады.

Жұртты қызықтырған тағы бір нәрсе - Мараттың отбасы да, бұрын айналысқан-айналыспағандарынан хабарым жоқ, әйтеуір, жер қазып, бақша шаруашылығымен әуестенуді жалғастыру арқылы тосырқай қараушыларға үлгі бола білді. Жолдасы Дәмеш бар, балалары Азамат пен Саламат бар - үшеулей жүріп өз үйлерінің айналасын гүлдендіріп жіберді. Осы жұмыста отағасының бастық мәртебесін пайдалана, басқаларды шақырмады да. Бәрін өз күштерімен тындыруға жұмылды. Мұның өзі сынай қарағандарға сабақ болғаны сөзсіз.

«Бұрма» шаруашылығы бұрында да аудан бойынша алдыңғы қатардағы сүт кеңшары еді, ал Мараттың келуімен аясын кеңіте еңбек жолын жалғастыруға мұрсат тапты. Еттік бағыттағы мал асылдандырылып, сүтті мол беретін жаңа тұқымдар өсіріле

бастады. Нәтижесінде онсыз да озат шаруашылық кемел шақты бастан кешті десем, артық айтқандығым емес.

Мұның барлығы адамдар тұрмыс-тіршілігіне мол әсерін тигізгені даусыз. Орталыққа жаңадан тұрғын үйлер бой көтеріп, қоныс санының арта түскеніне ел куә.

Әрине, уақыттың бір орында тұрмайтыны белгілі. Ол алға озған сайын қоғамның да өзгеріп, жаңаша сипатқа ие болып жататынын көз көрді. Сөйткенмен «Бұрма» шаруашылығының әлі күнге атын өзгерткенімен, затын сақтап қалғаны көңілге дем. Өне бір аласапыран шақта тұрғындар сабырын жоғалтпай, үйлер бұзылмай, жапа-тармағай көшкендер қатары сирей қалыптасып, кеңшар өз бет-бейнесін жоғалтпады. Мұның өзі жаңа күнге деген адамдар сенімін арттырғаны даусыз.

Кейіннен Марат басқа жұмыстарға ауысты. Сөйткенмен біздің қарым-қатынасымызға сызат түскен жоқ. Біз бұрын еңбектес әріптес қана болсақ, енді құйрық-бауыр жескен құда атандық. Мараттың Азамат атты тұңғышы мен Жаңылшақ екеуіміздің қызымыз көңіл жарастырып, отау тікті. Сөйтіп, мың жылдық жекжаттыққа жол ашылды.

Мараттың бір қасиеті - сыйлы ғұмырдың сипатын асыра білуінде деп ойлаймын. Ол ешқашан да басқаға міндетсініп көрген жан емес. Керісінше өз көңіл ауанымен өзгелердің санасуына ықпал етуші еді. Бір ғана мысал: екінші баласы Саламаттың қайын жұртын да ол жанына жақын тарта білді. Құдағиы Гауһарды қарындас санап, Гауһардың апайы Бақытқа өзімсіне:

- Баха, мен келе жатыр деп естігенде ешқашан да ештеңеге қысылып әуре болмаңыздар. Келемін, келсем, тоңазытқышта май мен нан тұрса соны жеймін де тоят табамын, - дегенін құлағым сан шалған, - Ал, сіздер алаңдамай шаруаларыңызды жалғастыра бересіздер. Осы жөн болады.

Мұның өзі үлкен жүректі адамдардан шығатын сөз екеніне кәмілмін.

Ол үйдегі Нұрислам құда - Ақтоғайдың тумасы. Көп сөлемейтін біртоға жан. Әйткенмен Марат екеуі шүйіркелесіп, ортақ әңгімеге негіз қалай білетін-ді.

Көп айт, аз айт, болғанның болғаны, өткеннің өткені талас тудырмайды. Біздің арамызда да айтуға тұрарлық оқиғалардың орын алғаны баршылық. Оның қайсы бірін жіпке тізгендейсің, қайсы-бірін жария еткендейсің? Көзі тірісінде сыйлы күндердің шуағын көп көргеніміз ғана - жанға дем, жүрекке қуат. Енді соның жылуына жылынып күн кешетініміз сөзсіз.

Осы орайда, Марат көрмеген қызықты адал жары Дәмеш, балалары мен немерелері көрсін, Марат жетпеген биікке оның отбасы мүшелері жетсін деген тілек туындайды.

Ләйім, жарқын күндер жалынын жоғалтпасын!

Амангелді УӘЛИЕВ,
құдасы

ҰМЫТЫЛМАС БЕЙНЕ

Марат екеуіміз 1986 жылдан ара қатынасымызды үзген емеспіз. Сол жылдың төртінші шілдесі күні сол кездегі Жезқазған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Г.Давыдов Шет ауданына келіп аудандық партия комитетінің кезекті пленумында мені бірінші хатшылық лауазымына тағайындады да, Марат аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары әрі аудандық агроонеркәсіп бірлестігінің бастығы болып бекіген еді. Міне, сол шақтан бастап біздің жұбымыз жазылмады десем, артық айтқандығым емес.

Жаңа жұмысқа кіріскен сәттен бастап қарбаласымыз көбейді. Ол нағыз қайта құрудың уақыты болатын. Сондықтан біз өз міндетімізді ашық, халыққа жариялы түрде атқаруға талпындық. Бұл ойымыздың жүзеге асқанына Ақсу-Аюлы тұрғындары куәгер.

Әлі есімде, шалғайға қоныстанғандықтан дәл сол тұста халық теледидар хабарларынан мақұрым тұрған. Міне, осы шаруаны бір қалыпқа келтіруге тырысып, тұрғындармен кездесу өткізгенімізде, ойымызды жиналғандар бірауыздан қолдап, сонсын жұмысты бастап кеткеніміз бар. Бірақ көп кедергілерге ұрынғанымыз анық. Ең әуелгісі - бұл шаруаны тындыратын кәсіпорын Теміртау қаласында орналасқан екен де, олар бәрін қолға

алу үшін ауданға бөлінер автокөлік еншісінен екі «Жигули» маркалы машина беруімізді талап етіп отырып алды. Тағы халық пікіріне жүгініп, жиналыс ашуға тура келді. Бағымызға орай, шеттіктер мына талапқа көнуімізді өтінді. Сөйтіп, мүдде соқпағын әрі жалғадық.

Алда бізді тосқан қиындықтар көп болатын. Ең әуелі Аюлы төбесінің басына жол салу керек-ті. Оны орындағанымызда мұнараны бекітер шұңқыр қазуға тура келіп, соған бүкіл ұйымдарды жұмылдыруға күш салғанымыз әлі күнге көз алдымда.

Жалғыз мұнара жұмысымен өмір түгесілмегені және аян. Бұл уақыт шамасында шаруашылығымызда басқа қиындықтар қордаланып жатқан. Шаруашылықтардан шыққан мал ауруларына қарсы шараларды ұйымдастыруға Марат мұрындық болып жүрген еді. Әсіресе бруцеллез ауруы дендеп, оны жоюдың жолында күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалғанымыз белгілі-тін. Осы мақсатқа жаңадан мал қораларын тұрғызу, мал басын негізгі көрсеткіштерге кері ықпалын тигізбейтіндей ауыстыру көп күшімізді алғаны ақиқат. Осы мақсат жолында мен Маратқа қалтқысыз сенгенмін. Оның сол сенімімді ақтағанына разымын.

Мына қызыққа қараңыздар: сол уақытта Шет ауданы жер көлемі жағынан, облыстың төрт пайызын құрағанымен, облыста өндірілер сүттің 55, еттің 60 пайызын осы аудан беретін. Қала берді егіннің үштен бірін оратын да Шет болды десем, сенер ме едіңіздер? Шындығында солай болатын.

Міне, осынау көрсеткіштерге сызат түсірмей қиыншылықты жеңе білген аудан тұрғындарына әлі күнге айтар алғысым шексіз.

Енді мұнара мәселесіне қайта оралайын.

Бәрі дайын болған шамада және аяққа тұсау түсер қиындыққа ұрындық. Мұнараға қажетті кейбір бөлшектер жетіспейді екен де, оны тек Жамбыл облысынан табуға болады екен.

Амал нешік, өзіне қатысты бар шаруаны келер күнге ысыртып Маратты сонда аттандыруға тура келді.

Марат бұл жұмысты да мұқият тындыра білді. Ақыры аудан халқы теледидар бағдарламаларын еркін көруге мұрсат алды.

Халықтың, әсіресе еңбек адамдарының, әлеуметтік жағдайын көтеруге ерекше көңіл бөлгеніміз жасырын емес. Кешен бастарына демалатын орындар ашып, тіпгі, сауна салғанымыз сол уақыттың еншісінде.

Еңбегіміз еш кетпеді. Аудан мамандарына жоғарғы жақтың көзі түсіп, олардың жұмыс барысында өсуіне ықпал жасала бастады. Оның алдыңғы легінде Мараттың тұрғаны және аян.

Жағдай былай өрбіген.

Облыстық партия комитетінің пленумына жолым түсіп Жезқазған қаласына барғанымда, облыстың екінші хатшысы тағы шақырды. Кабинетіне кіргенімде, жылы ұшырай қарсы алып, әңгіме ауаны негізгі бағытқа ойысқанда, тосыннан:

- Сендердің Мараттарың қандай жігіт? - деп сұрасын.
- Жақсы жігіт, - деп ойымды ірікпедім.
- Өз басы жақсы жігіт екенін естігенмін. Жұмысқа қалай?
- Өте ыждаһатты.
- Онда сенуге болады екен ғой?
- Әлбетте.

Аманжол Көпбаев біраз ойланып отырды. Сонсын:

- Біз оны сынап көрейік деп ұйғарып едік, - деді маған тіктей қарап. - Қарсылығың жоқ шығар?

- Сынаңыздар. Сенімге тұрарлық жан екеніне кепілмін.
- Жақсы.

«Жақсы» сөзінің мағнасын кейіннен түсіндім. Арада болған әңгімеден көп өтпей Марат Ұлытау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы лауазымына бекіді.

Мұнда екі жылға жақын еңбек етті. Дегенмен үйренген ортасына деген іңкәрлік оның Шетке қайта оралуына мұрындық болғаны аян.

Оқиға былай жалғасқан.

Түрлі жиналыстар барысында кездесіп жүретінбіз. Бірде ол:

- Шынымды айтсам, Ұлытауға бауыр баса алатын емеспін. Орайын келтіріп, мені кері тартсаңыз қалай балар екен?-деп қалсын.

Жүзіне қарасам, сөзінің жалғандығы байқалмайды.

- Елді сағындың ба?
- Ортаңды сағынып жүргенім...
- Бұл шын ниетің болса, талаптанып көрейін.
- Сөйткеніңіз абзал сияқты.

- Бірақ ескертемін, қазір бізде мына жұмысыңа тең келер лауазым жоқ. Тек бір орын бос тұр. Қомсынбасаң, «Батық»

шаруашылығын басқарасың. Ондағы Прокопенко мырзаға сенім азайғалы біраз уақыттың жүзі.

- Басқар десеңіз, басқарамын.

Арадағы сөз осымен тынып, енді іске кірістім. Ұзын сөздің қысқасы - Марат ортамызға қайтта оралды.

Оның мінезі кім-кімге де жұғымды еді. Үлкенмен де, кішімен де тіл табыса қалатыны содан-ды. «Бұрма» шаруашылығын басқарған жылдарда оған қонақ көп келетін. Солардың көпшілігі аң аулап қайту үшін ат басын бұрағындары жасырын емес.

Аң аулау ләззатын дәмін алған адам ғана біледі. Бірде менің де атым шығып, Мәскеудің ОРТ телеканалынан хабар көрсеткені бар. Оны көрген ақын Ерік Асқаровтың артынша:

«Тегін тартқан тұп-тұнық тас тұмадан,

Арлан жігіт өзіңсің, қасқыр ағам.

Қырық қасқыр соқты деп осы қыста,

Қайта-қайта көрсетті Москвадан.

Атқа мінген азамат санаттағы,

Бой түзейтін өзіңе қарап бәрі.

Қорықшыдай мылтығын бос сүйрейтін,

«Ақ ой» менен «Бұрманың» Мараттары», - деп әзілге сыйғыза олең жазғаны - шындық.

Әрине, әзіл түбін біз түсіндік. Өйткені «Ақ ойдың» Маратына жауапты емеспін, ал «Бұрманың» Маратының аң сақтығы әуел бастан елге танымал болатын. Сөйте жүріп Марат басқалардың қызыққа кенелуін көбіне қалайтын. Аңшылық үстінде өзі шүріппе баспай, өзгелерге кезек беріп тұратыны сондықтан еді.

Бәрінің өткен күндер еншісінде қалғаны, әрине, өкінішті. Дегенмен, өкініш соңында да өтпелілік тұратынын ұмытпайық. Мынау ауыр шақтар да артта қалар. Жетістікті күндер де қанатын жаяр. Олардың Марат ұрпақтарының келешек тағдырымен жететініне мен сенемін. Олай дейтінім - Марат пен Дәмеш елге тірек болар азаматтарды қанаттандыра алды. Тек сол қанаттар қатая түссін деген тілегім бар.

Иә, ұрпағымызға ғұмыр берсін!

Сағымбай МЕДЕУБАЕВ,
қоғам қайраткері

ОРНЫ ТҰРАР ҚҰЛАЗЫП

Иә, ендігі жерде оның орны құлазып тұары сөзсіз. Көрген бетте «көке» деп ұмтылар Марат балдыздың арамызда жоқтығы жаныма батады-ақ. Дегенмен, Жаратқан ие әміріне кім ара тұрғандай, біз де басқа түскенге көндігіміз де.

Мен оның апайы Әйкенмен қосақ құрған адаммын. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, осы жасқа жеткенше бірге ғұмыр кешіп келеміз. Алланың бізге деген көзі түзу түсіп, төрт бала тәрбиелеп өсірдік. Қазір олар да - үлкен азамат. Еліне еңбек сіңіріп жүрген ұландар. Осыған Әйкен екеуіміз шүкіршілік етеміз. Тәубә, тағдыр ұшар қанатымызды қайырмады - тәту-тәтті жылдарды бірге өткіздік, сағымызды сындырмады - ойлаған ойларымыздың көбін жүзеге асыра алдық. Бұдан өткен қуаныш болмас, бұдан артық бақыт табылмас жер басқан пенде баласы үшін.

Біз үйленгенде, Марат бозбалалық шақта болатын. Шүкір, жетілді, оқыды-тоқыды, үлкен азамат атанды. Бір шаңырақтың ғана емес, бір елге тұтқа болар тұлғаға айналды.

Әлі есімде, біз жұмыс басты жандармыз, үлкен ұлымыз Исатты балабақшаға Марат алып барушы еді. Үйден шыққан соң Исат автобусқа мінбейді екен:

- Машинамен апармасаң, бармаймын, - деп тұрып алатын әдет тауыпты.

Жазған құлда шаршау бар ма, Марат қалтасындағы қалған-құтқан тиын-тебенін санап, жиенінің қолқасын орындайтын көрінеді.

Осыны кешкісін бізге жеткізіп:

- Құдай тіл-көзден сақтасын, мына бала өскенде үлкен бастық болады, - деп отыратын күліп.

Айтқаны айдай келді. Исат қазір үлкен азамат. Үлкен жерде қызмет атқарады. Бес тілді меңгерген маман. Үйлі-баранды. Алтын асықтай немерелерімізді дүниеге әкеліп, бақуатты тірлік кешуде. Жарымыз екеуіміз осы немерелердің қызығын қызықтап, енді шөбере сүйеміз бе деген үмітпен жүріп жатырмыз.

Мараттың балажандылығы маған белгілі. Құдасы Аманбай Біләловтің үйіне барғанымызда, өз жиені Мадиярды:

- Көп кәмпит әперемін, көп-көп ақша беремін, сен руым Қыпшақ деші. Қане, Қыпшақ екенінді айтшы, - деп қинауға әуес еді.

Ауыл баласы ғой, Мадияр алдағанға көнбейді, өзінің руын айтып табандап тұрып алады. Бұған үлкендер жағы мәз. Әсіресе құда Аманбай «Біздің тұқым осындай» дегендей марқайып отырады.

Сонда Марат:

- Бәрекелді! Тегін сатпағаннан үміт күт! Өсетін ұл өзінің шыққан тегін мақтан еттуге тиісті. Ұлттығымызды сонда сақтай аламыз, - деп жас бүлдіршіннің адалдығына риза болып қалатын.

Шынында солай ғой. Мұны кейбіреулер рушылдыққа балайды. Ал мен айтар едім: қазақ рушыл болмаған, қазақ руын білгенде өз тегі арқылы бүткіл ел тарихын түгендеп, соның салмағын саралап отырған. Бұл жаман ба? Керісінше жақсы қасиет. Өйткені текті білу арқылы бала санасы жалпы тарихты білуге құлшыныс танытқан. Ал тарихты білу - елді білу деген сөз.

Осы орайда далалық көне көздердің тәжірибесіне тоқталып көрейік.

Жолаушылар жапан далада кездескенде біріне-бірі боратып сұрақ қойып, алған жауапты түбірлей талдап жатпаған. Руын айтса балғаны, қалғанын іштей таратып, ананың қайдан шыққанын, елінде қандай жақсы адамдар барлығын, жалпы қоныс - мекенінің қай тұста екенін біліп, соған орай ілтипатын көрсетіп отырған. Міне, далалық ділдегі рулық қасиеттің ерекшелігі осында жатқаны айдан аян.

Марат та - тіршілігінде өз руын әспеттеуді бір мезет тоқтатпаған азамат. «Біздің шаңырақ таза қыпшақ әулетінен тұрады», - деуі сондықтан.

Біле білгенге бұл - басқаларды тұғырдан түсіруге арналған кемсіту емес, керісінше олардың да сана саңылауына сәуле түсірудің амалы. Өйткені сәулелі адамның еш уақытта қор болмайтыны - ақиқат дүние.

Марат - мені жезде деп қана танымады, әке орнына әке, аға орнына аға есебінде қабылдаған жан. Ішкі сырын бөлісуге ниетті еді. Бұған, бәлкім, өнерге арнапқан құштарлығы сеп болған шығар. Мен ғылым ғана қуып қойған жоқпын, сонымен қатар өнерге жақш жүрдім де, сазгерлік, ақындық, күйшілік өнерлерді қатар меңгердім. Нәтижесінде серіліктің сылқым күндерінде ол

жанымнан қалмауға тырысатын. Домбыра тартсам, ертеден қара кешке шейін тыңдауға бар еді.

Жоғары оқу орнында қаншама жылдар бойы дәріс бере жүріп жастар арасынан төл өнерге деген осыншама құштарлықты көрмей келе жатқаным өкінішті, әрине. Ұлтымыз қазақ болғаннан кейін, бүгінгінің жастары қазақы рухқа адалдығын жоғалтпауын тілеген әкемін мен. Математика мамандығын қаншама жақсы меңгергенмен, халықтық өнерге немқұрайлы қарағанның шынайы ұлт патриоты болатынына күмәнім басым. Сондықтан шәкірттерімнің әуелі қазақы тілге, ділге беріктігін үнемі қадағалауға әуеспін. Осы орайда жастардың Марат балдыздан үйренері көп деп санаймын. Ең бастысы ол ұлтжандылықтың қайнар бастауында тұрып еді. Ұлт болашағы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға ынтасы сүйсінтетін. Айналасына үлкен жүректі, ақыл-парасаты мол достарды шоғырландыра білгені осы пиғылынан деп түсінген жанның әсте адаспайтыны - ақиқат.

Біле-білгенге өмір ағып жатқан өзенмен тең. Толқынды толқын қуып, дәл қазірде қолыңды тигізген су енді сәл шамада көз ұшында бұлдырап бара жатады. Жылғадан жылға қуып, еңістен еңіс жағалап көз көрмес, құлақ естімес аймақтарға жоғалып тынатыны және бар. Бәрі өткіншіліктің салдарынан.

Осыған қарағанда, тіршіліктегінің бәрі өткінші екенінде дау жоқ. Бүгінгі бардың ертең қара көрсетпейтіні соның салдарынан. Сондықтан болғанға болаттай берік болғанымыз жөн сияқты.

Мараттың қазасы мені осы ойға жетелейді. Аптал азаматтың мәңгілікке сапары үстінде жан-жағымда тұрғандарға қарай тұрып түйгенім: бардың қадірін көзі барда бағалай алайық, ағайын! Ал, оның көзі кеткеннен кейінгі байбалам - ессіздіктің кепілі. Ендеше, шынайылық пен жалғандықтың ара - жігін ақзер дүние аппақ шуағын шашып тұрған шамада түсінуге жазсын!

Ләйім, амандықта болайық!

**Құрақбай СЕКІЕВ,
туған жездесі, Қазақ ұлттық
университетінің ұстазы
Алматы қаласы**

АРҚАДА ЕСЕЙІП, СЫЙ ҚҰРМЕТКЕ ИЕ БОЛҒАН АЗАМАТ

Марат Жамбыл облысының тумасы болғанымен, Алматының зооветинститутын тәмамдағаннан кейін, жолдамамен Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты ауданаралық мамандандырылған шаруашылыққа бөлімше маманы болып орналасқан.

Сонау 1970 жылдардың басынан өзінің есею-өсу жолдары арқа өңірімен тығыз байланысты. Мен оның қай жерде кім болып істегеніне тоқталмай-ақ қояйын (Мараттың өмірбаянында толық көрсетілген).

Ал оның арқа өңірінде, жас ауылшарашылық маманынан бастап Шет ауданындағы ірі шаруашылықтарды басқарғаны көз алдымыздан өтті.

Мен өзім жастай шаруашылық басшысы болғандықтан, қызмет істеген ортаға сыйлы болудың бағасы қымбаттығын жақсы сезінемін. Кеңес заманында «Директор» болу - үлкен сенім. Өйткені сенің қолына Ауылшаруашылығы министрінің сенім хаты табыс етледі, онымен қатар Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде бекітіледі. Біріншіден, Мараттың бұл дәрежеге жетуі - оның ауыл шаруашылығының қыр-сырын толық менгергендігі.

“Әредік кеңшар директорлығына тамыр-таныстықпен кездейсоқ азаматтар тағайындалады. Олар барған шаруашылық алға баспайды. Ол, әрине, ешқандай табиғи заңдылыққа жатпайды. Ол - кадрларды іріктегенде жіберілген қателік.” Шаруашылықтың табиғаты нашар, орналасқан халқының дәрежесі төмен немесе рушылдық етек алған, тіпті қалыпқа келтіруге мүмкін емес - деген уағыз айтатын.

Қолынан іс басқару келмейтін азаматтарға менде бір ғана жауап болатын. *«Нашар шаруашылық болмайды - жаман басшы болады»*. Әріптесім әрі туған інімдей болған Марат - менің осы қағидамды іс жүзінде дәделдеген азамат.

Ол алғашқыда Шет кеңшарында нағыз арындаған жас шағында директор болып барды. Менде аздаған күдік болды. Жастықпен ынғайсыз жағдайға арандап қала ма деген.

Себебі, ол шаруашылықта орналасқан халықтың басым көпшілігі Сазамбай, Тастемір, Кәрсен руларынан құралған, сен тұр, мен атайын дейтін жігіттер болатын.

Ал Марат өзінің табиғатынан дарыған жайсаң да жайдарлы мінезімен үлкенге іні, кішіге аға бола білді. Шаруашылықты ұршықша айналдырып, үлкен жетістіктерге жеткізді. Елге қадірі артып, сыйлы болды.

Жоғарыдағы басшылар қажырлылығын, іскерлігін бағалап, Шет ауданының ауылшаруашылық басқармасына бастық қылып тағайындады. Кезекті өсу жолында партия қызметіне ауысып, Ұлытау ауданына екінші хатшы болып сайланды.

Аудан көлемінде істеген қызметтерін абыроймен атқарып, елдің ризашылығына бөленді.

Марат лауазымды қызметке қызықпады, 4-5 жыл аралатып, “Бұрма” шаруашылығына директор болып қайта оралды.

“Бұрма” кеңшары облыстың алдыңғы қатардағы шаруашылықтарының бірі болатын. Соған қарамастан өзіндік қиындықтары жеткілікті болатын. Негізінен, бұл шаруашылықта орыс халқы орналасқан. Бұрынғы басшысы да (Прокопенко В.П). іскер де білгір басшы болатын. Мықты директорлар санатына жататын. Бұл да Маратқа үлкен сын болатын.

Осы жолы да іскерлік қабілетінің арқасында елдің жағдайын ойлай, бағыт-бағдарын түзу жолда ұстай білді.

Бұл уақыт дағдарыс, жекешеленген елге өзінің тиісті үлесін тарату кезеңдері болатын. Бір сөзбен айтқанда, бүтін тұрған шаруаны бөлшектеп бөліп беру.

Әрбір ұжым мүшелерінің сіңірген еңбегіне сай мүлікті бөлу заңды шарт. Мұндайда таразыны тең ұстау - қиынның қиыны. Еңбексіз алған үлес иелерінің жалпылдаған тез ұмытылатын алғысын аласың, ал есесі кеткеннің көкейіңнен өмірі кетпейтін қарғысын аласың. Қым-қиғаш, көпке түсініксіз өткелден Марат өзін адами қасиеттің ең жоғарғы сатысынан көрсете білді.

Тұжырымдап айтарым - Марат *үлгілі Директор* бола білді.

Мараттың күнделікті өмірдегі әзіл-қалжыңдарын үзеңгілес құрбыларының еншісіне қалдырайын.

Біз кездескен күннен «аға» деп өтті. Сапарлас бола қалса, сізге шофер боламын деп менің қасыма отыра қалатын. Қыр астындағы бұлақтардың көзін аштырып, оның түбінде табиғи тоңазтқыштар болатын және келесі келгенде пайдаланатын қоры сақталатын.

Бауырым Мараттың көрсеткен ілтипаты көз алдыма елестейді
Ағалаған даусы құлағымнан кетпейді.

Топырағың торқа болсын, Марат.

САДУАҚАС МАҚСҰТ ҚАНАПИЯҰЛЫ,
ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер

ДАРХАНДЫҒЫ ДАРА

Мараттың таңертеңгілік телефон шалып, жағдайымды сұрайтын әдеті бар еді. Жалғыз менімен ғана емес, дос-жарандарының біразымен хабарласатын. Бүгін де сол дәстүрімен телефон шалды.

- Аға, қалыңыз қалай? - деді. Мен көп ойланбастан-ақ: «Басым ауырып тұр»,- дедім.

Ол:

- Мен тісім ауырғанда жұлдырып тастағанмын, - деді де телефонын қоя салды.

- Мына інің не деп тұр? - деп мен Дәметкенге қарадым да, Мараттың айтқан сөзін жеткіздім. «Сонда қалай, маған «Басыңды жұлдырып таста»,-деп тұрғаны ма? - дедім. Сөйткенше болған жоқ, телефоным тағы да шар ете түсті.

- Аға, мен қазір барамын. Жазамды сонда берерсіз, - деп күлген Мараттың даусы шықты арғы жақтан.

Көп ұзамай арсалаңдап өзі үйге келді. Өзіне тән әдемі күлкісімен жылы жымыып келіп, мені құшақтап: «Аға, ренжіп қалған жоқсыз ба?» - деген оның сөзіне жауап бермедім.

Таңғы шай іштік. Маңдайымыз жібіді. Көңіліміз көтерілді. Марат қышыма тілімен бұрын да естіп жүрген көп күлкілі оқиғаларды айтты. Біз күлдік. Ол да жадырап, жүзі бал -бұл жанып, шаттана түсті.

- Аға, бүгін демалыс қой. Сіздің туған ауылыңызды көріп, Жуалының биігіне бірге шықсақ қайтеді? “Қаратаудың қойнауындағы көп бұлақтың көзін аштым- деп едіңіз, сол қайнарлардан су ішіп қайтайық. Бастаудың суына жететін еш нәрсе жоқ. Мен қайда жүрсем де, қайнардың суын ішуге құмартып тұратын әдетім бар,”- деді.

Мараттың ұсынысын қабыл алдым. Жеңіл-желпі тамақ алып, екеуіміз Жуалыны бетке алып, жолға шықтық. Көп ұзамай Қаратаудың теріскейіндегі бір қойнауындағы Тасбастаудың басына келдік. Бастаудың басындағы тастарға жазылған адамдардың атын оқып, мен Маратқа бұл бастаудың суын менің бабам да, апам да, әкем де, ағам да бүкіл Бақа, Балық ауылының адамдары ішкенін аштым. Өзімде 1966-1968 жылдары ұжымшарда еңбек етіп жүргенде сатылы арба айдап, осы бастаудың басында талай тыныстағанымды айттым. Ол бар даусымен күлді.

- Бастаудың суын тек бақа-шаяндар ғана ішкен бе? - деп маған күле қарады. Мен де күлдім. «Бақа», «Балық» дегенім осы өңірде мекендейгін рулардың аты екенін айттым. Енді екеуіміз қосыла күлдік

Ойына әр нәрсе түсті ме, әлде мені бір емес, сөзбен екі рет қағытқанының тігісін жатқызайын дегені ме Марат сол күні еркше шешілді. Туған жері Шу болғанымен, ат жалын тартып тұлпар мінген, орта көрген, дос тапқан көңілі көтеріліп, азамат болған Арқа өңірі, өзі еңбек еткен Ақсу-Аюлы, Тасты-Талды, Жарық, Бұрма өңірлері туралы тамсана тамаша әңгімеледі.

Марат әңгіме айтқанда өзіңізді елітіп, қызықтыра айтатын. Тасты-Талды өзенінің солтүстігіндегі Қарқаралы өңірінің табиғаты, оның аңы мен құсы жайлы айтқанда, көзі жанып, орнынан бір-екі рет тұрып кетіп, қайта отырып, есіне түскен қызықты оқиғаларды тізбелей берді. Бірде кезінде өзі еңбек жолын бастаған Шет аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің бөлімше басқарушысы қансонарда аңға шақырғанда, болған оқиғаны айтқанда қайта-қайта күле берді. «Қасқырдың ізіне әне түсеміз, міне түсеміз» деп, күн төбеден ауғанша сандалғандар әбден шаршады. Бір-біріне көздерінің астымен ғана қарайды. Осылай келе жатқанда бір соқпаққа түскенде, жолбасшы көліктен секіріп түсіп, жолға үңіледі. Аңшылар оның жанына жақындап, олар да ізге үңіледі.

Жолбасшы: «Осыдан тұп-тура 13 минут бұрын үш қасқыр өтіпті», - демесі бар ма. Шаршап-шалдыққан, таңдайлары жабысып келе жатқандар жолбасшыға одырая қарайды. Бағанағы бергі жөнсіз қылықтары мен орынсыз сөздеріне, қасқырдың аланын таба алмай келе жатқанына ашуланған Марат ізге екі саусағын тигізіп: «Соңғы екеуі де қаншық екен», - депті. Қабақтары тырысып келе

жатқандар кең даланы бастарына көтере күлді. Жолбасшы ашуланып; «Сен не деп тұрсың? Сен олардың қаншық екенін қайдан білдің?» дегенде, Марат іліп алғандай: «Сен тура 13 минут бұрын өткенін білгенде, мен арланның соңында қаншығы жүретіндігін неге білмеппін?»-деген ғой. Мараттың бұл тапқырлығына жолдастары риза болып, қол шапалақтап жіберіпті.

Жалпы ұтқыр ой, тапқыр сөз Мараттың басты қасиеттерінің бірі еді. Бұл жөнінде айта берсек, әңгіме көп. «Марат айтыпты» деген қанатты, қалжың сөздер ол еңбек еткен ортада әлі де жиі естіледі.

Жастайынан еңбекпен етене болып өскен Марат қайда қызмет істесе де, елді бір мақсатқа ұйымдастыра білетін басшы, істің көзін табатын іскер азамат ретінде танылды.

Мен онымен 1978 жылы алғаш рет Шет ауданындағы Талды ауылында таныстым. Сол жылдары еттік малдың санын көбейту туралы бағдарлама жүзеге асырылып жатқан болатын. Сондықтан да бұрынғы «Путь к Коммунизму» кеңшары «Шет аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі» болып қайта құрылды. Жас маман Алматыда жоғары оқу орнын бітіріп келген Марат Кеңшілікұлының жолдамамен осы шаруашылыққа зоотехник болып келгені де жаңа ғана екен.

Жаздың жаймашуақ күні еді. Шаруашылықта қоғамдық малға қажетті жем-шөп дайындау науқаны қызу жүргізіліп жатты. Облыстық газеттің тілшісі ретінде іссапармен келген мен осы шаруашылықта жем-шөп дайындау жұмысымен таныстым. Шаруашылықтың басшысы, сол кезде атағы дүркіреп тұрған Дулат Смайыловпен бірге талдырмаш келген, қызыл шырайлы жас жігіт бізге мән-жайды түсіндіріп жүрді. Таныса келе оның шаруашылықтың зоотехнигі Марат Ахметов деген азамат екенін білдім. Сонымен бірге туған жері Жамбыл өңірі болған соң, екеуіміз көзбен ұғысып, сол күні-ақ жақындаса түстік. Осы таныстығымыз бірте-бірте бауырлыққа ұласып, сирек болса да хабарласып, жөн сұрасып тұрдық.

Марат қызмет сатысында тез өсті. Шаруашылықтағы қатардағы зоотехниктен аз жылда бас зоотехник, партком хатшысы, кеңшар директоры, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы лауазымына дейінгі қызметтік жолдан аз жылда өтті.

Осы жылдары ол өзін анық істің адамы екенін танытты. Әсіресе «Шет» кеңшарында директор болып қызмет істеген жылдары тұралап, артта қалған шаруашылықты сүт өндіруде облыстағы алдыңғы қатарлы шаруашылық дәрежесіне дейін көтерді. Сол жылдары оның азаматтығы мен адамгершілік асыл қасиеттері танылды. Елдің құрметіне бөленіп, қандай салада болмасын биік деңгейге көтерілуге ол сол жылдары азаматтық келбетімен, ұйымдастырушылық, халыққа адал қызмет көрсету қасиетімен көрінді. Әр қашанда көпшіл, жатты жатырқамайтын, дос іздеп жүретін Марат Ахметов сол бір жылдары кейін мәңгілік достыққа, тіпті туыстыққа ұласқан азаматтармен қауышты. Еңбегі үшін, басқа марапатын айтпағанда, «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды.

Қайда, қашан еңбек етпесін, марапаттан, мақтау сөзден құр қалған емес. Соған қарамастан көкіректі керіп, біреуге өктем сөйлеп, өзінің билік күшін көрсетуден ада еді. Әрқашан да қарапайым, кішіпейілдік оның болмысына жарасып тұратын.

2003 жылы ол қызмет бабымен өзінің туған өңірі Жамбыл облысына ауысып келді. Онын іскерлігі осы жылдары да анық көрінді. Жамбыл облысы әкімдігінің жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзаланың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы қызметін атқарған кездері ерекше айшықталды. Марат басқарма бастығы болып тағайындалған жылы Жуалы ауданында қалың қар жауып, содан мектептер мен мекемелер, үйлер қалың қарды көтере алмай қабырғалары сөгіліп, құлады. Ауданда төтенше жағдай жарияланды. Табиғат әкелген апатты жою бағытында Марат Кеңшілікұлы күн демей, түн демей еңбек етті. Соның көтеріліп, нәтижесінде аз уақытта жаңа мектептер бой көтерді. Құлаған үйлер тұрғызылып, басқа да әлеуметтік нысандар салынды. Соның басы-қасында Марат Кеңшілікұлы жүрді. Сол жылғы ерен еңбегі үшін ол Елбасының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Табиғат апатын жоюда ол мердігер құрылысшылармен тіл табысып, қаржы тапшылығына қарамай, олардың жұмыс істеуіне ықпал жасады. Қалың қар жауған жылдан кейін Жуалының Бәйтерек ауылында жер асты суы

бірнеше үй құлап қалды. Сонда ғой Мараттың маған әзілдейтіні: "Іні ретінде жеке өзіңізге қызмет етсем, басқарма бастығы ретінде сіз туған Жуалы ауданына қызмет етіп жүрмін. «Осыны айтып, алғысыңызды жаудырсаңыз артық болмас еді", - дейтін. Шыны солай. Іні ретінде әрқашан да кішірейіп, қызмет етуге дайын тұратын. Өмірінде бірде-бір рет маған ренжіп, дауыс көтерген емес. Қашан да «Аға» деп иіліп тұратын. Сондықтан да мен үшін жаны жайсаң оның орны бөлек еді.

Ол басқарған басқарма облыста жаңадан құрылған мекеме болатын. Сол мекеменің толыққанды жұмыс істеуіне негіз қалаған-Марат Кеңшілікұлы. Атқарар жұмысын жүйелеп, алда тұрған міндеттерді саралап, қандай іске өздерінің араласуы қажет екендігін нақтылады. Соны облыс басшыларына дәлелдеп, бекіттірді. Әрине, жаңадан құрылған басқарманың тез арада қарыштап, қанат жаюы қиын. Соған қарамастан ол жанына өмірлік тәжірибесі мол, өңірге белгілі азаматтарды топтастырды. «Топтастырды» дегеннен шығады. Ол әрқашан да жақсы істі атқару үшін немесе бас қосу үшін ортаға жақсыларды топтастыра білетін. Кіммен араласу керек, кімге сенім арту қажет. Ол оны жақсы білетін. Сондықтан да қандай отырыс болмасын айқай-шусыз, мамыражай, көңілді күйде өтетін. Бұл оның адамдарды тани білетін қасиетін көрсетсе керек.

Марат көпшіл болатын. Оны іздеп Қарағанды, Жезқазған өңірінен облыс, аудан басқарған тұлғалардың келетінін айтпағанда, еліміздің өзге өңірлерінен де елге танымал азаматтар келетін. Бірде маған түн ортасында телефон шалды: «Аға, ертең қолыңыз бос болса, бір топ азаматтарды бастап, Ақсу-Жабағылы қорығына бастамасымен барайық. Өзіңіз білетін Бақтыкерей балдызыңыз бір топ айтулы азаматтармен қонаққа келіпті. Соларға жерімізді, өлкемізді таныстырайық», - деді. Мен келістім. Ертеңіне сәскеге таман

Ақсу-Жабағылы қорына жеттік. Алдымен мұражайын аралап, одан кейін 40 метр биіктіктен құлайтын сарқырамағақарай жаяу тарттық. Ауа райы өте тамаша болатын. Бірақ биікке көтерілген сайын, шілінгір шілде болса да, Тәңіртаудан соққан ызғар күшейе түсті.. Мен білгенімше қонақтарға Ақсу-Жабағылы туралы әңгімелеп келем.

Орайы келгенде әңгімеге Марат араласты. Ол қорықтың 1926 жылы

Тұрар Рысқұловтың бастамасымен Қазақстанда тұңғыш рет құрылғанын, оның табиғаты мен аң-құсын әңгімеледі. Тіпті, қорықта өсетін ағаштардың түрін де ашты. Мен таңғалыспен оның жүзіне қарадым. Ол күлді.

- 2002 жылы бір жылдай Қарағандыда облыс әкімдігінің табиғатты қорғау басқармасының бастығының орынбасары болғанмын. Сол кезде Қарағанды өңірінің ғана емес, бүкіл еліміздегі қорық пен қорғалымдардың тарихын, оның жай-күйін зерделегенім бар. Солардың ішінде Ақсу-Жабағылы қорығы ерекше. Біздің елімізде бұдан биік орналасқан қорық жоқ. Жылдан-жылға қорықтың аумағы кеңейіп, ондағы аң-құстардың еркін жүруіне барлық жағдай жасалған. Мұнда өсетін шөптің көптеген түрі өзге өңірлерде жоқ. Майысқыш қияқ, Талас қайыңы, қаратамыр, қандыгүл сияқты өсімдіктерді басқа жерлерден кездестіре алмайсыз. Сонымен бірге ай мүйізді арқарлардың да ерекше түрі осында. Тұрар ағамыз осыны білген ғой. Түркістан орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланысымен, 1920 жылдан бастап Мәскеуге хат жазып, Ақсу-Жабағылы қорығын ашудың қажеттелігін дәлелдеп баққан. Неге екенін қайдам, қазақ ұлының өтініші біразға дейін қаралмай шаң басып жатты. Өздеріңіз білесіздер, 1924 жылдан бастап, ол кісі Коминтерн атқару комитетінің Моңғолиядағы өкілетті өкілі болды. 1926 жылы наурызда Қазақстанға қайта келді. Ал мамыр айында Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің қаулысымен Ресей Федерациясы Халық комиссарлары кеңесінің төрағасының орынбасары болып бекітілді. Міне, ол осы кезде Түрксіб теміржолын салумен бірге Ақсу-Жабағылы қорығын ашу қажеттігі жөнінде әңгімені қайта көтерді. Ақыры арманына қол жеткізді. Міне, істі бастаған соң, соңына дейін жеткізудің үлгісін Тұрар ағамыздан үйрену керек, - деді.

Мен осы сапарда Марат Кеңшілікұлының туған жердің тарихын, айтулы азаматтардың өмірбаянын жақсы білетіндігіне көзім жетті. Ол бір естен кетпес әдемі саяхат болды. Марат пен Бақыткерейдің қалжыңы. Оларға Дәмештің басу айтуы. Қызы Әйгеремнің еркелігі, бәрі-бәрі жарасып тұрды. Әр кез Ақсу-Жабағылының тұсынан өткенде сол бір саяхатымызды, Маратты еске аламын.

Айта берсе, оның еске алатын, көңілге нұр құятын қасиеттері өте көп. Сонымен бірге оның мінез-құлқына қарай оған деген дос-жарандарының ықыласы, сыйы ерекше болды.

Мен оны алғаш ұлы Саламаттың үйлену тойында көрдім. Өзі бұрын еңбек еткен Қарағанды облысынан кезінде облыс, аудан басқарған ағалары бастап, қатарластары, жастар, елімізге танымал журналистер мен әншілер келді. Қонақ болып емес, Маратқа қызмет етуге дайындалып келіпті. Тойдың сән-салтанатын айшықтады. Арқаның кең тынысты әні шарықтады, ашық көңілдері тойға көрік берді, жүрекжарды сөздері бойды тербеді.

Одан кейін Қарағандыда өткен Кәрібайдың тойына барғанымызда, іні-досыма деген құрмет ерекше екенін тағы да көрдім. Бұл тойға Жамбыл облысының сол кездегі әкімі Бөрібай Биқожаұлы бастаған бір топ азамат бардық. Біраз жігіттер Марат арқылы Кәрібаймен танысып, одан кейін дос болып кеткендер еді. Соның бірі Марат Райымбекұлы болатын. Ол сол тойда аттасына қарағандылықтардың ықыласы ерекше екенін көріп, досына риза болып еді. Маратпен бірге барған бізге деген оның достары мен інілерінің ықыласына тойып, көңіліміз толып қайтып едік.

Ең соңғы рет Марат Кеңшілікұлына құрметті, ол дүниеден озғанда, көрдім. Қарағандының орталық мешітінен мәйіті шығарылып, жаназасы оқылғанда, ауа райының суықтығына қарамастан жер қайысқан көпке, жүрек тербей сөйлеген ел ағаларын, оның ішінде республикаға танымал азаматтар, облыстың, аудандар мен қалалардың бұрынғы басшылары болды. Көңілдеріндегі шерді тарқатып, көздерін жасқа бұлап, жүректі сыздата сөйлеуі Жамбыл жерінен барған отыздан аса азаматтың ғана емес, баршаның қабырғасын қайыстырды. Өмірден қандай азамат өткенін тағы да білдік. Жанарымыздағы жасты сұртуден ұялмадық. Бір-бірімізге көңілімізді білдіріп, басу айта бердік...

Мен Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті Мараттың қазасына орай жарты беттен аса берген көңіл айтулардың арасында Қоңыр деген азаматтың:

- Орның бөлек ортада,
Абзал інім, Маратым.
Өксік қалды қолқада,
Сынып түсті қанатым.

Суық хабар сыздатты,

Жүрегімді, жанымды.

Кірпігіме мұз қатты,

Жоғалтқанда Нарымды... - деген жыр жолдарын ішімнен қайталай бердім. Мен білетін Мараттың жамбылдық жора-жолдастары мен достары - Бөрібай, Батырғали, Қуандық, Төлеу, Сәрсен, Марат, Разақбай, Сейсенғали, Дүйсен, Абай, Баймахан, Қаржаубай, Сүйінбай, Артығали, Сейтқазы тағы да басқалардың жан қайғысын, сол сәттегі жүрек лүпілін қалай жеткіземін.

Маратжанмен мен Арқада табысқанымды жоғарыда айттым. Ол Жезқазған облысына менен кейін барып, туған жерге менен кеш қайтты. Бірақ ол үшін Қарағанды жері, Ақсу-Аюлы елі, Бұрма ауылы ерекше ыстық, қымбат, мәңгілік махаббатына айналғанын өзі де, өзгелер де жақсы білетін. Сондықтан да рухы мәңгілік саяны сол жерден тапты

Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін, мәңгі есте қалатын азаматтар болса, соның бірі, бірегейі-Марат Кеңшілікұлы. Себебі ол дос-жарына қатысты қандай мәселе болмасын араласатын, өзінің көмек қолын созатын немесе қолға алған ісінді аяқтауға атсалысатын. Басқосулар болғанда, ортаның гүлі, қалжыңның қалтасы болатын. Біз асып-тасып, шарықтап кеткенімізде, басу айтып, шарықтау шегіне жетпей, тез арада отбасымызға аман-есен жетуімізді тілеп, жөн айтатын. Қанша қиылсаң да айтқанынан қайтпай, үйге жеткенше асығатын. Біз оның осы мінезіне, осы қасиетіне таңданатынбыз. Қанша көңілі көтеріңкі болса өз алдына, қаншама назаланып жүрсе де, ешкімнің көңіліне қаяу түсірмейтін.

Көз алдымда - кісілігіне дақ түсірмеген, «бетегеден биік жусаннан аласа», ерке, жүрегі жаз Марат Кеңшілікұлы мәңгі!

Мақұлбек РЫСДӘУЛЕТ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
Тараз қаласы

САҒЫНЫШЫМЫЗ БАСЫЛМАҚ ЕМЕС

Иә, біздің, Мараттың соңынан ерген інілерінің, абзал ағаға деген сағынышы басылмайтынына сенемін. Кездескен жерде жүзінен нұр төгіле тұрып айтар әңгімесі, көрсетер қамқорлығы, кімді болмасын ішке тарта жылы қабылдауы кім-кімді болмасын баурап алушы еді. Бүгінде осыны сағынышпен еске алғанда, жүрегіміз елжірейтіні талассыз.

Марат екеуіміз 1986 жылы алғаш кездескен едік. Ол кездескен Жезқазған облыстық партия комитеті ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушысы лауазымында қызмет атқарамын да, ағамыз Шет аудандық ауылшаруашылық бірлестігінің бастығы болатын. Іс сапармен жолым түскенде, Марат аудан шаруашылықтарын өзі бірге жүріп аралатып, артынан шаңырағынан дәм татырған-ды. Сол жолғы әңгіме арасында екеуіміздің бір облыстың тумасы екендігіміз анықталған. Міне, сол күннен бастап тонның ішкі бауындай араласып кеткенімізді күні бүгінге шейін мақтан етемін. Олай болатыны-жақсының жанында жүру бір бақыт та, онымен сыйластық қарым-қатынасты жалғастыра білу сол бақыттың баяндылығына жатады ғой.

Кейіннен Марат Ұлытау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне ауысқанда, біз отбасымызбен етене араласатын дәрежеге жеттік. Оның балалары Азамат пен Саламат қалаға келсе, біздің шаңыраққа түсіп, менің балаларым Анар және Гүлнар Дәмеш жеңгемізді екінші аналарындай қабылдап кетті. Мұның өзі сыйлы өмірдің шуағын танытып тұрғандай еді.

Әлі есімде, Марат Ұлытауды жерсінбеді емес, қанына сіңген қалып бойынша Шетте қалған достарын қатты сағынғандықтан, олардың есімдерін жиі қайталап, соларға жетуге асығып отыратын. Онысын жасырмайтын да.

Бірде кабинетіме бас сұғып:

- Елге оралғым келіп жүргені. Бұған сен не демексің? - деп мұңая тіл қатқаны бар.

Мына сөзге таңырқадым. Жұрт қызмет бабында өсе алмай жүргенде, ағамның төмендеуге құлшынғаны жаныма батты. Оны айтып та салдым.

- Мұныңыз қалай? - дедім Шет ауданында дәл мына лауазымдай орын бұйырмайтынын іштей саралай келе - Сіздің асығыс шешім қабылдамағаныңыз дұрыс шығар. Мына жерде енді аудандық атқару комитетінің тізгінін қолға алуға мүмкіндігіңіз мол. Ал елге оралсаңыз, бұйырса, кеңшар директоры дәрежесін ұстарсыз. Қайсысы қолайлы?

Марат жымиды.

- Мен лауазым қуып жүрген жан емеспін, - деді сонсын ойын жеткізіп-Маған өзімді түсінер, мен оларды жанымдай қабылдар жолдастар керек. Олардың бәрі ана жақта қалды ғой...

Ағаны сонда түсіндім: өмір - дарияда ескек есуден қар талғанда, қасында тілегі бір арнаға тоғысар, жүрегі бір мақсатта соғар достардың болғанынан қымбат ештеңе жоқ екен-ау!

Ол ақыры дегеніне жетіп, «Бұрма» шаруашылығын қолына алды. Басқа ұлттардың өкілдері тұратын, осы күнге шейін Прокопенко сияқты азуларын айға білеген басшылар тізгінін ұстаған кеңшарды басқару оңай емес еді. Бірақ Марат кейбір жандардың күдігін жоққа шығарып, жұмысты дөңгелетіп ала жөнелгеніне ел куә. Мұның өзі оның жұртпен тіл табыса алатынының айғағы болатын.

Бірде осы шаруашылыққа жолым түскені бар. Сөйтсем, бір тұстан Сәткен Майкенов, Бауыржан Кенжеғұлов, Бақыт Әбдіғалиев атты жолдастар қонақтап жатыр екен. Әрине, жоғарыда аты аталғандардың жайдан-жай бас қоспайтындары түсінікті: аң-құс атуға жиналғандары белгілі. Құр, шіл атпақ.

Ұзын сөздің қысқасы, ертеңінде ертемен тұруға сөз байласып, ертерек ұйқыға жаттық. Ал таңертеңгісін келеңсіз жағдайдың ұшығын сезіндік. Мараттың көлігін баласы мініп кеткен бе, әйтеуір, тау-тасқа жарамды машина қарасын ауладан көре алмадық. Марат болса, Ғалымжан досқа телефон шалып әлек.

Мына жағдайға басқалар алаң.

Бірақ Марат сасар емес. Ол әріптесінің ұятқа қалдырмайтынына сенгендей жайбарақат.

Түйсігі алдамапты, содан аз уақыт өткенде Ғалымжан ескі УАЗ машинасының сүйегін сырқырата жетті-ау, тағатымызды тауыса.

Жазған құлда шаршау бар ма, көлік алға тартылған соң, енді аялдамай, тау қайдасың деп тартып бердік.

Дегенмен ескінің аты ескі емес пе, таудың орта тұсына жетер-жетпесте машина ыңыршағы шыққан өгіздей ықылық ата тұрсын да қалсын. Не әрі асуға, не кері қайтуға жарамай, үні өшкен қалпында міз бағар емес. Енді қайтсек екен?

Қонақтардың қабағы салыңқы. Қызық қуа келіп шыжыққа тап келгендеріне назалы бәрі. Олардың бабын табуға мен әлекпін. Бәрі жақсы боларын тықақтап маза таппаймын. Ал Марат Сырдың суы сирағынан келмей әңгіме айтып тұр.

- Ертеде бір ауылды жау қарауылдап, соған қарсы шығу үшін еркек біткен атқа қонған ғой, - дейді жымыи. - Әрине, ел болған соң онда жақсы мен жайсаң да, жарлы мен жақыбайлар да болатыны талассыз. Әркім өзінше жарақтанып жатқанда, бір кедейдің баласы да көптен қалыспай, қотыр тайына жайдақ міне шауып бара жатса керек. Сонда оны көрген әлгінің әкесі: «Ат жүйрік, бала жарамды, жаудың жағдайы енді не болар екен», - деп айналасында тұрғандарға мардымси қарапты... Сол қария айтқандай, сендер абыржымаңдар, мына УАЗ бізді жердің түбіне жеткізеді әлі. Тек Ғалекеңе денсаулық тілейік.

Мынаны естігенде салы суға кеткендей күй кешкен аңшылар күліп жіберіп, маңайға әзіл шуағы нұрын шашып қоя берді.

Иә, Мараттың қиында жол тапқыштығы, тығырықта қалжыңмен былайғы жұртты алдандыра білетін қасиеті ерекше еді. Оның айтқыштығы, айтқанына маңайындағыларды иландыра алатындығы мені үнемі таң қалдыратын. Мұның өзі екінің біріне бұйырмаған қасиет екеніне ешкім талас тудырмас деп ойлаймын.

Сол ағамның қатты сырқаттанып ауруханаға түскендігі туралы хабар, Бөрібай Жексенбиннің баласы үйленіп, соның тойына баруға жиналып жатқанымызда, құлаққа жетті. Мынаны ести сала Сағымбай екеуіміз алды-артымызға қарамастан емханаға тарттық. Аптыға жетсек дәрігерлер Маратты палатаға жатқызуға қам жасап жатыр екен.

Сырқаттарды қабылдау бөлмесіне кіріп барғанымызда, бізді көзі шалған Марат қасымызға келіп, әуелі Сағымбайдың, сонсын

менің қолымды ала жүрек тұсына басты да, соңынан қол сыртына
ернін тигізе сүйді. Сөйтсек, қоштасқаны екен-ау...

Бұл біздің ең соңғы жүздесуіміз болды.

Үш-төрт күн өткенде Марат ағамнан мәңгілікке
айырылғанымыз туралы суық хабарды естідік.

Жаратқан иенің әміріне араша тұра алмаймыз, әрине.

Сондықтан «бақұл бол, қайран аға» деуге ғана шамамыз жетеді.

Топырағың торқа болсын, Марат!

Кәрібай ШУШИКОВ,
сыйлас інісі

ЖАҚСЫҒА КӨҢІЛДЕ ОРЫН БАР

Иә, ғалымның хаты, жақсының аты өлмек емес. Марат інішектің өзі бақиға аттанғанымен, пәни жалғанда есімінің әлі жаңғырығып тұрғаны - жақсылығынан. Айналасына, ортасына, жалпы қоғамға жаман атын шығармай, өз уақытында тек қана жағымды қырынан көрінгенінен. Ауылына бара қалсаң, баладай арсалаңдап алдыңнан шығатыны, құшақ жая тұрып қарсы алатыны, әзіл-қалжыңға арқа сүйеп тұрып-ақ басынаңды шеше білетіні - міне, мұның барлығы оның тазалығынан, жан адалдығынан, әрине.

Біз Арқа төсінде талай рет кездескенбіз. Мен Жарық бекетінде еңбек атқарған жылдар шамасында жиі араласқанымызға ел куә. Алайда бұл оқиғалар тізбегін кейінге қалдыра отырып, Жамбыл жерінде ұшырасқан күндерге тоқталуды жөн санадым.

Екі мыңыншы жылдың орта шенінен асқан шама. Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексенбин ағамыз Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, әнші Серік Оспанов екеуімізді тойға шақыра қалды.

Аға қолқа салса, ініде не тұрыс? Тартып бердік. Той дүркіреп өтті. Ертесіне елге оралуға жиналғанымызда, Бөрібай ағамыздың және бір бастама көтергені:

- Екеуіңнің есімің жұртқа аян. Өнерлеріңді көруге асық жандар бұл жақта да жетерлік. Олай болса, тойға келіп тұрып, халық алдына шықпауларың келіспейтін іс сияқты. Сондықтан, айып етпесеңдер, және бір базынамды жеткізейін. Тыңдауға құлықтарың жете ме?

- О не дегеніңіз, ағасы?!

- Айтыңыз, базынаңызды көтере алмасақ бізге серт! - деп жатырмыз екі жақтан.

- Айтсам...-ол ойланыңқырап біраз отырды. - Мына Жамбыл даласын көрсеңдер, жұртымен жүздессеңдер, оларды қазақтың әнімен сусындатсаңдар деген ұсынысым бар. Келісесіңдер ме?

Біз бір-бірімізге қарастық. Әрине, өнер адамы үшін мына ұсыныс-таптырмайтын ұсыныс. Оның үстіне, облыс әкімі өзі қалап отырғанда, тартынғанымыз дұрыс болмас еді.

Осыны ойлап:

-Халық алдына шығып, оларға қызмет жасау - біз үшін абырой ғой.

- Өнер халықтікі. Сол халықтың қазынасын өз мәнінде жеткізе білсек, одан өткен қуаныш болмас, - деп жатырмыз қосарлана.

- Келіссендер, қазір бір жігітті шақыртайын. Сендерге жолбасшылыққа сол лайық, - деді де, Бөрібай ағамыз хатшысы арқылы әлдекімді шақыртты.

Тосып отырмыз. Арада көп өтпей орта бойлы, ақсары өңді жігіт келді. Жүзі жылы әрі таныс. Таныдым: Шет ауданында кезінде жоғарғы басшылықта жүрген Марат Ахметов.

Ол да бізді танып жатыр.

- Қореке, бұл шынымен сіз бе? - деп менімен төс түйістіре амандасса:

- Секім салмысың?! Бәрекелді, келіп қалғанбысыңдар? Көргеніме қуаныштымын! - деп Серікті де бауырына баса, сағынышын жеткізу үстінде.

Біздердің осылай шұрқыраса көріскенімізге Бөрібай ағамыз қуанып қалды:

- Е, сендер көрші аудандардың тумасы екенсіңдер ғой, онда тіпті жақсы болды, - деп жымияды.

Содан әріде ол кісі Маратқа мына өзін шақырту сырын түсіндіргенде, Марат та жанып түсті:

- Жөн іске қандай қарсылық?! Аралат десеңіз, аралатамыз, тек атқосшылыққа жарасақ, - дейді ол езуіне күлкі үйіре.

Мынаны естігенде Серік те қарап қалмай:

- Елге оралғанда атқосшылығымда Марат жүрді десем, жігіттер сенер ме екен... - деп отқа май құйуға тырысады.

Ұзын сөздің қысқасы, сол жолы біз Жамбыл облысының төрт ауданына концерт бердік. Ел ықыласында шек жоқ. Қайда барсақ та, құрметтей қол құсыра қарсы алады.

Жұрт алдында Марат беделінің жоғары екеніне осы жолы және бір рет көз жеткіздім. Кіммен болса да еркін сөйлеседі. Облыстағы жоғарғы лауазымды қызметкермін деп шіренбейді, үлкенге де, кішіге де ілтипатты. Өзіл- қалжыңын да өрістетіп қояды. Мұндайда ақ жаулықты әжелердің өзі Маратжан деп өзімсініп тұрғаны.

- Халық та бала секілді, - дейді мұндайда байсалдана ойын жалғап. - Жылы-жылы сөйлегенге олар еріп түседі. Сондықтан еркелете білген орынды. Жұрттың еркелігі - жайлылықтың кепілдігі. Олай болса, менмендік дегеннің қарасын жоғалтып, кендік пен кемелдіктің жапырағын жая алсақ, саямыз жайлы болмақшы. Бұл елім деген әр азаматқа тән қасиетке айналса, онда өмір мәнді, тұрмыс сәнді екеніне сенімім мол.

Халықтық мүддені сөз еткенде, оның салмақтылыққа жүгінетінін байқадым. Мұндайда маңдай жазығы сәл қыртыстана қалып, ақсары өңіне қызыл ойнап шыға келетіні бар екен. Намысқа булыққанынан, әрине.

Осындайда менің есіме Қытай пәлсапашысы Конфуцийдің: «Адамдар мені білмейді деп қайғырма, мен адамдарды білмеймін деп қайғыр», - деген қанатты сөзі түседі. Иә, біз, бүгінгінің адамдары, өзімізді-өзіміз насихаттауға құмар жандармыз. Білгішсініп сөйлеуге, ғұламадай кергуге үйірміз. Дәл сонда телегей теңізге тамшы есебінде қосылатынымызды ескермейміз. Ал, шын мәнінде, теңіз - халық алдында тамшылық құнымыз бар ма, жоқ па, оны да ескермейміз. Міне, біздің бүгінгі жеткен биігіміздің түрі - осы.

Концерттен кейінгі демалыс барысында өзара әңгімеге желі тартуға уақыт табылады. Сонда Мараттың:

- Мен мына өңірге сіңісе алмай-ақ қойдым. Жатсам-тұрсам Арқа жақты аңсаймын да тұрамын. Даласы қандай кең болса, адамдары да сондай кең қайран Арқаға ешқандай жер жетпейді екен ғой. Түбтің түбінде оралатын шығармын, - дегенін естіген едім. Дегенмен мына сөздің байыбына кезінде жете алмағанымды мойындаймын. Өйткені Мараттың өмірбаяндық дерегімен таныс болатынымын. Онда Жамбыл облысының Шу қаласында туылған деп жазылған-ды. Олай болса, туған жерден неліктен безінеді деп ойлағанмын да қойғанмын. Сөйтсем, негіз басқада екен-ау. Ата қонысы, баба мекені оны үнемі өзіне тартып тұрғанын енді түсініп отырмын.

Біздің уақыт адамдары түп тамырға онша назар аудара бермеуші еді ғой. «Өзің жақсымысың - орның төр, жаманбысың - аулақ жүр» принципімен тіршілік кешті. Соның нәтижесінде руға да бөлінбей, тапқа да жүгінбей, теңдік парасатын түрлендіріп отырды. Ал қазіргінің жөні бөлек. Басқа-басқа, жастардың өзі, тегің

бөтендікке жатса, состиып шыға келеді. Сонсын маңайына жолатпауға тырысады. Өте қорқынышты ұстаным. Елдікті бұзатын, халықтық парасатқа жат осынау қылықтан адаланбайынша адам болмайтынымыз анық.

Мараттың өзі асыққан өлкесіне оралғанын кейін естідім. Бірақ құтты қоныс болсынды айтуға үлгермедім. Тірі адамның күйбеңі біткен бе, ана тірлік, мына тірлік деп жүргенде, қайран жанның о дүниелік болғанын естідім. Әйтеуір, аңсаған топырақтың бұйырғанын көңіліме дәт санадым.

Жер бесік мамығын жайсын, Марат інішегім!

**Қорабай ЕСЕНОВ,
әнші-сазгер,
ҚР-ның Мәдениет қайраткері**

АЛТЫН КӨПІР ЕДІ

...Өмір жолы көшкен керуен соқпағы іспетті. Оның бұлтарысы да, жазығы да көп... Ойлап отырсам, сайып келгенде, тіршіліктегі сыйластыққа, адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа ештеңе де жетпейді екен. Оған байланысты қаншама керемет сөздер, әдемі әсерлі әндер айтылғанымен, адамдар жеме-жемге келгенде жеке басын күйттеп, пендешілікке салынып кететіні өкінішті. Заманының заңғар ақыны Мұқағали Мақатаевтың «...Уақытты тоқтататын шамаң бар ма, бәрі өтеді, дәуірлер замандар да, менің жаным ашиды осы өмірден, өтпейтіндей көретін адамдарға...» - деген сөздерін оқимын да, еріксіз бас шұлғимын. Расында да, кей кездері өзімізді мәңгілік өмір сүретіндей, ертең бес күн жалғаннан көшпейтіндей сезініп, қатайып тұрып аламыз. Кейіннен, аптал азаматымыздан айрылғанда ғана, аһ ұрып өкінеміз. «...Ой қандай азамат еді?» дейміз тағы да аһ ұрып. «Жылаудың өлгеннен соң қажеті не, ағайын сыйласпаса тірі күні...» Тірі күнгі сыйластыққа, расында да, ештеңе жетпейді ғой!

Жан дүниемді үлкен тебіреніске ұшыратып, өткенге ой толғатып отырған жанымдай жақсы көретін ағатайым - Ахметов

Марат Кеңшілікұлына деген сағыныш болар, бәлкім. Өйткені ағаның көзі жұмылып, өмірден бақилық болғанына, міне, тура бір жыл толып қалған екен. Зымыраған уақытқа не дауа айтарсың.

Марат Кеңшілікұлы Жамбыл облысының Шу қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп Алматы қаласының ауылшаруышылығы институтына оқуға түседі. Кейіннен Жезқазған облысына барып жұмысқа тұрып, сол мекенді өмірлік тұрағына айналдырады. Үйленеді, екі ұлды дүниеге әкеліп өсіреді, өндіреді. Ал еңбек жолында кеңес өкіметінің барлық қызметтік сатыларынан өтіп, Ұлытау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып еліне еңбегін сіңірді. Кейін, партия тараған соң, «Бұрма» кеңшарын басқарды.

Жалпы «Бұрма» орыстар мен немістер көп шоғырланған елді мекен. Ағамыздың намысшылдығы сол-бүкіл ауылдағы өзге ұлт балаларына қазақтың желмая атына мінуді үйретіп шығыпты. Өзге ұлттардан ұят болады деп өз есігінің алдын күн сайын балаларымен қосылып мұнтаздай етіп тазартып, гүлзар бағына айналдырып жіберген деседі.

Марат ағаның мен білетін бір үлкен қасиеті бар. Ол - Сарыарқа мен оңтүстікті жіпсіз байланыстырып, ел мен елді, адам мен адамды жақындастыратын дәнекер еді. Сонысы үшін мен оны «алтын көпір» дейтінмін. Аталарымыз: «Жақсы адам күннің нұры сияқты», -деп отырушы еді, барлығымыз күннің нұрына қол созғандай ағамыздың қасынан кеткіміз келмейтін. Сарыарқа мен оңтүстіктің жаны жайсаң азаматтарының барлығын іздесек осы Мәкеңнің қасынан табатынбыз. Менде сол кісінің арқасында талай азаматтармен танысып, өрісімді кеңейттім. Қызметіне байланысты ешкімді алаламай, барлығын тең ұстайтын кішіпейілділігі, елгезектігі бізді таңқалдыратын, бір рет дәмдес, әңгімелес болған адам Мәкеңді ешқашан ұмытпай, есінде сақтап қалатын ғажайыптығы да бар еді. Бірақ өзі басқаларды қалай сыйласа, өзін де солай сыйлауын талап ете алатын.

Марат аға туралы тек жақсы сөздерді айтамыз. Ағамыз «Бұрма» кеңшарында басшы болып қызмет істеп жүрген кезінде, көрші Дария бекетінен болғандықтан, студенттік шақтан есімін жиі еститінмін. Кейін Қарағанды қаласында тағдырдың жазуымен

жақын таныстым. Содан білісіп, туған ағайындай болып кеткен жандар едік. Ағаның адамды сыйлау қасиеті ерекше еді, адамзат баласының барлығы Мәкеңдей болса, жер үсті пейіштің төріне айналар еді деймін мен кейде.

Уақыт өткен сайын марқасқа азаматтан айырылғанымызды түсініп жүдегендеймін. Тіпті, ол кісінің адамдарға жасаған жақсылығын тізбектеп айтып жеткізудің өзі қиындық тудырады. Дегенмен де бірерін есіме түсіріп көрейін.

Отызында орда бұзар азаматтың ел аузына ілігіп жүрген кезі болатын. Отыз жасында кеңшарды басқарып, табандылықпен еңбек ету бүгінде көп жастың қолынан келс де бермейді ғой. Өзі ауылшаруашылығы саласының маманы болғандықтан, ағамның басқарған кеңшары елден озық тұрды. Жас мамандарға жол сілтеу, көмек көрсету, бағыт-бағдар беру-Мәкеңнің басты принциптерінің бірі. Алдына көмек сұрап келген азаматтың сұрағын жауапсыз қалдырмайтын. Менің бұл сөздерімді ағаның көзін көргендер жоққа шығармайды деп ойлаймын. Бұрыннан сыртынан қанық болатынмын, танысқаннан кейін: «Сіздердің соңыңыздан ерген інілеріңізді білу міндет емес шығар, ал алдымыздағы аға буын ағаларымызды білу біздің парызымыз», -деп інілігімді білдіріп ілгіпат таныптым. Содан мені жанындай жақсы көріп, бауыр тұтып кетті.

Ағаның кішіпейілділігі туралы тағы бір мысал еске түседі: жаздыгүні ашық аспан астында берілген бір асқа барып, ат бәйгесін қызықтап тұрғанмын. Күн шыжыған ыстық. Опыртопырдың ішінде біреуді-біреу қарап, танып та болар емес. Марат аға сонадайдан мені байқап қалып күлімдеп: «...Басыңа ыстық өтеді», -деп өзінің басындағы қалпағын дереу шешіп беріп, қас пен көздің арасында менің «қойыңыз» дегеніме қарамастан, басыма кигізіп жатты. Осы кішкене ғана әрекетімен Марат жақынына қоң етін кесіп беруге даяр тұратын азамат екендігін тағы да бір рет дәлелдеп берді. Бұл - қарапайымдылық. Ал қарапайымдылық - көп адамда бола бермейтін қасиетті мінез. Тұрмыстың түрлі саласында қызмет етіп жүрген азаматтар ол кісіден көп тәлім тәрбие алып, әр қимылы мен әзілі орынды деп риза болып айтып жатқандарын да жиі естимін. Кейде жол түсіп Қарағандыға барғанда уақыттың аздығына қарамастан, кіріп сәлем беріп

кететінмін. Бірақ ағамның: "Қонақ бол, отыр емін- еркін әңгімелесейік", - деген сөздеріне жұмыстың қауырттығын сылтауратып, кетіп те қалған кездерім болды. Бүгінде соныма өкінемін. Неге ағамның қасында емін-еркін отырып әңгімелеспедім, жұмыс шіркіннің бітетін қиыры бар ма еді, ысырып қойып, сүйікті ағамның қасында бірер сәт ақылын тыңдап, әңгімелесіп, шер тарқатысып, ой бөлісіп дамылдамадым деген өкініш жүрегімді езеді...

Жалпы, бүгінде ойлап отырсым, ол кісінің өткен өмірінің бәрі сағыныштан тұрады екен. Туған жерден жырақта не бәрі 59 ақ жыл ғұмыр кешкен кезеңінің өзі - қайталанбас дәуір. Арқада бедел мен абыройдан кенде болмаса да, жасы ұлғайған шағында өзінің туған жері Тараз қаласына қоныс аударамын деп шешті. Бұл ұзақ ойдың, толқудың, күйзелістің арқасында туған жерін шын жүрегімен сүйген азаматтың шешкен шешімі екенін сезіндік. Бар ғұмыры мен жастық жалынды шағын сарқып берген Арқа жерін бірақ жүрегі құрғыр қимады. Көп ұзамай аңсаған Арқасына, Қарағандысына, қайта көшіп келді. Туған жері, анасының баласына қол сілтегені сияқты, оған да жол сілтеді. Ал денсаулығының өте нашарлығын ақтық демі таусылғанша ешкімге білдірмеді. Өмірден өтетінін өзі сезсе де, тірі пендеге шағым жасамады. Өзін аяғанды тәуір көрмегені ғой деп ұқтық оны біз.

Атам қазақ «орнында бар оңалар» деп тегін айтпаса керек, ол кісінің ұлағатты істерін бүгінде ұлдары Азамат пен Саламат жалғастыруда. Отағасы өмірден озғалы да күн мен түн бірін-бірі алмастырып, уақыт шіркін алға қарай тоқтаусыз жылжып, міне, бір жыл да өте шығыпты. Кеңшілік әулетінің нақ ортасында мәуелі бәйтеректей, жапырағын жан-жаққа жайған Дәмеш апамыз отырған жайы бар. Қарағанды мен Жезқазғаннан Таразға барған азаматтарда және керісінше Қарағанды өңіріне сапар шеккен жан қай жерге барып қонамыз деген оймен бастарын қатырмайтын. Оның себепшісі Марат ағаның кеңпейілділігі болса, жақсы жар - тұрағың» демекші, Дәмеш жеңгейдің қонақжайлылығы еді. Оны Мәкең де түсініп, аузынан тастамай үнемі риза болып айтып отыратын. Ағай мен жеңгейдің тағы бір ерек қасиеттері-өте балажандықтары. Үлкен ұлының қызы Әйгерімді бауырларына басып, оның орны бөлек деп еміреніп отыратын. Мәкең шаңырағын өшірмейтін, ошағын сөндірмейтін, Кеңшілік әулетінің

тегін тоқтатпайтын ұл жынысты немере сүюді армандап еді. Бірақ көзі тірісінде бұл арманы орындалмағаны өкінішті.

PS. Өмір туралы кеуде түкпірінде жатқан ой өрістерін аударып-төңкерістіріп аға туралы мақала жазып отырсам, ұялы телефоным шыр ете қалды. Сөйтсем, Марат ағамның кіші ұлы Саламат телефон шалып сүйінші сұрайды: «Сәбит аға, перзентханада тұрмын, ұлды болдым! Әттең, әкем бұл күнге жетпей кетті, әйтпесе қатты қуанатын еді, әкемнің орнына сіз қуансын деп сүйіншілеп жатқаным...» - деп әрі ағам, әрі досымның баласы қатты толғаныста тұрғанын жасырмады. Құлағыма ар жағындағы сәбидің іңгәлап шырқыраған даусы келді. Бәсе, мен білетін Марат ағамның ақ арманын періштелер «әумин!» деген екен ғой. Бес қыз немереден кейін дүниеге ат ұстар келіпті... Тәубе!

Мен үшін бұл жақсы хабар «Марат ағаң тіріліп келді» дегенмен бірдей болды.

«Туыс - қаннан емес, сыйласқаннан» дегендей, тірісінде сыйласып, жасы кіші інім деп бауырына баса білген ағамды бауыры ретінде сағынышпен еске аламын!

Сәбит ӨСКЕМБЕКОВ

ЖАҚСЫДА ЖАТТЫҚ ЖОҚ

«Жақсыда жаттық жоқ» дегенде, үлкендеріміз өзі ғұмыр кешкен қоғамға тастай батып, судай сіңген, айналасына жұғымды атанған жандарға қашан да орын бар екенін айтса керек. Уақытында іні бола білген, тек іні ғана емес, сонымен қатар жасының кішілігіне қарамай үзеңгілес жолдас бола алған Марат жөнінде дәл осынау теңеуді қолдансам артықтығы жоқ сияқты. Өйткені бұл жігіттің орны бөлек болатын. Кісі сыйлай білетін ерекше қасиетімен ол басқаларға өзін сыйлата алған жан-ды.

Біз Шет ауданында он екі жыл бірге қызмет атқардық. Бірге дегенде, мен бір мекеме төңірегін айтып отырған жоқпын, ауылшаруашылығы саласының сарындас құрамдарын тілге тиек етіп отырмын. Мен «Сельхозтехника» өндірістік бірлестігіне

басшылық жасаған уақыт барысында Марат әуелі Шет кеңшарының директоры, әрі де ауылшаруашылық басқармасының бастығы лауазымында болып, артынан «Бұрма» кеңшарында басшылық қызмет атқарды. Коммунистік партия кезеңі ғой, партия қайда жұмсаса да, Марат өз ісін үлкен жауапкершілікпен атқарып, үнемі назарда жүрді. Ол басқарған ұжымдар озаттар қатарынан орын алғанына куәгермін. Іскерлігінен, әрине, сонсын бойына біткен ұйымдастырушылық қабілетінің биіктігінен.

Жұмыс жүргізгенде Марат өзін еркін ұстайтын. Бұл еркіндік басқалардың бойына сенім ұялатушы еді. Сондықтан болса керек, мамандармен қатар қарапайым еңбеккерлерге дейін таңның атысы, күннің батысы дала төсін еңбек думанына бөлеуге асығып тұратын. Мұның өзі басшының мерейін көтеретін ұйымшылдық екеніне ешкімнің таласпайтынына сенімдімін.

Таңқаларлығы да сонда, еңбек үстінде Марат директор екенін ұмыттып кеткендей бәрімен қоян-қолтық араласып, қай істе де жұмысшылар ортасынан табылуға тырысатын. Мұның ортақ іске өз ықпалын тигізгені даусыз.

Мінезі қызық еді.

Кеңсеге телефон салады. Тұтқаны көтергенде, арғы жақтан:

- Смольный аман ба екен? - деген дауыс жетеді құлаққа.

Бірден танимын. Марат, әрине.

- Әзірге орнында. Аман-сау тұр ғой, - деймін күліп.

- Бәрекелді! Соның амандығы керек бізге.

- Жеп отырған нан берген соң, Смольныйға тәуелдісің. Оны ұмытпағаныңа рахмет!

- Ұмытпағаннан кейін ғой телефон шалып жатқаным.

- Міне, бұл - өсетін жігіттің қылығы.

- Е,әшу қай бір жақсылық дейсіз. Сонсын өсуге тырысатынымызды жасырмаймыз да.

«Смольныйдың» сырын алғашқыда түсінбегенім даусыз. Кейіннен бір кездесу барысында соны алдына тартқанымда, екі езуін екі құлақтың түбіне жеткізе ыржығаны бар.

- Үнемі кеңседен табылатын, бөлтек-салтақ жүрістен қашқақтайтын адамдарды осылай атауға мәжбүрміз, өйткені олар да бір, Смольныйдағы төңкеріс кеңсесіне тоғытылғандар да бір.

Ендеше, кешегі мен бүгінгінің қандай айырмашылығы бар? - деген сонда ол. - Сондықтан бой сергітуге пейіл бергеніңіз жөн.

- Енді бұл ақылыңды қаперде ұстауға тырысуға сөз беремін.
- Онда сөз басқа.

Кейде және телефон шалады. Даусын өзгерте, басқа адамның кейпінде сөйлей бастайды. Бірақ танып қоямын. Танитыным - Мараттан басқа кім әзіл-қалжыңға өзек тартқандай бұл өңірде?

Мұндайда ол ағынан жарыла күледі:

- Құдай ақы енді бұлай жасамаймын, - дейді сонсын мен сене қоятындай уәдеге жүгініп. - Ал әзірге айтпағым -осы демалыста аңға шығуға қалайсыз?

- Әзірмін.

- Онда дайын отырыңыз. Біраз қасқыр аулап қайтпасақ, қаптап кеткен даладағы тұз тағысы қоғам малына маза беретін емес.

- Аңқұмарлар аңсарына да демексің ғой? Алғашқысын айтқанда, соңғысын жасырмағаның абзал.

Келіседі.

- Әлбетте. Оны өзіңіз де түсініп отырсыз ғой, - дейді мырс-мырс күліп.

- Жақсы.

- Сәтін салса, сенбінің таңында аттанып кетейік.

- Қабылдадық.

Оның аңға шыққаны да қызық. Іші азыққа толы қоржынын машинаға тиеген соң, түрлі әңгімеге желі тартады. Білетіні көп. Тарихты да, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін де жан-жақты талдап отырады.

Мылтық атуға шорқақтығы жоқ емес. Басқалардың қызығын қызықтау үшін ғана шыққан адамдай:

- Кезек сіздікі. Енді сіз атып көріңіз, - деп жанындағыларға жол беріп жатқаны.

Аңға шыққанда байқағаным - Марат жер бедерін өте жақсы біледі. Бұғылы-Тағылының ұңғыл-шұңғылына шейін көзін жұмып қойып айтқанда, таң қалмасқа шараң жоқ. Жерге қатысты тарихқа да жетік. Арғы-бергі заманалар тізбегінде өткен мен кеткеннің тарихын ертеден қара кешке дейін толғаса бір қажымас.

Бабалар қанына сіңіскен осындай білімдарлықты бойына құя білген жанның арамыздан ерте озғаны өкінішті, әрине. Бірақ біреуге ерте, біреуге кеш бұйырар Алла жазуына мойынсұнуға мәжбүр екенімізді ұмытпауға тиістіміз. Олай болса, топырағың торқа болсын, аяулы іні деймін.

Қуат АХМЕТОВ,
шаруа қожалығының иегері
Жаңаарқа ауданы

АУЫЛДЫҢ АҚТАҢКЕРІ

Өткен шақ біртіндеп сағымға айналып, сағыныш тудырады. Өмір өте келе жиірек артқа көз тастап, бір кездері қатар жүрген азаматтардың елесін іздейді екенсің. Сондайда қазағымның тауып айтқан: «Өлі разы болмай, тірі байымайды», «Жақсының артында жақсы сөз қалады, жаманның артынан тек қана бөз ереді» т.с.с. нақыл сөздері ойға түседі. Тіпті, дана Абайдың: «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деген бір ауыз өлеңінде қанша мағына жатыр десеңізші!

Жаны жәннатта болғыр Марат жолдасым туралы естелік жазу туралы ой түскенде, санама алғаш келген сөздер еді бұлар. Расында, «Жақсының жақсылығын айт- нұры тассын, жаманның жамандығын айт-құты қашсын» демекші, ізсіз кетпеген азаматты қалай ұлықасақ та жарасар емес пе?

... Тәуелсіздігімізді алып, өмірімізге нарық еніп, біреу түсініп, біреу ұғынбаған «аласапыран» дәуір басталып жатқан уақытта, дәлірек айтсақ, 1994 жылы мен Ағадыр ауданы, К.Мыңбаев кеңшарынан сол кездегі Шет ауданының әкімі, облысымызға белгілі мемлекет қайраткері Медиев Қаскеңнің қамқорлығымен Шет кеңшарына директор болып келдім. Марат марқұм болса, сәл ертерек, 1991 жылы Ұлытау ауданынан үйреніскен Шет ауданының Бұрма кеңшарына директор қызметіне тағайындалды. Бұрыннан жақсы таныстығымыз бар Мәкең екеуіміздің 10 жылға тарта ауылымыз аралас, қойымыз қоралас болып қоңсы қонуымыздың соңы үлкен достыққа ұласты.

Бұл бір ел экономикасы үшін өте ауыр кезең еді. Жанар-жағар май тапшы, электр қуаты бір күн болса, бір апта жоқ, еңбеккер еңбекақысын, зейнеткер зейнетақысын уақытылы ала алмай жүрген, азық-түлік күн санап қымбаттап жатқан кез екенін ешкім ұмыта қоймаған болар. Ауылды тұрмастай тұралатқан да сол жылдар болатын. Тіпті, бір тайға бір қап қант айырбастап, малшының еңбегін еш, терін тұз еткен еді-ау құлқын құмарлар!

Сол уақытта жанар-жағар май базасы, сүт зауыты, жол жөндеу бөлімшесі (ДЭУ), ПМК, астық қабылдайтын пункті (ХПП) бар Жарық стансасы оның маңындағы кеңшарлар үшін үлкен қиындықтардан алып шығатындай үміт сәулесі жылтылдаған «жарық» болды. Айналадағы кеңшарлардың мекеме басшылары көбінесе аудан орталығында емес, сол станса басында, негізінен, нефтебаза мен ХПП қасында жиналатын еді. Сол уақытта бәріміздің орта көңілімізді Марат өзінің орынды айтылатын жарасымды әзіл-қалжындарымен тоғайтатын. Жасының кішілігіне қарамастан, кез келгенмен ойыны жарасушы еді. Қазақы салтқа бағып құрдастарымен қалжыңдасқанда, сөзі құлағына тиген адамның күлмейтіні болмайтын. Қалжыңы қанша қатты болса, досқа адалдығы да соншалық берік болатын.

Маратпен бірге жүріп, Қаскең (Медиев) айтқандай, «Жарықтың мафиясына» кіріп, бұл «мафиядағы» ПМК бастығы Жамиев Болат, Сельхозтехника өндірістік бірлестігінің бастығы Ахметов Қуат, ХПП бастығы Маханов Орынбасар, отын базасының басшысы Аманай, емхананың бас дәрігері Мұхатбек, Жарықтың әкімі болған Әсман, Мұхтар бөлімшесінің меңгерушісі Уалиев Аманкелді, «Бұрма» кеңшарының әкімі Ғалымжан, Просторный Акционерлік Қоғамының президенті Шайкин Марат, сүт зауытының директоры Әбеуов Төлепберген т.б. күн құрғатпай кездесіп, қызығы мен шыжығы қатар жүрген ұмытылмас күндерді бірге өткізіп, қиындықтар мен қуаныштарды бірге бөлісіп едік. Бүгінде сол жақсылардың біразы (Бөкең, Аманай, Әсман ағамыз, Жорғатай, Орынбасар, Мұхатбек ағаларымыз) қатарда жоқ, мәңгілік тұрақтарына аттанып кетті. Сол қатардан Марат бауырымның орны үңірейіп-ақ тұрғаны анық. Бәріне де иман байлығын берсін, жатқан жерлері жайлы болсын.

Еңбек жолын «Путь к коммунизму» шаруашылығында қатардағы зоотехник болып бастаған Марат араға аз уақыт салып сол кеңшардың партия ұйымын басқарады. Өзін әр қырынан жарқырата көрсете білген оған көп ұзамай Шет аудандық партия комитеті іргелі шаруашылықтардың бірінен саналатын Шет кеңшарын басқаруды сеніп тапсырады. Сол уақытта әжептәуір тәжірибе жинақтап, бойында басшылық қасиеттерді қалыптастырып үлгерген іскер басшы ең алдымен адамдармен тіл табысып, олардың жай-күйіне, тұрмыстық жағдайына, сол арқылы алаңсыз жұмыс жасауына ерекше мән берді. Шешімді өте жылдам қабылдайтын, жан-тәнімен еңбек ететіндерді қатты қадірлейтін, керісінше, тапсырылған істі жүрдім-бардым орындап, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге дағдыланғандарды маңына жолатпауға тырысатын жан-ды. Оныңмұндай қасиеттерін ауыш ақсақалдары кейіннен жиі еске алып отырушы еді.

Мараттың Шет кеңшарында директор болып жүргендегі қызықты оқиғалары, әзіл әңгімелері бір қора. Әсіресе әуесқой ақындар Шәтенов Қоңыр мен Төкеннің бір-біріне шығарған қалжың өлеңдерін жатқа айтатын.

...Бір шайдай ашық күні Марат «Құттыбай» бөлімшесіне келіп, маяға кетіп бара жатқан бөлімше меңгерушісінің артынан рациямен «Күн қалай болып тұр?»,- деп сұраса, бөлімшесіне келіп қалғанын білмейтін ол: «Түк көрінбейтін боран, малға шөп бере алмай жатырмыз»,-депті. Сол кезде бөлімше меңгерушісінің қасына тоқтай қалып Мәкең «Бораның қайда?»,-деген екен.

Мені қоса есептегенде, жеті бірдей директорға жүргізуші болған Елубаев Армия Мараттың жақсы қасиеттерін баса айтып отыратын. Әсіресе оның шапшандығын, машина тоқтамай жатып секіріп түсіп жүре беретінін жыр қылып айналасындағыларға толғайтын. Бірде ол бастығына: «Машина тоқтаған соң, асықпай түсіңіз»,-деп ескерту де жасаған екен.

Кейіннен басқа қызметке ауысқан Марат:

- Қазіргі директорың қалай? - деп сұраса, жүргізуші:
- Сізді тоқтата алмасам, бұны түсіре алмай жүрмін, - деп жауап беріпті.

Осылай бәрімен де әзілі жарасқан Марат Бұрма кеңшарында жүргенде біраз күн кездеспей қалсақ: «Әдеке, суретіңізді беріп қойсаңызшы», - деп қалжыңдаушы еді.

Асыл іні Маратпен бірге оқыған жолдасы Сағаттың үйінде өткен жылы қонақта, ең ақырғы рет жақсы көретін інісінің баласының тойында бірге болып, қиналып жүргенінің куәсі болып едім. Алланың ісіне қарсы тұратын құдірет кімде бар, содан кейін бір аптадан соң дүниеден озды.

«Артында бар оңалар» демекші, аяулы жары Дәмешке, ұлдары Азамат, Саламатқа, немерелеріне ғұмыр берсін, әкелерінің жақсылығын жалғастырсын, деймін мен.

Әділ БӘКІРОВ

СЕРІ КӨҢІЛГЕ ДАУА ЖОҚ

Иә, сері көңілге дауа жоқ екеніне көзім жеткен. Оны мына естелік барысында баян етпекпін.

Дегенмен бірден соқпаққа түспей, аздаған түсінікке орын сайлайын.

Марат бауырымның еңбек жолы, оның жетістіктері туралы басқалар баяндай жатар. Мен жігерлі жанның заманның ауыр кезеңдерінде де қайыспағандығын айтпақпын.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында ел басына түскен ауыр шақты көзі қарақтылардың бәрі көрді. Талай жылдар бойына аяғынан тік тұрған шаруашылықтар құлап, тіршілік қожыраған шамада біз де әрі-сәріліктің шырмауына байланған едік. Кеңшарды таратып, ендігі жерде не істерімізді білмей абдыраған тұста ойын-күлкіге орын қалмай, әркім өз басының күйін ойлай әңкі-тәңкіліктің қазығына шырмалған тұста да Мараттың қалжың көкжиегін жаппағанына куәгермін.

Есімде, жұмыссыздар қатарына іліккен шамада Марат жететін әлі ортаға өткізбеген «Волга» машинасымен. Үйге келеді. Ішке өтпейді, сырттан хабар салады. Ебіл-дебіл шыққанымда, басқа сөзге бармастан машинасының есігін ашады. «Мін, отыр» дегені.

Қатарындағы орындыққа жайғасқанымда және ештеңе айтпайды, тартып береді.

Содан көңіл көтеру басталады. Жігіттерге соғамыз, туыстарды жағалаймыз, әйтеуір, уақытымызды өткіземіз.

Күндердің күнінде тағы хабар салды. Бұл жолы телефон шалды:

- Кәке, ертең бір жаққа барып қайтсақ қайтеді?

Әдеттегідей елп еттім.

- Несіне сызыла қалдың, барайық десең, барамыз да.

Ол сәл күмілжіді.

- Жоқ, түсінбедің, бұл жолы сенің машинаңмен жүрсек?

- Жүрсек жүрейік. Бұл темір кімге жолдас болғандай? Жүйткітіп барамыз да қайтамыз.

- Онда ертеңгісін жолға шығайық.

- Мен дайынмын.

Мен Мараттың сөз ауанынан оның ойын түсінбеппін. «Кәке» деп сызылып тұрғаны алыс жолды меңзегенінен екен. Оны жолға шыққанда бір-ақ ұқтым.

Тас жолға түскенімізде.

- Ақмолаға кеттік, - деді.

- Ақмолаға?..

- Иә, сонда бір шаруа бар еді...

Жазған құлда шаршау бар ма, Ақмолағ десе, Ақмолаға тартамыз. Жүйткіп бердік.

Былай шыға өз-өзімнен сезіктене аяғыма қарасам, үйде киетін шәркиймен отырмын. Жүрегім зырқ ете қалды. Соны байқады ма, Марат:

- Ештеңе етпес, қаладан сатып ала саламыз ғой, - деді сәл жымыып.

Алсақ алармыз деп түйіп, сапарды жалғастыра бердім.

Алыс жол. Әйткенмен Марат әңгімемен жалықтыратын емес. «Әй, қожа» деп бастап алады да, әрі қарай жүрдек аттай жортақтай жөнеледі. Білмейтіні бит астында сияқты. Жер тарихы, еларалық әңгімелерді айтқанда, тілінен бал тамады. Заманауи хал-ахуалға да арна тартып қояды. Бәрі рас, оны мақұлдасқа шарам жоқ.

Әрине, Маратты білуім бір бүгін емес. Әуелі Шет ауданының түрлі шаруашылықтарында болғанда сырттай қанықсам, кейіннен бірге қызмет атқарғанда ішінара білгенім сөзсіз. Шаруашылық саласы бойынша оның орынбасары міндетін атқарған шағымда, тонның ішкі бауындай араласып кеткеніміз даусыз. Соның бәрінде өзін жақсы қырынан көрсеткендіктен, біз оған сенетінбіз. Жақсы жігіт екеніне көзіміз жеткен. Сондықтан сөзін қайтармаушы едік. Шәркімен отырған мына бетімде де мен оның тілегін жерге тастамайтыныма кәмілмін.

Марат - қызықтау мінезді жан. Өзім дегенге өзегін жұлып беруге бар. Мәрттігі - өз алдына бір төбе. Үлкенмен де, кішімен де тіл табыса алады. Мені ол бірде әке десе, енді бірде аға, тағы бірде құрдас көреді. Бәрі сыйымды. Мүшел жас үлкендігімді бағалағанынан әрі адамдығымды мойындай жанына жақын тартқандықтан. Осы сенім үдесінен шығу мен үшін міндет сияқты. Өз ойымша шығып жүргенге ұқсаймын. Өйткені жақын тарта ұстауы бұған дәлел.

Ақмолаға да жеттік-ау. Ол әлдебір кеңселерге кіріп шықты. Мен болсам, шәркіімнен ұялып, ешқайда бас сұға алмаймын. Машина ішінде отырамын. Тек бір үйден дәм ішкенде аяқ суытқаным бар.

Жұмысы бітті деген шамада:

- Қарағандыға тарттық, - деді көңілдене.
- Тартсақ тарттық, - деппін басымды изей.

Ойымда ештеңе жоқ, қайтадан сапарға шықтым. Қас қараймай елге жетіп алатын болдық деген қуаныш бойымды кернейді.

Орта жолдан асқанда бірдеңе іздедім бе, костюміме қол созсам, ұшты-күйлі жоқ. Апыр-топыр бола қалдым. Машинаны жол жиегіне тоқтатып олай қараймын, былай қараймын, табылатын емес.

Мен осылай жүргенде, Марат селт етпейді.

- Не, Қожа, бірдеңе жоғалттың ба? - деп сұрайды жайбарақат қалыпта.

- Костюімді таба алатын емеспін, - дедім шынымды айта.
- Онда не бар еді?
- Ойбай-ау, бар құжат соның қалтасында ғой!
- Ештеңе етпейді, жаңа костюм сатып әперемін.

Күйіп кеттім:

- Костюмі құрысын! Құжаттарым қалып қойыпты!

Марат әлі жайбарақат:

- Ертең алдырып беремін. Қазір тарта берейік. Бізді таниды ғой, жол патрулі ұстай қоймас, - деп қарап отыр.

Амал нешік, алға астық.

Қарағандыға жеткенде Мараттың үлкен баласы Азаматтың үйіне түстік. Бала әкесінің келе жатқанынан хабардар ма, бәрін дайындап қойыпты. Алдымызға бір табақ ет келгенде, бәрін ұмыта астан қарбытқанымыз талассыз.

Сорпа ішіп әбден жайланғанымызда Марат:

- Ал, Қожеке, көңіл орнықса енді бөгелмейік, бізде де үй бар, әйел-бала бар дегендейін, шаңырағымызға жетіп алайық, - десін.

- Бөгелмесек бөгелмейік, - деп етек қаққаным есімде.

Содан жолға шықтық. Байқаймын, машина әйнегін ашып қойғандықтан, бойым тоңазиын деген сияқты. Жемпіріме қол созсам, ол да жоқ.

- Тағы не іздедің? - деп сұрайды Марат.

- Әлгінде жемпірімді орындық арқалығына ілген сияқты едім...

- Бәлкім, ілмеген шығарсың... Оны да бір жерде қалдырып кеткен шығарсың?

Мен жеңістік бермеймін.

-Жоқ, осында қалған. Әзірге есімнен ауыспағаным анық.

Марат жөткірінді. Әлденені сыздықтатар шақтағы әдеті, әрине.

Ол орындығына сәл шалқая беріп мырс-мырс күлді.

- Дәл соған күмәнім бар, Қожеке...

Мынау қайда бастап барады өзі? Іш жидым.

- Мұнымен не айтпақ едің?

- Жай, әншейін, бір сөзіңе күдікпен қарағаным да.

- Есімнің дұрыстығына күмәндісің бе?

- Әлбетте. Әйтпесе Азаматтың үйінде киім ілгішке іліп жатқаныңды көрген сияқты едім...

Есіме сарт ете түсті. Иә-иә, жіпсі бергендіктен шешіп ілгенмін. Қап, енді қайттім? Үйге тырдай болып баратын болдым-ау...

Мараттың ойына менің мына қалпым кіріп-шығар емес. Ол жайбарақат отыр.

- Ілуін сен ілгенсің, жасыруын мен жасырғанмын. Ештеңе етпейді, оны да сатып әперемін. Менің мойынымдағы шаруа болсын, - дейді және үнсіз қалмай.

Елге жеткенде тағы да араға сөз қосты:

- Айып етпегейсің, - деді өзімсіне. - Бәрін әдейі істегенмін. Біле білсең ешқандай тосынсыздықта Ақмолаға барып-қайтсақ несі қызық? Әйтеуір бір сапар дейміз де қоямыз. Ал мына оқиғадан кейін жұрт аузында жүретін жол есебінде есте қалады. Кейін ұрпағымыз айтып жүреді, әкелерінің қандай аңғал болғанын. Солай емес пе?

Жауап қата алмадым.

Иә, дүрмек дүниеде мұндайлар да болып жатады екен...

Әрине, айта берсең, сөз көп, тарата берсең, арада болған оқиғалар жеткілікті. Қайсыбірін жіпке тізгендейсің. Бастысы - мына өмірде менің болғаным, Мараттың туғаны. Дегенмен, жазар жазуға не шара, мен әлі жүрмін, менен гөрі жастау Марат жоқ арамызда.

Осыны ойлағанда, өзегім өкініштен өртенеді. Қаза үстінде: «Маратты алғанша, мені алмадың ба, Жаратқан ием!» - деп боздағанмын жанарымнан жас парлай. Күпірлік, әрине. Пенде болып туған соң, күпірлікке көп баратынымыз жасырын емес. Басқаша жағдайда Алла пәрменіне күмән келтірмесіміз анық. Жазуға және араша тұра алмасымызды сезінер едік.

Бірақ жақсы көрген адамыңмен қоштасу да-қиынның қиыны. Оны қимағандықтан айтып жатамыз, шындық пен жалғандықтың арасын айырмай нені болмаса соны. Әйтпесе туу барда өлу заңдылығы тұратынын адамзат өкілі шыр етіп дүние есігін ашқан күннен бастап жадында ұстайды ғой.

Жүрдек уақытқа не шара? Содан бері де бір жыл өте шығыпты. Арамыздан Мараттай аптал жанның ұзап кеткеніне тура бір жыл.

Пейішттің төрі бұйырсын, қайран азамат!

**Кәдікен НАҚЫШОВ,
зейнеткер, ауыл ақсақалы
Бұрма кеңшары**

ОҢДАЙ ДОС ҚАЙДА БАР?

Мен Марат туралы «ол - менің досым» дер болсам, бүткіл Қарағанды облысы құлағын елендей тігіп қалар. Сондықтан барлық елге түсінікті болуы үшін мен әуелі Маратпен арамыздағы достық жайлы аз-аз кіріспе сөз айтуым керек.

Жамбыл облысында мемлекеттік қызметте жүрдім. Қызметтің үлкені болды, кішісі болды: аупарткомде бөлім меңгерушісі, Талас аудандық партия комитетінің салалық хатшысы, Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары, облыстық басқармаларда бастық болдым. Қызметіміздің аты мемлекеттік қызмет болған соң, біздер, партияның «сенімді жауынгерлері - партия қызметкерлері» өзіміздің еншімізге тиген қызметтің қайсысына болмасын, оны кемсініп, иә, оған мақтанып, адамға өктемсіп қараған емеспіз, бәріне мақұл деп атқарып жүре беретінбіз.

Қазір ол кезді «тоталитаризм індеті», «тоқырау» деп немесе осы терминге ұқсатыңқырап мейлінше төмендетіп айтуға жаны құмар кейбір адамдар шығып жүр. Бұл - қате пікір, жаңсақ ұғым. Өйткені қоғам өзгерісіне онда тіршілік кешкен қарапайым адамдар кінәлі емес. Ол - саяси тұлғалардың қолынан келетін шаруа. Сондықтан біз айтамыз: заманымызда біз Отанымызға, халқымызға өз әлімізше қызмет еттік. Жақсы болсын, жаман болсын сол еңбегіміздің жемісін де көре алдық. Біз ғана емес, сол қоғамның әр мүшесі сезінді бұл жеміс нәтижесін. Ендеше, олай емес деп айтатындар шығып жатса, олармен осы жөнінде әңгімелесуге, пікір сайыстыруға дайынмын.

Осы жолда талай асудан өтіппіз. Оқыдық. Жоғары білім алдық. Өкімет пен партия жұмсаған облысқа, ауданға, ауылға барып, мамандығымыз бойынша ауылда мұғалім, зоотехник, агроном, ветврач, инженер, мәдениет қызметкері болып қызмет еттік. Бәлкім, бізге кезінде ауылға қызмет етуге барғанымыз үшін жоғарыдағылар үкімет атынан рахмет айтқан да шығар, бірақ бізге қазіргідей жарты миллионға дейін жалақы беріп, басымызға үй алуға несие бөліп, жеңілдіктер ұсынып, сонша жік-жапар бола қойған билікті біз көрген емеспіз: біз ауылға оны көркейтеміз деген

адал перзенттік ойымызбен бардық. Содан жамандық көрген жоқпыз.

Жеңілдігі құрысын, ол кезде ешбір алтынға сатылмайтын кеңестік патриотизм деген, ешбір туысың бұрмалап иіне келтіріп жіберетін бұрмалау деген пәле атымен болмайтын. Біздің жүзіміз жарқын болды. Ешкімнің алдында өзімізді кінәлі немесе байланып қалған бейшара сезінбедік.

Сондай адал жанның бірі менің қарағандылық досым Марат Ахметов деп санаймын.

Марат дегенде...

Ойыма Жамбыл облысының орталығы Тараз қаласы есіме түседі. Тараздың маңындағы Қарой ауылдық округінде әкім болып жүрген кезім еді. Бір танысым «Сенің досың облыстық әкімдікке қызметке келіпті, - деп қалды. - Зооветинститутта бірге оқыпсыңдар».

Біздің «зоовет» кадрлардың ұстаханасы еді ғой. Оқып жүрген кезімізде ректорат өкілдері: «Жақсы оқыңдар, біз ауылшаруашылығына кадр дайындайтын жетекші оқу орнымыз - бізде аналар -мыналар оқыған», - деп ірі тұлғалардың аты-жөнін жиі айтып қап жүретін. Бізді қайрайтын, сол мықтылар сияқты болыңдар деп ынталандыратын. Марат Ахметовтің де сондай жолдан өткенін мен кейінірек білдім.

Облыстық әкімдіктің ауылшаруашылығы бөліміне кірдім. «Институтта менімен бірге оқыған жігіт кім болды екен?» деп қарайлап едім, шашының аздаған толқыны бар, дембелше келген, аққұба, мейірімді жүзді кісі жылы ұшырай берді. Бірақ мен оны анық танымадым, алайда бір жерде анық көрген адамым сияқтанды.

Таныстық. Ол да мені сырттай біледі екен. Сөйтіп, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында өзімнен екі курс төмен оқыған Марат Ахметовпен осылай таныстым.

Бұл таныстығымыз он жылға созылған әдемі достыққа ұласты.

Достық деген не? Ол - әйтеуір, таныс болу емес, одан тереңірек кететін сезім.

Марат біздің мына Шуда туып өскен жігіт болғанымен, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген соң

ұзақ жылдар бойы Жезқазған (қазір Қарағанды облысының құрамында) облысының шаруашылықтарында қызмет атқарған азамат екен.

Жезқазған болғанда, оның Шет ауданы (Ұлытау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін айтпағанда) М.Ахметовтің зоотехник, партия ұйымының хатшысы, кеңшар директоры, РАПО төрағасы болып дәуірлеген ауданы болып шықты. Шет ауданы Марат Ахметовті өте жақсы біледі. Білу деген біздің жайда мүлдем жай сөз болып шығуы да мүмкін, оны аудан халқы құрмет тұтқан.

Бір мысал:

Марат Ахметов 2003 жылы сол кездегі облыс басшыларының бірі, институтта бірге оқыған жолдасымыз Бөрібай Жексембиннің шақыртуымен Жамбыл облысында жұмыс істеп жатты дедім ғой. Алмас кездіктің қап түбінде жатып қалмайтыны қандай анық жайт болса, Қарағандыда аудан басшылығында қызмет еткен Ахметов Жамбылға келген соң да өзінің шынайы іскерлігі арқасында облыста жақсы танылды, басшы қызметтер атқарды.

Манағы, ана жақта елге беделді болды деген жайға бір штрих келтіре кетейін: бір күні Тараз қаласына Ахметов Мараттың атына оның үйіне телефон шалынады! Қызықты қараңыз, Қарағандының Шет ауданынан телефон шалушы әлгі азамат біздің Марат досымызға: «Аудан басшылығына сен айтшы, электр жарығын жөндесін!»-депті.

Қарағанды қайда, Жамбыл қайда?

Мәселе адамның жағдайы туралы болып жатқан соң, бәлкім, Мәкең Шетке хабарласқан да шығар. Соны шешіп беруді бұрынғы үйренген қалыппен ел шіркін бұл кезде Таразда жүрген Ахметовке айтуының астарында қандай зор сенім жатқанын іс басында жүрген бүгінгі кез келген басшы азамат жақсы түсінетін болар деп ойлаймын! Марат сондай қалыптағы (форматтағы) басшы жігіт болған еді ғой!

Марат Таразда да өзінің өмірлік дағдысы бойынша «арқалық азамат» бола алудан бір тайған емес-ті. Оның күлкісі қандай еді! Арқа жақтың титтей жетістігі естілсе - арқаланып отыратын. Бұл жақта да сондай жаңалықтар өмірге енсе деп күш салатын.

Онымен бірге бүткіл дала, Сарыарқа даласы бірге күліп тұрғандай болып көрінетін. Оның күлкісінен қазақтың ақжарқын пейілі, дастарханына шақыратын кеңпейіл көңілі сезіліп тұратын. Бұны басқаша айту мүмкін емес-ті.

Мен онымен өмір бойы емес, тек, оның Жамбылда қызмет еткен аз ғана уақтысында дос болған адам ретінде айтарым - Марат досым шын достың өзі еді ғой. Әдетте, бір заттарға сапа белгісін ұрып жататынын елдің көбісі біледі. Мен Марат пен менің достығыма тап сондай жоғары сапа белгісін қойған болар едім.

Немерелеріміз өзара дос болды. Бірге ойнайды. Бізді бірге күлдіреді. Сонда Марат досым немерелеріміздің не тілеп тұрғанын менен бұрын ұғып: «Әй, Қаржау! Бұның жайы былай ғой!»- деп әр кезде дұрыс жол тауып кетіп жататынын мен қазір үлкен сыйластықпен есіме аламын. «Шебер құдай-ай, неге осындай жақсы жолдасты, жақсы адамды арамыздан тым ерте алып кеттің сен!» - деймін кейде өкінішпен.

Мараттың балалары оның жылдығына орай естелік кітап шығарады, соған сен өз естелігіңді бер, жібер дегелі, мен ойға қалдым. Мені Мараттың досы деп санайтын Марат Ахметовтей үлкен азаматтың ұрпағына мен, оның замандасы, институттас досы, қызметтес жолдасы ретінде не айта аламын?

Бұл - үлкен сұрақ.

Үлкен сұраққа оңай жауап жоқ. Біз, Марат екеуміз, өзара достық туралы келісім жасаған адам емеспіз, ондайымыз жоқ. Оны жасаудың қажеті болған жоқ. Біз Алла қосқан жолдастар болдық. Үй ішімізбен араласып, сыйласып кеттік.

Себеп?

Замандаспыз. Заманның рухын бірдей қабылдайтын адамдар екенбіз, ежелгі таныстардай жүре бердік.

Достық тіні осылай тігілді. Бұл - табиғи құбылыс, меніңше. Анадайдан кеңсе коридорын бойлап сөйлеп келе жататын асыптасыған көңіл-күйін қалай сағынбассың достың? Әр жолы достықпен, пендешілікпен күліп, ары-бері айналдыратын достық әзілдерінің құны бүгінде тым қымбат. Маратша емен-жарқын қалжыңдасып, ойын еркін айтатын нағыз дос табыла салар ма екен?..

Көзі кеткенмен, бейнесі көңілден кетпейтін Мараттай достың адамшылық қасиеті, мәдениеті, білімділігі және саясатқа жүйрік қасиеттері менің жадымда жаңғырып тұрады. Кейде бұл мәселені Марат қалай шешкен болар еді деп ойша салғастырып қоятым кездерім де болады. Бұл солай.

Себеп - біреу ғана. Марат көп кездесе бермейтін адал достың бірегейі болған екен!

Лайым, менің ұрпағым Марат досымның ұрпағымен әкелерінше дос бола бергей.

Біздің достық жолымыз, Мараттың саналы өмір жолы, ел үшін жан сала еткен еңбек жолы жаңылыс жол болған жоқ. Сондықтан ұрпақтарымызға да сол жолды тілеймін.

Мараттың ұл-қызына айтарым: «Әкелерің сияқты достарың болсын!»

Сені түсінетін, өзің құрметтейтін жақсы досың болса, өмірдің бір мәні - сонда.

...Марат-ау, сені қара жер қойнына берген былтырғы сәуірдің сол бір салқын қабақ күні менің есімнен еш кетпейді. Сен ардақтаған Арқа елі сені де ардақтаған екен! Соны көрдік. Қарақұрым халық сені жоқтап жылады. Соны көрдік.

Өмір деген - осы!

Қаржаубай КЕМЕЛОВ,
Жамбыл облыстық орман және аңшылық
шаруашылығы аумақтық инспекциясының бастығы



Әкесі Кеңшілік, анасы Зілія



*Студенттік күндерден
Серік, Марат, Арапбек, Шалқар.*



Серік пен Сәбиланың үйлену тойы



Нүршкен апамыз



Қызмет бастағанда. Линц Виктор, Смаилов Дулат, тілші, Марат, Бөпеев Марат



Ең жас совхоз директоры. Жезқазған облысы



*Сыйластар арасында Марат Раимбеков, Марат, Мақұлбек,
Рысдәулет, Бақытжан Сағынтаев,
Сүйінбай, Әкімқұл*



Бұрмадағы күндерден



*Айгерімнің үлкен атасына
сәлем беруі*



Ғалым Жайлыбай досымен



Голландия сапары



Франциядағы күндерден



*Злия анасы балалары, немерелері,
иіөберелерінің ортасында*



Шуақты күндер




*Марат, Сәбит Өскембеков, Сағымбай Медеубаев,
Мақсұт Садуақасов, Санаттың жұлбайы Алма*



Жан достары



Азамат пен Бақыт



Қос құлындарым, егіздерім



Азамат пен Саламат Дәмештің әкесі мен анасы



Немерелер атасымен ойын үстінде



Тәтті шақтар



Аялаган Айгерімі



Атын қойған Темірлан



Ұлытауда әріптестерімен



Әскери жаттығуда



Шет ауданына - 60 жыл



“Қасқыр түсті қақпанға”



Облыстың партия конференциясында



*Аға, бауыр, достары
Саламаттың тойында*



*Марат, Нұрлан Дулатбеков,
Марат Шайкин*



Жақсы сышас Жаңылшац цудаги



Анасы сексенде



Бақытты ананың сәті



Қос анасы Мараттың қызық кешінде



*Қос егіздің қуанышындағы
құдағидың жүрек лүпілі*



Тараздықтардың ақ тілектері

ҚҰРДАСТЫҢ ЖӨНІ БІР БАСҚА

«Тең-теңімен, тезек-қабымен» дегенді айтқанда, халқымыздың бір қалыпқа сыяр көңіл ауанын тап басқандығы аян. Иә, тең - теңімен салтанат құрған дүние қашан да үлкен мәнге ие. Жан дауасы, әзіл-қалжың жарасымдылығы, сыр мен мұң таразысы үлкендік пен кішіліктің аясында қауызында тұншығып, еркіндігін жариялай алмаса, тұтастар ортасында мәуелі жапырағын жайып, бәйтерекке айналып шыға келген. Сөйтіп, айналасына сая болар сымбатын танытқан.

Осы «теңімен»тілі құрдастар төңірегіне де шапағатын тигізгені даусыз. Өйткені бір жылдың төлдері ұялас күшіктердей ұйымшыл келетіні - әу бастан белгілі жағдаят. Олардың бірін- бірі қаппайтыны, қапқан күнде бірінің тісі екіншіге батпайтыны - осының айғағы.

1953 жылы туылғандар арасындада осынау қағиданың нықтап орныққаны - белгілі құбылыс. Жылан жылы туылғандықтан табиғи заңдылыққа сәйкес «ыс» еткендерімен, артынан ордалық дәйектік бәрін жуып-шайып, мамыражай тіршілік мәйегін жайып қоя беруге жақ тұратыны - жылдастардың мүдделік ортақтыққа, көзқарастық ымырашылдыққа тәуелділік ыңғайынан, әрине.

Солай дей тұрғанмен Марат екеуімізді табыстырған өнерге деген іңкәрлік рухани болмысымыздың жақындығы деп түсінемін. Әсіресе Мараттың ақынжандылығы, оның әнге деген ерекше құмарлығы біздің аралық қарым-қатынасымызды нықтап кеткені белгілі.

Ол кезде Марат құрдас Бұрма кеңшарының директоры лауазымында жүрген. Таныстық-білістігіміз енді ғана қалыптасып қалған шама. Бір күні ол жары Дәмешпен бірге біздің үйге келе қалды. Қашанғы жадыраңқы қалпы. Әзілге тиек тағып, ортамызды думанға бөлеп жіберді.

Алдымызга шай келгенде, негізгі бұйымтайын айтқан жоқ. Қыдырыстап жүрген адамның кейпін таныта, әрненің басын шала бірауық отырды. Тек үлкен дәм алдымызға жеткенде:

- «Айран сұрай келіп, шелегінді жасырма» деген ғой, өзіңе аздаған қолқам бар еді, меселімді қайтармассың, - деді өзімсіне.

- Құлағым сенде, - деймін тындауға әзірлігімді таныта.

- Бірақ құп алуға уәде берсең ғана айтамын, келістік пе?

- Қуырдақты дастарханға қоймай жатып же демес болар. ..

Өз әдісін өзіне қолдана марқайдым. Бұл - бір жағынан, менің де сөз білетінімді дәлелдеген кейіпім.

Мынаны естігенде Марат жымыды. Әлдене айтпаққа бекінгендегі жұмбақ жымыысы.

Ол көп күттірмеді:

-Саған да тіл бітейін деген бе, құрдас?-деп әлқиссасын қайырды да, әріде шоқытып ала жөнелуге бекінгендей қомдана берді.

Дәл сол шамада ойда-жоқта араға Дәмеш кіріксің. Ол күйеуінің алдын орай:

- Той деген - аты ғана, әйтпесе біз үшін бір серуен де. Төрт көзіміз түгел барып қайтайық. Бұл да болса - бір қызық, - деді біздерді мәмілеге шақыра.

- Дәмеш айтса, сөз басқа, - деп енді мен елпілдей қалдым. Өйткені Мараттың бері бағыттар әзіл астарында салмақ жататыны белгілі еді.

Ойда-жоқта шешілген мәселе үшін бір кісідей алдымыздағы ыдыстан дәм ауыз тидік. Сонымен уәде байласып, артынан Жезқазған қаласына тартып отырдық.

Той ойдағыдай өтті. Ән де салдық, әзіл-қалжыңның да көрігін қыздырып бақтық. Бөрібай ағамыз ризалығын танытты. Сөйтіп, абыройға бөленіп қайттық.

-Шынында мынау өзі бір ұмытылмас сайран болды-ау,- дейді Марат қайтар жолда көтеріле сөйлеп. - Саған барғаным жөн болған екен, әйтпесе көмірлі қалада көмірдің шаңын жұтып жүрер едің жетім баладай жүдеп. Солай емес пе, ә?

- Әрине, бір мезет жүріп-тұрғанға не жетсін. Сөйткенмен Бөрібай ағамызға өзім де барар едім, біреудің көлігіне жармассам да.

Марат бар денесімен бұрыла көзін сығырайтты. Бұл - «жаңа шабуылға» бекінген түрі.

- Әй, шөткебас, менің мына қарекетім сен кім көрінгеннің шаужайына жармаспасын, сөйтіп қадірін жоғалтпасын деген ниетімнен ғой. Осы жақсылығымды білмегенің бе?

Мойындағаным абзал. Әйтпесе ұзын жолдың аяғына жетер басыма пәле тілеп алуым ғажап емес.

- Оған сөз бар ма? - дедім ығына жығыла. - Директор деген лауазымың бар, ендеше, елге қызмет жасауға міндеттісің. Сол

елдің біз де бір бөлшегіміз. Олай болса, көлігіңнің бір терін қиғаныңа рахмет, әрине.

Ол оқыстан дүр сілкініп қалды.

- Мен мынаны сөзбен тұқыртамын ба десем, мынау бас беретін емес қой. Әй, бір тоқтап аяқ суытып алайықшы. Бәлкім, сонда арыны басылар құрдастың. Әрідегіні тағы да көре жатармыз сонсын...

Шіркін, ол да ұмытылмас кезең екен-ау! Емен-жарқын әңгімеге желі тартып, етек-женді жимай жөппелдемеде жолға шығу әдет болатын. Жолдастар бірінен соң бірі салырылысып жататын сондай уақыттың келмеске кеткені өкінішті-ақ. Бірақ санада жаңғырығар сол шаманың жылуымен өле-өлгенше жылынатынымыз - және ақиқат. Шау тарта бастағанымызды мойындағандығымыздан.

Қайран, Марат құрдас, шау тартудың не екенін білмей кетті ғой. Алпыс деген асуға ілікпей бақилық атанды. Арамызда жүре тұрса да болатын еді. Амал нешік, Алланың жазуына араша тұрарлық қауқар таппайтынымызды түсінеміз біз, түсінеміз де шындықты шындықтай қабылдауға ғана мәжбүрміз.

Тіршілік дегенің тұнып тұрған дүрмек екені баршаға мәлім. Осы дүрмекке іліккен адамзат баласы бар ғұмырында алашапқынға алқынысын жайып, асар мен жасардың шаңытпасына алдана күндерін өткізетіні және аян. Дегенмен алданыш үстінде алаңғасарлыққа орын қалдырмай, салмақтылық пен салиқалықтың көкжиегін ашатындар да баршылық. Мен Маратты осы соңы қатардағылар тобына жатқызар едім. Бұлай болатыны - құрдасым саналы тіршілігінде өзі үшін ғана емес, өзгелер үшін де қам жеп өткен-ді. Біреуге көмек қолын созуға асығып тұратыны бұл сөзіме дәйек.

Бірде мынадай оқиға өтті.

Қыстың іші. Бірде бұрқасындатып, бірде шыңылтыр аяз қысып дегендейін ауа райының сан құбылып тұрған сәті.

Жұмыс орнына әлгінде жеткенмін. Енді орныма отыра бергенімде әлдекімдер келіп тұрғанынан хабар алдым. Ауыл жігіттері екен. Былайша керемет танымағаныммен, бір өңірден болғандықтан, жүз таныстығымыз баршылық.

Олар бұйымтайын айта бастады: «...Осындай да осындай... Кезінде Жарықтағы астық қабылдау орнына бәленбай тонна бидай

өткізгенбіз. Орнына мыншама ұн алуға тиісті едік. Әлі күнге сол алашағымызға қол жеткізе алар емеспіз. Мүмкіндігіңіз келсе, осы жағына көмектессеңіз?..»

Мына бұйымтайдың қиындық тудырғаны жасырын емес. Ол жерден ешкімді танымаймын. Танымағаннан кейін кімнің алдына барып, кімге жалынғандайсың?

Бірақ ойлану керек. Мына жігіттерге де оңай еместігі анық. Қыстың көзі қырауда ерігіп жүрмегендері белгілі. Ендеше, мүмкіндік келіп жатса, істерін түбегейлі шешіп берген абзал.

Әрі-сәрі қалыпта отырғанымда, ойыма Мараттың түсс қалғаны. Телефон шалдым. Жағдайды түсіндірдім.

- Келе қал, - деді сөзге келместен.

Жөңкіліп бердік. Мараттың өзі бас бола жүріп бәрін оңынан шешуге ықпал жасады. Ауыл жігіттері алғыстарын айта-айта елге қайтты.

- Ер мойнында қыл арқан шірімес. Мен де бір бұйымтайыңа жарармын, - дедім құрдасқа.

Мына сөзді естігенде ол ақия қарады.

- Не? Сонда мен мәселені қарымта күткеннен істеппін бе? Бұндайынды екінші мәрте естімейін, түсіндің бе?!

Нықтай айтты. Қысылып қалдым.

Ағаттығымды жуып-шаюға оқталғанымда, және қарап тұрмады:

- Сен бүгін менің қонағымсың. Сондықтан қалаға асықпа, - деді өзімсін. - Біраз демалайық. Дәмеш те ендігі қазан-ошағын қамдап жатқан шығар...

- Ол менің келетінімнен хабардар ма еді?

- Әлбетте.

- Ендеше, дәмнен үлкен емеспін, аялдауыма болады.

Ылғи осылай. Марат шаңырағының қазан-ошағы жиналғанын көрген жерім жоқ. Хабарлай бар, хабарсыз ат ізін сал - отта бүлкілдей ет қайнап жатады. Әрине, әйел пысықтығынан, әйелінің қонақжайлылығынан.

Мұны Мараттың өзі де кәдімгідей мойындайтын. Мойындағанынан ғой

- Дәмеш жүргенде, қонақ қамы мені алаңдатпайды. Шақыру міндетін көтеріп тарта беремін. Қалған қамды түгендеп жататын

қосағым, - деуші еді масаттана.

Шынында, еркек - айбар да, әйел - шаңырақтың шырайы ғой. Еркектің қабағымен қазақ отбасы өз ертеңін жоғалтпаса, әйел қабағымен дүние нұрланған. Олай болса, әйелге деген сый әр қашанда ортаймауға тиісті. Кұрдастың жарға деген көңілінен мен осындай құрмет міндетін көретін едім.

Иә, біз осылай құрдастық құтты шақтарды басымыздан өткергенбіз. Аз айт, көп айт, сырлы күндердің сыңғыры көңілімізден өшпек емес. Өшпейтіні және аян. Өйткені өмір көші өткен күндердің қызығымен нұрланса, болашақтың баяндылығымен құнды. Марат арамыздан өткенімен, Құдайға шүкір, оның адал жары, алтын асықтай балалары мен немерелері біздің ортамызда салтанат құруда. Жаратқан ием соларға ғұмыр бұйыртсын!

Абылай ШУЛАНБАЕВ,
құрдасы
Қарағанды қаласы

Жанашыр іні, сырлас дос еді

Маратпен мен ең алғаш 1971 жылы Алматы қаласында Зоветеринарлық институтында танысып, №2 жатаханада бір бөлмеде бірге тұрып, бір тілім нанды бөліп жеп, қызықты студенттік жылдарымызда ағалы-інілі болып кеттік.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін отбасымен жиі араласып, дос болып кеттік. Марат өзім деген адамға астындағы атын, алдындағы асын беретін кең пейіл адам еді, алған бағытынан, алға қойған мақсатынан оңайлықпен қайтпайтын, бір бастаған ісін тындырмай тыным таппайтын азамат еді. Бұлай дейтінім - мен Ақтоғай ауданында кеңшардың бас зоотехнигі, директоры болғанда, аудандық ауылшаруашылық басқармасын басқарғанда, Маратта Шет ауданында кеңшардың бас зоотехнигі, директоры, Ұлытау ауданында екінші хатшы болып қызмет істеген уақыттарында, пікір алысып тұрдық, бір-бірімізбен әзілдесіп отырушы едік, кездесіп қалғанда, қатты құшақтаушы едім, сонда:

«Сүйегімді сындырасың, содан соң нөмірлеп отырасың», деп қалжыңдасушы еді. Мәңгілік өмір жоқ екені баршаға аян өмірден ерте озған қазақтың жас ақындарының бірі Нұрлан Мәуленұлы «Өлінің қамын тірі жер, тірілер бірінің етін бірі жер», - деп айтып кеткендей, біздердің еңдігі міндетіміз - Марат марқұмға дұға бағыштап еске алып жүру. Дегенмен «Орнында бар оңалар» деген даналық бар, түйенің екі өркешіндей, көзінің ағы мен қарасындай болған Азамат пен Саламат, жары Дәмеш ошағын өшірмей балалары мен немерелерінің ақылшысы қамқоршысы болын отыр Мараттың көрмеген қызықтарын солар көрсін деймін.

Мараттың жаны жәннатта, тәні рахатта болсын.

**Сағат Әбдігүлов,
Ақтоғай ауданының зейнеткері**

БАЛАЛЫҚ КҮНДЕР КУӘГЕРІ

Біз бір жылдың төлі, бір мектептің түлегіміз. 1960 жылы бірінші сынып есігін тарыдай болып ашып, 1970 жылы Шу қаласындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектептен таудай болып, арман биігіне қанат қаққан ұрпақпыз. Біз дегенде, мен Кенжегүл, Жұман, Ерхан және басқа да түлектерді айтып отырмын.

Балалықтың балдәурен шағын аталған достар бірге бөлістік. Жайшылықта басқа келмес неше түрлі оқиғаларды да бірге жасастық. Кейіннен бас қосқан жерде соларды тілге тиек етіп, мәз боп отыратынбыз.

Иә, біздер, жылан жылы туылғандар, ұйымшыл едік. Сол ұйымшылдығымыздың қаймағы кейіннен де бұзылмады. Қырық жылдан кейін сыныптастардың Шу қаласындағы орта мектепте қайта кездесуі бұл сөзіме анық дәлел. Сонда бір кездегі өрім жастар бір-біріміздің шау тарта бастағанымызды көріп, өткен уақыттың жүрдектігіне таң қалғанбыз. Бірақ өкінбегенбіз. Өйткені зымыран жылдар алдында шарасыздығымызды мойындай, тағдыр атты алапат күштің ырқына бағыныштылығымызды

түсінгенбіз. Жай ғана түсініп қоймай, ата-әже атанғанымызды айдай әлемге жариялай масаттанғанымыз анық еді.

Мектеп бітірген соң да жолымыз әр қиырға тараған жоқ. Алматыдағы Зооветеринарлық институтта бірге оқыдық. Студенттік өмірдің қызық, қуанышын бірге бөлістік. Ол да бір қайта айналып оралмас күндер екен-ау!

Институт қабырғасында жүргенде жұбымыз жазылмады. Бір бөлмеде әуелгіде Төлепберген Мамытов, Сағат Әбдіғұлов, Арапбек Қадірбаев, Ғаббас Әліповпен бірге тұрушы едім. Ортамыздағы жасы үлкендеулері осылар еді. Ал Серік Қарсыбеков пен Шалқар Оңдыбаевпен болса-болмаса қатарласпыз. Артынан арамызға Марат қосылып, ортамыз толыш қалды. Марат әзіл-қалжыңның нағыз оты еді ғой. Тиіп кетсең, лау етер сол оттан жалын алғандар көп-ті.

Әрине, ол кезде жас едік. Жас болғаннан кейін даналығымыздан гөрі шалалығымыз басымдау түсетін. Қайсыбірін айтқандайсың, төбелесті де көрдік, төмпештеуді де бастан өткердік. Бірақ жігерімізді жасытпадық, намысымызды қолдан бермегеніміз және аян. Мұның өзі ерлікпен пара-пар дүние сияқты көрінгені де жасырын емес.

Бүгінгі биіктен қарасаң, сол кездегі қылықтарымыздың барлығы балалық еркеліктің сарқыншақтары екен. Дегенмен сол сарқыншақтың ұшығын әлі де жоғалтпай келе жатқанымызды мойындағанымыз абзал. Өйткені балалық дегеннің өмір бойы адам жанынан қалмайтын бір асыл дүние екендігі талассыз.

Институтты бітіргеннен кейін Марат Арқа жаққа кетті. Онда абыройлы жүргенін естіп, қуанып отыратынбыз. 1970 жылы мектеп түлектері арасынан бірінші болып орден алғанында, арнайы құттықтағаным да бар. Сонда ол ешқандай асусыз-тасусыз: «Ендігі кезек сендердікі. Сондықтан аянбай еңбек ете біліңдер», - деген еді сөз соңын әзілге бұра.

Және айтып жүруші еді: «Саспаңдар, алпыс жасқа толғанда бәріңнің бастарыңды қоса үлкен той өткіземін. Бірің қалмай келуге тырысыңдар», - деп. Шын көңілімен айтатын. Оған дайындалып та жүргенбіз. Амал нешік, бұл ойын Жаратқан ие көп көргендей.

«Марат қайтыс болыпты» деген хабар біздерді, бала күннен бергі достарын, есеңгіретіп тастағаны сөзсіз. Бұл тосын хабар еді.

Әуелгіде сенбегеніміз анық. Бірақ сен - сенбе шындықтың аты шындық. Сол шындықтың шылауынан әлі шыға алмай жүргеніміз тағы шындық. Оны өлді деуге ауызымыз бармайтын сияқты. Сапарлап кеткендей. Күндердің күнінде жымия ортамызға оралатындай көрінеді де тұрады.

Иә, жақсының аты өлмек емес. Мараттай кең, Мараттай дархан жан - енді бізге естелік. Оның жарына, балаларына қарай тұрып біз қайран доспен қайта жүздескендей күй кешеміз.

Жаның жәннатта болғай!

Жолдас ҚАРСЫБЕКОВ,
бала жастан досы

АТАДАН ҰЛ ТУМАЙДЫ СЕНДЕЙ САБАЗ

Маратпен алғашқы танысуым Ұлытауда 1989 жылы болған екен, оның өзі атақты шертпе күйдің шебері Мұхаметжан Тілеухановтың арқасында Марат пен Дәмештің өмірі жиналмайтын, қонақжай дастарханынан дәм татқан екенмін. Осы бауырластыққа ұласқан ұлы достығымыз, Маркен мына фәни жалғанмен қоштасқанға дейін, бір сәтке де толастаған емес. Жаны жабырқаса, мені шақырып алып ән салғызып, екі-үш күн көңіл шері тарқағанша жібермейтін. Арамызда айтылмайтын әңгіме, тарқамаған шежіре қалмайтын. Ол үшін мына кең байтақ Қазақстанда менен асқан әнші жоқ болатын және оны үлкен мақтанышпен отырған ортасында айтудан жалықпайтын.

- Бұл Секім сал, менің Иманжүсіп атамның арқасында бірнеше пәтер алды, - деп әзілдейтін еді. Таяу арада белгілі жазушы, әйгілі сазгер, ағам Текен Әлжантегі: «Марат туралы Дәмеш пен балалары естелік кітап жаздырғалы жатыр, айтарың бар шығар?»- дегенде есім шығып кетіп, ойланбастан үш күнде дайын болады деп айтып қалсам да, компьютер алдына отырысымен, ол сөзімнің асығыс айтылғанына көзім жетті, өйткені дүниеде өзіңнің туған бауырыңдай сыйлас, құрдасыңдай сырлас болған кең пейілді, жомарт көңілді күні кеше ғана әзілдесіп отырған адал досың

туралы өткен шақпен сөйлеудің азабын бұрын-сонды сезінбеппін...

Ер-азаматтың үш жұрты болады дейді атам қазақ, алайда заман талабы тудырған төртінші жұрты да болады екен, ол ұзақ жылдар бойы қызмет жасап, әке-ана атанған, қимас достар тапқан жері болса керек. Оған Бөрібай Жексембин, Марат Ахметов, Кәрібай Шушиков, Абылай Шуланбаев секілді марқасқа азаматтардың жарқын өмірлері куә. Бұл азаматтар іргеміздегі төскейде малымыз, төсекте басымыз түйіскен Жамбыл облысында дүниеге келгені болмаса, бар саналы ғұмырларын Қарағанды облысында өткізіп, еліміздің экономикасы мен ауылшаруашылығының өркендеуіне, мәдениетінің дамуына сүбелі үлестерін қосқан тұлғалар екендігін халық жақсы біледі. Барлығы да қызмет еткен жерлерінде абыройлы, сыйлы болып, ел алғыстарына бөленіп, алды мемлекетіміздің Өзбекстандағы елшісі дәрежесіне дейін көтерілгендігін айтсақ та жеткілікті. Маркен досым да осы азаматтардың бірегейі еді. Артық айтсам, Алла алдында күпірлік болар, дәм жазып туған елінде облыстық төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы болып, полковник шенінде қызмет атқарып жүргенде де, жиырма шақты жыл жастық шағы өткен Арқаны қимай, ол жақты жерсінбегені де осы ойларымның дәлеліндей. Әр сөзінде Иманжүсіп бабасының:

«Бұғылы мен Тағылы, бүркіт салғам,
Қып-қызыл ұйпалақтап түлкіңді алғам.
Атасу, Ақтау, Ортау, Көктіңкөлі,

Көзімнен бір-бір ұшты дүние жалған», - деген өлеңін айтқызатын. Бөрібайдың кезеңінде Жамбыл облысына Қорабай екеуімізді жылына екі рет шақыртатындығы сол сағыныштары болар-ау деп ойлаймын. Жылжыған жылдар арасында көзінің ағы мен қарасындай Азаматы мен Саламаты Арқадан адал жар сүйіп, шаңырақ көтерді. Дәмеш екеуі немерелерін сүйіп ата, әже бақытына ие болып, оның адам тоймас қызығына бөлене бастаған еді. Маркеннің тұңғыш немересі Айгерімге деген аталық сезімі елден ерекше болушы еді, оның басынан құс ұшырмайтын, айтқаны бәрімізге заң болатын. Айгерім де бұл күнде ақыл тотқатқан, атасының сенімін ақтап оқу озаты, үлгілі оқушы, әжесінің ақылшы-серігі болып өсіп келеді. Алла тағала тек тіл-

көзден сақтағай. Өткенді ой елегінен өткізіп отырсам, бұл күндері өзіндей отырыстың сәнін келтіріп, дер кезінде тауып сөйлейтін шешендігің, бастан сөз асырмас әзілқойлығың, шешімділігің көзімізден бір-бір ұшты, қолда бар алтынның қадірін бағалай алмағанымызды енді ғана сезінгендейміз, досым...

Ортамыздан сен кеткелі, басымыз да қосылмай пышырап кеттік, сөйтсем, достарыңныңда ұйытқысы сен екенсің, Маркен! Менің Астанада өткен 50 жылдық тойымда Жамбылдан арнайы ұшып келіп Бөрібай Биғожаұлының «Құттықтау хатын» тапсырып, кеш соңында жолдас жігіттерді қимай Болат Дүйсенбаев екеуіңнің арнайы шығарып салу дастарханын жайғандарыңды жігіттер осы күнге дейін жыр етеді. Сөйтсем, екеуіңнің айта жүрсін дегендерің екен ғой?! Есік қағып төрімізге 2013 жыл келді, Елбасы халыққа құттықтау жолдады. Неге екенін, есіме Аманжол інімнің:

«Ескі жыл-ай қуанып қарсы алып ек,

Қоштасатын болдық-ау жылап тұрып», - деген өлеңі түсті. Дәмешке қоңырау шалып едім, ұялы телефоны бос емес екен. Ертесіне қайта қоңырау соқтым, өзі көтерді, жаңа жылмен құттықтадым. «Достар хабарласты ма?» - деп едім:

- Е, Секе, несін айтайын, «көзі жоқтың өзі жоқ» дегендей, адал дос пен амал достың арасын енді айырып жатырмын деп күрсінді. Сабырға шақырып, басу айтқан болдым, ал көңіліме ән дүлдүлі Жәнібек Кәрменовтің:

« ...Бәрін де кейін білерсің,
Іс түскенде басыңа.
Күн үшін жүрген қулардың
Бірі де қалмас қасыңда.
Мұңайма көңілім, мұңайма,
Сабыр ет сен де жүрегім.
Бір күні сен де тоқтарсың,
Оны да жақсы білемін.
Бас имей жүрген тағдырға,
Текті де жанның бірі едім.
Адам боп келдім өмірге,
Адам боп өтсем - тілегім.
Бәріңе соны тіледім!» - деген өлеңі келді.

Күні кеше ғана:

- Маркен, қалың қалай? - деп амандығын сұрасам:
- Аралбай сұрағаннан кейін жақсы болып қалдым деуші еді.

Болмаса өзі қоңыру соғып:

- Секім сал, хабарласпай кеттің ғой, аманшылық па?-дегенде:
- Қыпшақ сұрағаннан кейін, жақсы болып калдым, - деп өзінің жауабын қайталасам, балаша мәз болатын. Міне, сол күндерге де зар болып қалдық. Ұялы телефонымдағы МАРКЕН деген есімің әлі сақтаулы тұр, оны, мен тірі тұрғанда, ешкім, ешқашан да өшіре алмайды. Сенің бейнең мәңгі жүрегімізде, Маркен!

Алуан-алуан жүйрік бар,

Әліне қарай шабатын.

Ал өзіндей тектіні,

Мыңнан бірі табатын!

Ел басқарып жасынан,

Еңбегің сіңген халқыңа-ай.

Алланың адал құлы едің,

Пейіште нұрың шалқығай!

**Серік ОСПАНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі,
Мараттың жан досы
Астана қаласы**

Ата бейнесі мәңгілік есімде

Мен Марат атамның інісі - Талғаттың қызымын. Әкемнің әкесі - Кеңшілік ата қайтыс болғаннан кейін, Марат атам бізді өз бауырына алып, ата орнына ата болды.

Неге екенін білмеймін, мені кішкентай күнімде ерекше аялады. Мен де ол кісіні кереметтей жақсы көріп, еркелеуші едім. Балалық сезіммен аңсап сағынып жүретінмін, көлігі есік алдында тоқтап, атам түскенше, тықыршып құшағына енгенше асығып тұрушы едім. Бұрмада өткен балалық шағым мәңгілік есте қалар...

Осындай аузын ашса, жүрегі көрінетін қайран атам, енді бұл дүниеде жоқ дегенге қалай сенесің?.. Ата, сіздің әлі де орындалмағанармаңдарыңыз көп еді ғой. Мен оқуды бітіргеннен кейін, үлкен жолда өзіңіз бағыт бересіз деп ойлаушы едім орныңыз ойсырап қалды, ата.

Ойымды мына бір шумақтармен аяқтағым келеді:

**Кеттің бе, ата, мәңгілік орын таптың да,
Төсегің мамық пейіштен орын таптың ба?
Артыңда қалған ұрпағың аңсап өзіңді,
Есінде сақтар сыр тұнған нұрлы көзіңді.
Асылынан айырылып ах ұрған халық,
Төзімді-ау шіркін, төзімді!**

Ахметова Салтанат Талғатқызы

ҚАЙРАН, СОЛ БІР КҮНДЕР-АЙ...

Қазір бәрі - сағыныш, бүгінде бәрі - өткен шақ.

Кезінде болғанның осыншама алыстап кетерін бұрын қалай байқамағанбыз? Әлде байқасақ та, түбін түбірлемедік пе? Осыған саяды. Өйткені, тіршілік үстінде көп нәрсеге мән бермейтініміз анық. Атар таң мен батар күн аралығын жалғар күйбең соңында онды-солымызды екшемей алға қарай тарта беретініміз - өкініш дегеннің болатынын ұмытқанымыздан. Дәл осы қаппымызда қатарымызың шектеліп бара жатқанына ден қоймайтынымыз біздің нақтылықтан қашқақтап, жалғандыққа иланатынымызды көрсетеді.

Иә, мына жалған дүние шынайылығынан гөрі жалғандығымен жанымызға жақын. Тәттіге алданған бала қалпына кірігуге құмарлығымыз біздің ащы шындықтан да кермегі басымдау өтірікке көп құмарлығымызды айғақтаса керек.

Міне, Марат балдыздың өмірден озғанына да жыл толыпты. Бұл - қайран Маратсыз өткен уақытың біраз жолды еңсергенінің белгісі. Кездескенде арсалаңдап тұрар, әзілін астарлай жеткізе алар оның енді оралмайтынына көңіл жарықтық та әбден сенген уақыт мынау.

Сөйткенмен алаңдай артқа қарайтынымыз жасырын емес. Бір тасадан шыға келердей, елендей соңымызға мойын бұратынымыз жақсының жарқын бейнесін сағынғанымыздан. Амал нешік, бірақ ендігі сағынышымыз - қиял әлемінің пұшпағына жармасумен пара-пар нәрсе. Олай болатыны - ол дүние мен бұл дүниенің қарасы бір-бірімен ешқашан да қиыспаған. Ендеше, өлгеннің оралмағы жоқтығы және айқын.

Мен Мараттың туған жездесімін. Аралас-құраластығымыз тіршілігінде үзілмеген-ді. Бірде ентелеп, енді бірде еркелеп келетін үйге. Және онысы жарасымды болып тұратын.

Осындайда байқағаным - кейде бәрін әдейі істейтіндей көрінетін. Айта жүрсін дегенінен шығар.

Шындығында, айта жүретін әңгіме көп. Қайда бармасын, кіммен кездеспесін, әйтеуір, бір қылығымен, бір сөзімен назарға ілігетін.

Әлі есімде, сәуір айының соңы тұсы еді. Онда кеңшарда еңбек етеміз. Бірде Ғалымжан Құсайынов екеуіміз жер шолып қайтуды ойлап жолға шыққанымыз бар.

Қыс көрпесін жаңа ысырып, жылымықтың енді ғана күш ала бастаған шамасы. Машинаға саздақта журу - күш. Сондықтан ат ерттеуімізге тура келді.

- Ештеңе етпейді, - деп Ғалымжан өзін-өзі жұбатқан болады - Үйреншікті тепең емес пе, қас қарайғанша ораламыз ғой.

Мен де қалыспаймын:

- Аталарымыз айшылық жолда атпен жүруге көндіккенде, бізге мына тұрған жер деген не, тәйірі, көзді ашып-жұмғанша барамыз да қайтамыз...

Деуін дегенмен, машинаға үйренген тақымға ат арқасы қиындау соғатынын екеуіміз де түсінеміз. Түсінеміз де, еріндерімізді жымқырамыз.

Көп айт, аз айт - май шықпайды. Сөздің қысқасы діттеген бағытқа жортып кеткеніміз аян.

Жолай әр түрлі әңгіме желісімен тоған маңына да жеттік -ау Сол жылы қар қалың түскендіктен, тоспаға көңілдегідей су жиналыпты. Мұны көргенде Ғалымжан:

- Бәрекелді, мынау тоқшылық қой! - деп қояды.

- Ел ырысы ғой, - деп оны құптаймын ме. - Биыл берекелі жыл болатын сияқты.

- Соған жазсын!

- Иә, молшылығынан айырмасын!

Өзімізше осылай долбар жасап, енді кері қайтуға жиналғанымызда, мен:

- Жер батпақ, келген ізімізбен қайтайық, - деген едім, Ғалымжан шоршып түссін:

- Айдың-күннің аманында адасамыз деп қорқамысың? Талай шарлаған өлкеміз емес пе, әр бұта, әр түбіріне шейін таныс алқап Ендеше, тікелей салайық. Сөйтсек, әрі жол қысқартамыз, әрі уақыттан ұтамыз.

Ақыры оның айтқанына тоқталып, керіге бет түзедік. Ғалымжан алда, мен арттамын. Ол бірден су табанын кесіп өтуге шешіп, атын тоғанның жиегіне бұрды.

- Аңдағайсың... - деп ескерттім.

Анау тындар емес.

- Шұрқ етпеңіз, - деп марқая жауап қатады. - Мұндайдың әкесін көрген көз жаңылыспас.

Әндем шамада оның астындағы аты әлденеден үрікті ме, бұлтың еткенде, Ғалымжан аунап-ақ кетті. Сол кеткеннен өзі тоғанға күмп түсті. Үсті-басы - малмандай су. Енді қайттік? Ауадан болса-болмаса ызғар табы жоғалмаған шама. Ауырып қалса...

Құдай сақтасын! Пәлесінен аулақ!

Өйтіп-бүйтіп жүріп жағаға шығарып, үстін ауыстыруға кірістім. Өзім қабаттай екі шалбар киген едім, соның бірін Ғалымжанға шешіп бердім. Аяқ киімді қайтпекпіз? Мойындағы шарфты шұлғау сияқты орап, оған да амал тапқандаймыз.

Осылай атына қайта мінгізіп, ауылға қарай салдық дейсің.

Үйге жеткенімізде, Ғалымжанның айтқаны:

- Мынаны Марат естімесін. Естісе, сөзге қаламыз, - болды.

Келіскендей басымды изедім.

Бірақ әр кімде ауыз бар, ауыз болған соң, ішінде сүйексіз тіл болатыны және аян. Біреуден біреу естіп, ақыры Мараттың құлағына әлгі хикая жетіп тыныпты. Күндердің күнінде басымыз қосылған жерде ыржияды.

- Екі Қаракесек тоғанға барамын деп қыстай тобарсыған денелерін біраз сулағанға ұқсайды. Жаз шықпай жатып шомылған қалай екен, ә?

Ғалымжан маған жаман көзімен қарайды, мен төмен қараймын.

Айтқыш еді ғой Маратжан. Түбіттен жүн айырғандай мипаздап жеткізетін айтатын ойын. Маңайындағылар оның осы тілінен сақтанатынын талай байқағанмын. Сақтанғандықтан көзінше артық-ауыс қылыққа бармауға тырысатын.

Қайран, сол күндер, оралар ма қайтадан?

Оралмайтыны - шындық. Оралмақ тұрмақ, енді қарасын да көрсетпес. Өйткені бәрі - өткен шақ. Ал өткеннің қайта айналып соғуы - мүмкін емес жағдай.

Өкінішті, әрине...

Жұмақан АХАНОВ,
жездесі

АЯУЛЫ ДОСЫМЫЗ ЕДІ

Аяулы дос, ардақты әке, сүйкімді ата Мараттың бұл дүниеден өткені туралы суық хабарды естігенде, төбемізден жай түскендей әсерде жүргеніміз жасырын емес. Жүрегіміз жылап, бауырымыз сыздады. Өйткені ол біз үшін, біздің жанұямыз үшін ең жақын да қадірлі адам болатын. Қырық жыл білетін жақын досымыз еді. Біздің бір бірімізбен таныстығымыз студенттік кезден басталған. Онда Дәмеш екеуіміз ЖенПИ-дің студентіміз, Сейтқазы НАРХОЗ-да, ал Мәкең АЗВИ-де оқитын.

Марат пен Дәмеш екеуі алғаш танысып, кейіннен бір-бірімен көңіл қосып, достасып жүрген кезінің куәгеріміз. Сол кездегі аққұба өңді, ашандау келген, аққөңіл жігіт әлі көз алдымызда. Екеуінің үйленуі, алғашқы балалары Азаматтың дүниеге келгенінің куәгері болдық.

ЖенПИ-дің соңғы курсын аяқтап, Мемлекеттік емтиханға дайындалып жүргенімізде Азамат дүниеге келді. Сәбиді өзіміз шомылдырып, жөргегін жуып, Дәмеш емтиханға кеткенде, бағып қалатын едік.

Екінші ұлдары Саламаттың да өмір есігін ашқан күні есімізде. Сол балалардың оқу бітіріп, жетіліп, үйленгенде, үйлену тойларында болып, барлық қуаныштарын бөлісе білдік. Мұның өзі - біздің мына жалған дүниеде сыйласа білгеніміздің айғағы.

Өмір де, уақытта тез өтеді екен. Марат пен Дәмеш оқу бітірген соң Жезқазған облысына қызметке кетті, біз Шуда қалып қызмет атқарып жаттық.

Бір-бірімізден жырақта қаншама жылдар жүрсек те, арамыздағы жылы қарым қатынасымыз бір сәтке де үзілген емес. Қайда, қашан болмасын хабар алысып тұрғанымызға аралас-құраластарымыз куә. Олар өз демалыстарында туған өлке - Шуға келгенде үйде қонақта болады, біз де, олар Жезқазған облысының Бұрма ауылында тұрғанында, барып, талай мәрте қонақта болдық, олардың достарымен танысып, сондай сыйлы азамат екенін көріп, марқайып қайтатынбыз. Мараттың қызметі ауысып, Жамбыл Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы болып отбасымен Таразға көшіп келгенде, немересі Әйгерім үшеуі тұрды.

Міне, осы уақытта аралас-құраластығымыз одан әрмен жиіледі. Мұнда басқа да достарымыз, туыстарымыз көп болса да, Марат пен Дәмешпен кездеспесек, олардың бізге деген көңілдері ерекше болғандықтан, бір-бірімізді аңсап, сағынып Таразға барсақ, ол үйге соқпай қайтпайтынбыз.

Сондайда Мараттың өз немересі Әйгерімді қалай еркелеткенін тек көзбен көрсеңіз ғана сенесіз, Мәкеңе немересі Әйгерім отыр десе - отырады, тұр десе - тұрады, жат десе - жататын еді, айтқанын істететін. Дүкенге бару керек болса, түн ішінде де барып айтқанын алып келетін, үйде тамақтанып немесе теледидар көріп отырса, Әйгерім мойнында отыратын. Мұндайға Мәкең еш ренжімейтін де. Ақ көңілділігі, кішіпейілдігі, әзілінде шек жоқ еді.

Дәмеш екеуімізді «ЖенПИ-дің қыздарының арасынан әбден таңдап, әйелді «удачно» алғанбыз Секең екеуіміз», - деп мәз болып отыратын. Ол үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білетін, қамқоршы бола білетін, адам баласына титтей бір қиянаты жоқ, ақкөңіл, аңқылдаған азамат еді.

Марат өзінің көргенін және естігенін болған оқиғалар негізіне жатқыза айтуға құмар еді. Әзілге сыйдыра әңгімелегенде, ауызымызды аша тыңдайтынбыз. Түрлі анекдоттарды да көп білетін. Танитын азаматтармен кездесе қалғанда, оларға сый-құрмет көрсетіп, міндетті түрде дастарханына шақырып отыратын. Өйткені үйінде Дәмештей жары бар екенін жадында тұтады. Ол барда, есігі ашық, дастарханы мол жаюлы, қабағы жылы, қандай кісіні болсада, күтіп алуға ұялмайтынына сенетін. Дәмеш екеуі отырастарда үнемі Жезқазғанда болған, қызмет атқарған жерлерін, сол кездегі достары туралы әдемі әңгімелер мен анекдоттарды жарыса айтып, достары жазған өлең шумақтарын Дәмеш оқып беріп отыратын.

Ауулы дос, аптал азамат Мараттың келмеске кеткен бейнесі әлі күнге көз алдымызда. Енді досымыз Маратты көрмейтіндігімізге сенбейміз, оның орны, сөзі, күлкісі, келбеті қанаттас достарының жүрегінде мәңгі сақталады.

**Сейтқазы, Қамажай,
достары
Шу қаласы**

АЗАМАТТАРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН!

«Жер қозғалса, қозғалмайтын ағам-ай!»

Туған бауырымның жанына жақын тарта айтқан осы сөзін естімегелі бір жыл өтіпті. Бір жыл. Уақыт неткен жүрдек десеңші Күні кеше ғана арамызда мәре-сәре қалпында жүрген жанның күндердің күнінде жүзін көруге зар болып қалам деген ой - үш ұйықтасам, түсіме кірмеген жағдай. Амал нешік, мұны да көруге жазыпты маған. Маған ғана ма, оны жақсы көрген, одан бүдші да биіктерге шығуын күткен барша тілектес ағайындар мен дос жарандарға бұйырған жазу бұл.

«Жер қозғалса, қозғалмайтын ағам-ай!»

Осы сөзге бар пейілі сыйып тұрушы еді. Інінің ағаға деген шынайы пейілі.

Шынында бір әке, бір анадан тусақ та, Марат екеуіміздің мінезіміз екі бөлек-ті. Ол жеңілдеу жүретін. Тыз етпесі де жоқ емес-ті. Бірдеңеге тез ашуланып, тез басылады. Қайтымының жылдамдығы жібек орамал кепкенше. Сабасына түскен шақты көл-дария. Жақынға да, алысқа да жайылып тастап, қарап отырғаны. Мұндайда аузынан «жоқ» деген сөз шыққан емес. Дүние алақанына сыйып тұрғандай жомарт-ақ. Қолында бардым бәрін шашып тастауға жақ. Сондықтан айналасына адамдар үйірсек. Олар бауырымның дархан жанын шаттыққа бөлеп, дария ғұмырды дүрмек шапағатына бөлей алғаны даусыз.

Иә, мен қазір Мараттың бір ауыз сөзін естуге зармын, Сөйткенмен сағынышымды басар орта тапқаныма қуанамын. Ол - Марат жүрген, Марат сайран күндердің қызығын көрген орта. Бауырыммен бірге болған дос-жаран, бауырымды құрмет тұтқан жалпы халыққа қарай тұрып, Мараттың мына ақзер әлемге бостан-босқа келмегеніне көз жеткіземін. Көз жеткіземін де, бауырымның халық арасындағы мәртебесінің осыншалық зор болғанына тәубе деймін. Бұл - пенде баласының көбіне бұйыра бермейтін бақ. Міне, осынау бақты өз мәнінде ұстай білген менің інім шын бақытты жан екен.

«Жер қозғалса, қозғалмайтын ағам-ай!» деген сөзді Марат жайдан-жай айтпайтын. Жоғарыда бауырым екеуіміздің

мінезіміздің екі бөлек болғанын баян етгім ғой. Соның салдарынан туындаған ой қорытпа - бұл.

Менің мамандығым - дәрігер. Дәрігер болғаннан кейін, ауыр жұмыстан соң тыныққың келеді. Осындайда ширатылған жүйкені босату үшін не оңаша бөлмеде өзіңмен өзің қалғанды, немесе жеңіл-желпі бірдеңемен әуестенуді қалайсың. Сондайда көбіне теледидар көргенді қолайлы санайсың. Онда да кәдімгі балаларға арналған қызықты мультфильмдердің әсері ерекше.

Міне, осы дағды сапарда жүргенде де әдетке айналған ба, Қарағандыға ат басын бұрғанда бауырымның балаларымен кинотеатрларға барып, үйге оралсақ, тағы да теледидарға үңіліп дегендейін отыратыным бар еді. Осыны байқағанда Марат:

- Бір мезет сыртқа шығып серпіліп қайтпайсыз ба? Қала көресіз, елмен кездесесіз, - дейтін жанашырлық таныта.

- Маған мұнда да жаман емес. Балалармен бірге отырған да бір ғажап қой! - деймін мен тоқ көңіл қалпымды сақтай. - Ал елмен шақырған жерлерде де ұшыраса жататыным белгілі.

- Сонда да... Тіпті ыңғайсыз екен, құдды біз төрт қабырғаға қамап қойғандай...

- Ағасын інісі еш уақытта үйге қамамайтынын, ондайға кішінің шамасы жетпейтінін былайғы жұрт жақсы біледі. Сондықтан күйгелектенбе. Қысылма да. Мен өз жағдайымды өзім шешетін адаммын.

Марат шарасыздық таныта басын шайқайды. Сонсын:

- Жер қозғалса, қозғалмайтын ағам-ай! - дейді де, басқа бөлмеге қарай жылыстай береді.

«Елмен шақырған жерлерде ұшыраса жатамыз ғой» деуімнің мәні бар. Іні шаңырағына түссем болды, қонаққа шақырыс көбейеді. Ана жолдасы, мына сыйласы қазанын көтеріп, дастарханын сайлап, күтіп жатқаны. Тіпті, бос уақытқа пәрмен қалдырмайтыны қиынақ. Бірақ дәмнен үлкен емеспін ғой, баруға мәжбүрмін. Талай-талай әңгімелер айтылады онда. Сонымен қатар әркімді осындай отырыс барысында жақсы тануға мұрсат мол.

Сонда байқағаным - бауырымның жолдастары кілең сен тұр, мен атайын деген жігіттер екен. Шетінен қарасаң, көз тояды, көңіл

өседі. Пайымдары да мол. Әңгіме-дүкенге қай-қайсысы да жетік. Мен осыған қатты қуанғанмын.

Мараттың елге қадірі қай дәрежеде екені, ол қайтыс болғанда, анық көрінді. Қайран бауырым «Арқа, Арқа» деп бекерден-бекерге аптықпайды екен. Арқа жұрты оны соңғы сапарға бар құрметімен шығарып салды. Халық нөпірінен айнала қайысты десем, артық айтқандығым емес. Біз, Жамбыл облысынан келгендер, мынадай қара-құрымды көргенде таң қалыстық. Бұл да - Мараттың өз ортасына тастай батып, судай сіңе білгенінің көрінісі. Бүкіл Арқа жұрты арысын жоғалтқандай қайғы жұтып тұрған. Адам тұрмақ, аспан түнеріп, көктемнің ызғары кім-кімді де тітіркендіріп тастаған.

Бауыр денесін қара жер қойнына тапсырған шамада да қорым басы адам аяғынан арылмады. Жас та, кәрі де жүрді қайғымызға ортақтаса, жүздерін мұң басып, жанарларын жас жуып. Олар қимас көңілдің қисынын осылай таныта алды. Қаза салмағын бірге көтеріскен жандардың бәріне рахмет!

Кейінгі жолы, Марат Арқаға көшуге қамданып жүргенде:

- Бұл ойыңнан қайтсаңшы. Осы жақта тұра бергенің жөн сияқты, - деп қарсылық танытқанымда, ол:

- Кіндік қаным тамған өлке - Шу маңы болғанымен, менің негізгі мекенім-Арқа жері. Сондықтан ризалығыңызды бергейсіз. Тынысым тарылмасын десеңіз, разылығыңызды танытқайсыз, деп қиылған.

Сөйтсем, қайран інім өзінің мәңгілік мекеніне асыққан екен ғой. Ақыры қос құлаш жер Арқадан бұйырғанына, Мараттың мына халықтың алдында кетуге бел байлағанына көзім анық жетіп отыр. Топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, Маратжан!

Мен жан иесі ретінде, Мараттың туған ағасы есебінде қайғымызға ортақтасқан барша халыққа алғысымды білдіремін. Мына жалған дүниеде бақ пен бақыт шуағы ғана әрқайсыңызға серік болсын. Қаза қарасы сіздерден аулақ тұрсын, ағайын!

Азаматтарымыз аман болсын!

Аманәлі АХМЕТОВ,
Мараттың туған ағасы

МАЗМҰНЫ

Н.О.Дулатбеков Ел тұтқасы.....	3
I Бөлім. М.Шайкин. Бұла күндерге сағыныш.....	5
II Бөлім. Жадымызда қалған бейне.....	86
Д.Ахметова. Мұң боп тамған тамшылар.....	86
Қ.Медиев. Жаны жайсаң азамат еді.....	95
А.Уәлиев. Сыйлы күндер шуағы.....	99
С.Медеубаев. Ұмытылмас бейне.....	101
Қ.Секиев. Орны тұрар құлазып.....	105
С.Максұт. Арқада есейіп, сый-құрметте ие болған азамат.....	108
М.Рысдәулетов. Дархандығы дара.....	110
К.Шушиков. Сағынышымыз басылмақ емес.....	118
Қ.Есенов. Жақсыға көңілде орын бар.....	122
С.Өскембеков. Алтын көпір еді.....	125
Қ.Ахметов. Жақсыда жаттық жоқ.....	129
Ә.Бәкіров. Ауылдың ақтаңкері.....	132
К.Нақыпов. Сері көңілге дауа жоқ.....	135
Қ.Кемелов. Ондай дос қайда бар?.....	140
А.Шуланбаев. Құрдастың жөні бір басқа.....	145
С.Әбдіғұлов. Жанашыр іні сырлас дос еді	149
Ж.Қарсыбеков. Балалық күндер куәгері.....	150
С.Оспанов. Ағадан ұл тумады сендей сабаз.....	152
С.Ахметова. Ата бейнесі мәңгілік есімде.....	156
Ж.Ақанов. Қайран, сол бір күндер-ай.....	157
Сейітқазы, Қамажай. Аяулы досымыз еді.....	160
А.Ахметов. Азаматтарымыз аман болсын.....	162

Марат ШАЙКИН

РУХЫҢА, ДОСЫМ, БАС ИЕМІН (естелік-эссе)

Бас редакторы Нұржігітова М.М.
Редактор Букеева Л.Б.
Техникалық редакторлары
Борамбаева М.Н. Жағалбайлы Г.А.

Басуға 12.03.2013ж. қол қойылды. Пішімі 60х84/16. Көлемі 10,3 б.т.
Таралымы 250 дана. Әріп түрі «TIMTS»
Офсеттік қағаз. Ризографиялық басылыс.
«Болашақ-Баспа» редакциялық-баспа
бөлімінде басылып шығарылды
Қарағанды қ., Ерубәев көш., 16